

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК**

**«Педагогика ғылымдары» сериясы**

**Серия «Педагогические науки»**

**№4(36), 2012 ж.**

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

## ХАБАРШЫ

«Педагогика ғылымдары» сериясы,  
№4(36), 2012 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2001 ж. бастап шығады

### Бас редактор:

пед.ғ.д., проф. Т.Баймолдаев

### Бас редактордың орынбасары:

пед.ғ.к., доцент С.Г. Тажбаева

### Редакция алқасы:

пед.ғ.д., проф. Г.П. Новикова  
(Ресей),

пед.ғ.д., проф. С.М. Кенесбаев,

пед.ғ.д., проф., Е.С. Ибышев,

пед.ғ.д., проф. Г.Т. Хайруллин,

пед.ғ.д., проф. В.В. Трифонов,

пед.ғ.д., проф., Б.У. Сманов,

психол.ғ.д., проф. О.С. Сангилбаев,

пед.ғ.д., проф. У.М. Абдиганбарова,

пед.ғ.д., проф. К.Б. Болеев,

пед.ғ.д., проф. Ш.М. Майгельдиева,

пед.ғ.д., проф. К.Т. Беркимбаев,

пед.ғ.д., проф. А.Н. Кошербаева,

пед.ғ.д., доц.м.а. Г.С. Саудабаева

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2012

Қазақстан Республикасының мәдениет  
және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген  
№10104-Ж

Басуға 20.12.2012 қол қойылды.

Таралымы 300 дана.

Көлемі 14,25 е.б.т.

Пішімі 60x84 1/8. Тапсырыс 424

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті «Ұлагат»  
баспасының баспаханасында басылды

## М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

Пірәлиев С.Ж., Ермағанбетов М.Е., Намазбаева Ж.И.,  
Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Қалиева С.И.,  
Берікханова А.Е., Нарикбаева Л.М. Қазақстан  
республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың  
интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы..... 3

### ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Баймолдаев Т.М. Қазақстандық педагогика ғылымының  
ғалымы..... 13

Хайруллин Г.Т. Социальная модернизация Казахстана и  
образование..... 15

Ибышев Е.С. Дистанционно-кредитная технология обучения:  
сущностные характеристики..... 18

Омаров Қ.М. Туристік өлкетану жұмыстарындағы ұлттық  
ойын – ұлт болашағы..... 23

Сангилбаев О.С., Сангилбаева А.О. К проблеме взаимосвязи  
профессионального воспитания и самовоспитания будущих  
педагогов..... 25

Рысбаева Г.Қ. Тұрақты тіркестердің халық өмірімен  
байланыстылығы..... 29

Қуаналиева М.А., Нураунова А.А. Өзін-өзі танытатын  
тұлғаның кикілжінді жағдаяттарды шешу тәсілдері..... 34

Кулекенова Ж.Г. The development of communicative  
competence – the goal of teaching a foreign language..... 37

Капанова Б.К., Джамилова С.М., Макеева А. Мемлекеттерде  
дәстүрлі пәндерді экологияландырудың кейбір моделі..... 40

Ерназарова А.С. Болон (12 жылдық) жүйесін қабылдау  
кезіндегі музыкалық білімге қойылатын жаңа талаптар..... 42

Рахышова А.С. Жазудың психофизиологиялық сипаттамасы.. 44

Алимбекова Г.Б., Калышева А.М. Болашақ мамандарға  
кәсіптік білім берудің педагогикалық және дидактикалық  
негіздері..... 45

#### ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕП

#### ВЫСШАЯ ШКОЛА

Мардахаев Л.В. Личность и авторитет преподавателя  
социокультурной среды ВУЗа..... 50

Трифонов В.В. Проблемы повышения качества научно-  
педагогических исследований..... 54

Ержанова А.Е., Абеуова Ш.К. Философско-мировоззренческий  
и логико-методологический статус понятия пространства..... 62

Асылханова М.А. Дарындылықтың психологиялық  
ерекшеліктері..... 64

Талдыбаева А.К., Нукеева Л.У. Білім мен тәрбиенің  
біртұтастығы..... 68

Тажбаева С.Г. Управление воспитательным процессом во  
внутришкольной деятельности ВУЗа..... 71

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**ВЕСТНИК**

Серия

«Педагогические науки»,  
№4(36), 2012 г.

Периодичность – 4 номера в год.  
Выходит с 2001 года.

**Главный редактор:**

д.п.н., проф. Т.М. Баймолдаев

**Зам. главного редактора:**

к.п.н., доцент С.Г. Тажбаева

**Редакционная коллегия:**

д.п.н., проф. Г.П. Новикова,  
(Россия),

д.п.н., проф. С.М. Кенесбаев,

д.п.н., проф. Е.С. Ибышев,

д.п.н., проф. Г.Т. Хайруллин,

д.п.н., проф. В.В. Трифонов,

д.п.н., проф. Б.У. Сманов,

д.психол.н., проф. О.С. Сангилбаев,

д.п.н., проф. У.М. Абдигалбарова,

д.п.н., проф. К.Б. Болеев,

д.п.н., проф. Ш.М. Майгельдиева,

д.п.н., проф. К.Т. Беркимбаев,

д.п.н., проф. А.Н. Кошербаева,

д.п.н., и.о. доцента Г.С. Саудабаева

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2012

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10104-Ж

Подписано в печать 20.12.2012.

Формат 60x84 1/8.

Объем 14,25 уч.-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 424

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального педагогического университета им. Абая

|   |    |
|---|----|
| Демеуов Ж.Д., Жаксыбаев М.Б., Сексенова Д.У., Саимова Р.У., Майматаева Ә.Д. Омыртқалылар зоологиясы бойынша экскурсиялық материалдарды студенттерге тереңдетіп таныстыру жолдары..... | 75 |
| Өзбекова Ж.Т., Қайнарбаева А.Ж. Қазіргі өсімдіктердің экологиялық жағдайы.....  | 77 |
| Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е. Жоғары оқу орындарында тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамытудың негізгі факторлары.....  | 80 |
| Ағыбай Қ.Е. Болашақ маманның инновациялық тұлғасын қалыптастыру.....  | 84 |

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП**

**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА**

|  |     |
|--|-----|
| Ғаббасов С-Х. Ұлт тағдыры – ұрпақ тәрбиесінде.....   | 87  |
| Оразалинова Р.Ж., Сраилова Г.М. Жеке тұлға – шығармашылық ортада шыңдалады.....  | 89  |
| Yousif B.Babanli, Dilgam G.Gouliyev The rules of the formation of program materials in the organization and carried out of physical training in general induction schools..... | 92  |
| Мухамеджанов К. Выявление некоторых причин и условий, влияющих на процесс обучения трудных подростков в общеобразовательной школе.....   | 97  |
| Тагиев Ш.Ш. Теоретические и педагогические основы воспитания подростков в духе идеологии Азербайджанства....   | 101 |
| Мырзаханова С. Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жолдары.....  | 106 |
| Үсен Б. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығы – педагогикалық проблема ретінде.....   | 109 |
| Функционалдық сауаттылықты дамыту – мұғалімнің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негізі.....   | 112 |

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по педагогическим наукам.

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2003 жылғы 26 маусым №433-3ж бұйрығы) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Педагогика ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҰЛТТЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

С.Ж. Пірәлиев, М.Е. Ермағанбетов, Ж.И. Намазбаева, Ф.Ш. Оразбаева, С.Т. Иманбаева,  
Н.Н. Хан, С.И. Қалиева, А.Е. Берікханова, Л.М. Нарикбаева

Тұжырымдама «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік жобаны іске асыру мақсатында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті ректорының гранты бойынша «Жоғары оқу орны жағдайында ұлттың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру» атты ғылыми жоба шеңберінде дайындалды.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдары мен іске асыру шарттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Тұжырымдамада ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытудың тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастығын күшейту негізінде ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтарды дамыту мен қалыптастырудың стратегиялық бағыттары анықталған.

«Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік жобасында ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім жүйесімен кіріктіру, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы, ақпараттандыру технологиясы, негізгі халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту стратегиялық бағыт болып отыр.

Тұжырымдаманың нормативтік-құқықтық базасын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Ғылым туралы» Заңдары, «Қазақстан-2030» даму стратегиясы, «Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарына арналған индустриалды-инновациялық стратегиясы», «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы құрайды.

Қазақстанның экономикалық өркендеуінің, саяси және индустриалды-инновациялық дамуының маңызды ресурсы адами капитал құндылығымен өзектелінеді. Ұлттың әлеуеттік капиталы мемлекеттің әлемдік экономикалық және әлеуметтік кеңістікте бәсекеге қабілеттілігінің анықтаушы факторы болып табылады. Оның мәні еліміздің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жаңа білімдерді игеруге негіз болатын тұлғаның шығармашылық қабілеттері және кәсіби-мамандық, біліктілік деңгейлері арқылы ашылады.

Қазіргі қоғам ақылды, құзіретті, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, қоғамның мүшелерімен өзара қарым-қатынаста өзінің зияткерлік іс-әрекетін басқара алатын тұлғаға мұқтаж. Мұндай тұлғаның даму мәселесі Қазақстан саясатының басымды бағытына жатқызылады. Осыған байланысты ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру мен басқару стратегиясына деген талаптарға аса мән беріліп отыр.

Интеллектуалды әлеует – интеллектуалды іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым және бұл феномен, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады.

Қазіргі заманғы білім беру мекемелерінде білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту педагогикалық ұжым үшін жүйетүзуші міндет болып табылмай, қажетті нәтиже бермей, спонтандық түрде (ішкі себептермен пайда болған, сыртқы әсерден болмаған) жүзеге асырылуда.

Сондықтан білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін мақсатты қалыптастыру республикадағы үздіксіз білім беру модернизациясының негізгі міндеттерінің бірі болуы қажет. Оның дамуындағы сұранысқа қарамастан, бүгінгі күнге дейін ғылыми әдебиеттерде осы іс-әрекеттің стратегиясы мен тактикасын негіздеуге мүмкіндік беретін нақты тұжырымдама болмаған.

Бұл тұжырымдаманың мазмұны Қазақстан Республикасының барлық білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттермен тығыз байланысты (ҚР «Білім туралы» Заңы, 11-бап):

– ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

– жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен

салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

– азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

– белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

– отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту.

Қоғамды интеллектуалдандыру үдерісі жалпылық сипатқа ие, сондықтан Тұжырымдамада ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға бағыттайтын вектор осы мәселені үздіксіз білім беру жүйесіндегі білімалушылардың жеке тұлғасынан бастап қоғамдағы өзінің интеллектуалды әлеуетін ұдайы өндіруге дейін тұтастықта қарастыру болып табылады. Тұжырымдама интеллектуалды ұлт оның өкілдерінің интеллектуалды әлеуетінің жиынтығы, қоғамның интеллектуалды әлеуетінде оның субъектілерінің интеллектуалды белсенділігінің көптүрлілігі байқалады деген ұстанымды қамтып көрсетеді. Демек, Тұжырымдама интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастырудың негізгі тұғырларын анықтайды.

Тұжырымдама төмендегі қағидаларда негізделеді:

– интеллектуалды ұлтты қалыптастыру тұтас алғанда, қоғамның анықталған стратегиялық мақсаты ретінде оған жету үшін үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерінде білім беру кеңістігі субъектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, концептуалды тұғырларды қабылдау қажет деп ұғынылуы тиіс;

– интеллектуалды әлеует өзінің табиғилығы жағынан биоәлеуметтік және бірқатар ғылымдар, соның ішінде психологиялық-педагогикалық зерттеулердің пәні болып табылады. Оның қалыптасу және даму үдерісі басқару объектісі ретінде қызмет атқарады;

– білімалушының интеллектуалды дамыған тұлғасы (БИДТ) интеллектуалды ұлттың өкілі, жоғары интеллектуалды қабілеттерді меңгерген ғана емес, түйінді құзыреттіліктері және жалпы мәдениеті, патриотизмі, азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелі идеалы ретінде түсіндіріледі;

– интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыру үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерін қамтитын сабақтастық қағидасына негізделген жүйеден тұрады;

– интеллектуалды дамыған тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыру міндеттерін бірлікте шешетін тұтас оқу-тәрбие үдерісі білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін (БТИӨ) дамыту мен тәрбиелеу құралы болып табылады;

– тұлғаның интеллектуалды қабілеттерінің дамуына іс-әрекеттің барлық түрлері әсер етеді, бірақ танымдық іс-әрекет басымдылық көрсетеді;

– білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың табыстылығы қайта құруды, білімділік-тәрбиелік ортаны жаңартуды, оның жаңа сапалы деңгейге шығуын анықтайтын білім беру үдерісі субъектілерінің жағымды әлеуметтенуімен байланысты;

– интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыру тұтас үдеріс ретінде интеллектуалды күштің, қабілеттің, рухани-адамгершілік сапаның, ұлттық сананы тәрбиелеудің, өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге талпынудың үйлесімді бірлігінің дамуынан тұрады.

Тұжырымдама білім беру жүйесінің педагогикалық ұжымына, қоғамдық ұйымдарға, әдістемелік орталықтарға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, педагогикалық кадрларды дайындау, біліктілігін көтеру және қайта даярлау мекемелеріне арналған.

### **Тұжырымдама құрылымы:**

#### **I. Кіріспе.**

#### **II. Тұжырымдаманың мақсаты.**

**III.** Қазақстан Республикасы білімалушыларының интеллектуалды дамыған тұлғасын дамытудың мақсаты мен міндеттері.

**IV.** Үздіксіз білім беру жүйесінде білімалушылардың интеллектуалды дамыған тұлғасын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері:

1. БТИӨ дамытудың әдіснамалық негіздері.
2. БТИӨ дамытудың қағидалары.

3. Негізгі ұғымдар мен интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы.

**V. Үздіксіз білім беру жүйесінде білімалушылардың интеллектуалды дамыған тұлғасын дамытудың негізгі шарттары мен ресурстық қамтамасыздандырылуы:**

1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыздандырылуы.

2. Ғылыми-зерттеушілік және әдістемелік қамтамасыздандырылуы.

3. БТИӘ дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары мен инновациялық-технологиялық қамтамасыздандырылуы.

4. БТИӘ дамытуды басқару бойынша кадрлар әлеуетін жетілдіру.

5. Материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы.

**VI. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың басты кезеңдері.**

**VII. Күтілетін нәтижелер.**

**VIII. Қорытынды.**

## **II. Тұжырымдаманың мақсаты**

Тұжырымдаманың мақсаты: Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың ғылыми-практикалық негіздерін дайындау.

**III. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың мақсаты мен міндеттері**

Мақсаты: тұлғаның интеллектуалды әлеуетін ғылыми негіздеу және үздіксіз білім беру жағдайында оны қалыптастыру үшін шарттар кешенін анықтау.

Міндеттері:

1. БТИӘ дамытудың және қалыптастырудың теориялық негіздерін жасау.

2. Білімалушылардың интеллектуалды дамыған тұлғасына сипаттама беру.

3. БТИӘ дамытудың және қалыптастырудың шарттарын айқындау.

4. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі кезеңдерін анықтау.

## **IV. Интеллектуалды дамыған тұлғаны дамытудың ғылыми-теориялық негіздері**

**4.1. Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту мен қалыптастыру оның стратегиялық бағыттылығын айқындайтын жетекші идеяларды, тұрғыларды (тәсілдерді), теориялық негіздері мен қағидаларын анықтауды талап етеді. Олар интеллектуалды ұлттың негізі – адам капиталын дамытуға бағыттайтын қазақстандық қоғамның модернизация идеясына, білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес келуі тиіс. Сондықтан әдіснамалық негізін тұлға, іс-әрекет, таным, басқару теорияларының философиялық және психологиялық заңдылықтары; жүйелілік, интегративтілік, кешенділік, субъектілі – іс-әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық тұғырлар құрайды.**

Сондай-ақ ақыл-ойды дамытудың теориялық-практикалық мәселелерін шешуге бағытталған ішкі және сыртқы факторларының бірлігін көрсететін тұғырлар, интеллектінің құрылымдық-деңгейлік теориясы, үздіксіз педагогикалық білім берудің «интеллектуалды әлеует» тұжырымдамасы; біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; педагогикалық жүйе теориясы; әлеуметтік жүйені өздігінен ұйымдастыру теориясы; денсаулық сақтау ортасын құру теориялары бағдар болып танылады.

Философиялық және психологиялық таным теориясы, дидактикалық теориялар (дамыта оқыту, проблемалық оқыту) теориялары, сонымен қатар тұлғаның интеллектуалды саласы танымдық іс-әрекетті меңгерумен тікелей байланысты болғандықтан, психологиялық-педагогикалық қолдау теориясы да ерекше маңызға ие.

Философиялық таным теориясы адамның танымдық іс-әрекетін сипаттайтын жалпылықты зерттейді. Ал психологиялық таным теориясы интеллектінің даму механизмін, танымдық үдерістерін, танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде білімалушылардың интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін ашып көрсетеді.

Әдіснамалық негіз ретінде тұлғалық тұғыр іс-әрекетпен бірлікте төмендегілерге бағдарлайды:

– педагогикалық үдерісте білімалушылардың тұлғалық аспектісін, оның жеке, жас ерекшеліктерін ескеру;

– тұлғаның табиғи, интеллектуалды, шығармашылық әлеуетіне сүйену және оның ашылуы мен іс жүзінде жүзеге асырылуына жағдай жасау;

– білімалушылардың тұлғалық тұтастығының компоненті ретінде адамгершілік санасы мен мінез-құлқын, интеллектінің бірлігін ескеру;

– интеллектуалды әлеуетті дамыту тұлғаны іс-әрекеттің алуан түріне, алдымен танымдық іс-әрекетке қатыстыру үдерісінде жүзеге асырылады.

**Жүйелілік тұрғы** тұлғаның интеллектуалды қабілеттерін, әлеуетін дамыту және осы үдеріске

ықпал ететін барлық факторларды ескеруді қарастырады; зерттелініп отырған феноменді жүйе ретінде қалыптастырудың негізгі шарттарын және т.б. ашып көрсетеді.

**Мәдениеттілік тұрғы** зерттелініп отырған мәселе контекстінде тұлғаның мәдениет әлеміне табысты кірігуін қамтамасыз ететін мәдени құндылықтарды меңгеруге және тасымалдауға жағдай жасауға бағытталған теориялық-әдіснамалық заңдылықтар мен ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар жиынтығын ұсынады.

**Аксиологиялық тұрғы** білімалушылардың сол не басқа оқиғаларды, өзінікі сияқты басқаның да мінез-құлқын бағалау; адамгершілік таңдауды талап ететін жағдаяттан шығуды саналы ұғыну; өзінің әрекетінің салдарын алдын ала көру қабілеттерін сипаттайды. Білімалушылардың іс-әрекет, қарым-қатынас үдерісінде ол үшін өмірлік қажетке, тұлғалық мәнге ие құндылықтарды өзектендіреді.

**Акмеологиялық тұрғы** білімалушылардың интеллектуалды, эмоционалды, ерік-жігерлік, коммуникативті мәдениеттерін дамытуға және моделдеуге әрі ішкі әлеуетін дамытуға, жоғары жетістікке жетуге бағытталған. Бұл тұрғы педагогикалық үдерісті білімалушыларды оқыту мен дамытуда шыңына шығуға, өзін іс жүзінде көрсетуге талпыныс, жетістікке сұраныс сияқты факторларды ескере отырып, ұйымдастыруды құрылымдайды.

**Әдіснамалық тұрғы ретінде психологиялық-педагогикалық қолдау** білімалушылардың жеке мүмкіндіктерін және әлеуетін айқындау, интеллектуалды қабілеттерін дамыту, өзін-өзі дамыту және өзін іс жүзінде көрсетуге көмектесу үшін педагог пен білімалушылар іс-әрекетінде білімділік ортаны құру саласында көрінеді.

**Құзыреттілік тұрғыға** сәйкес білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзыреттіліктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді.

Білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту бойынша педагогтың іс-әрекеті оқу үдерісін құру және оны басқарудың теориялық тұрғылары ашып көрсетілетін базалық ұстанымдарға сүйенуді талап етеді. Бұл контексте ұстанымдар шартты түрде келесі топтарға біріктірілді:

**1. Білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытуға әсер ететін, олардың тұлғалық сипаттамаларын ескеретін ұстанымдар:**

– **Сана мен әрекеттің бірлігі ұстанымы** білімалушылардың танымдық, интеллектуалды және басқа әрекеттерінің өнімділігін, олардың мінез-құлқының тұлғалық-құнды және қоғамдық маңызды формаларын жүзеге асырудағы мүмкіндіктеріне әсерін реттейтін және қамтамасыз ететін ішкі психологиялық тетіктерін түсіндіруге мүмкіндік туғызады.

– **Ізгілік ұстанымы** әрбір жеке тұлғаның құндылығы мен бірегейлігін мойындауға, оған сыйласымды қатынас жасауға назар аударады.

– **Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымы** адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының, өзінің интеллектуалды дамуы мен кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуінің объективті заңдылықтарын көрсетеді.

– **Жеке тұлғаның белсенділік ұстанымы** тұлғаны белсенді субъект (орындаушы, бастамашы (инициатор), үйлестіруші) ретінде қарастырады; индивидтің көкейкесті міндеттерді шешу үшін мотивациясын және ақиқат шындықты қайтадан өндіруге қарым-қатынасын түсінуге мүмкіндік береді.

– **Адам психикасы дамуының психологиялық заңдылықтарын ескеру ұстанымы** (жас және жеке дара ерекшеліктері, жеке тұлғаның әлеуеттік мүмкіндіктері, интеллектінің мотивациялық қажеттілік пен эмоционалды-ерік-жігер саларымен байланысы және т.б.).

– **Рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару ұстанымы** білім беру үдерісіндегі әрбір субъектінің өз әрекетін ұйымдастыруын және өзгелермен қарым-қатынасын қалыптастыруын, өзіндік талдау жасауын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

– **Денсаулық сақтау ұстанымы** білім беру үдерісіндегі (білім беру бағдарламаларының жоспарын жасаудан бастап олардың орындалуын тексеруге дейін) субъектілерге арналған тиімді жүктемелердің бөлінуін қамтамасыз етуді, әрбір адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігін қалыптастыруды, білім беру үдерісіндегі субъектілердің денсаулық мониторингін (физикалық, психологиялық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік) жасауды қарастырады.

– **Өз әрекетін ұйымдастыру ұстанымы** субъектінің өз мүмкіндігінен бастап бірлескен әрекетке дейін және дербестікке қажеттілік сипатына ие болашағын талдауға белсенді қатысуын болжамдайды.

**2. Тұлғаның интеллектуалды даму үдерісіне педагогикалық ықпал (жетекшілік) етуді анықтайтын ұстанымдар:**

– **Жалпыдидактикалық ұстанымдар** ғылымилық, жүйелілік, реттілік, көрнекілік, қол жетімділік, беріктік, оқытудың практикамен байланысы тұлғаның интеллектуалды саласын дамытуға бағытталған, білімді жүйелілікпен меңгеру және оны тәжірибелік сипаттағы міндеттерді шешу үшін қолдану қажеттілігін айқындайды.

– **Оқытудың тәрбиелік және дамытушылық сипаты ұстанымы** білімалушыларда білім мен білікті ғана емес, белгілі бір рухани-адамгершілік және интеллектуалдық қасиет-сапаларды қалыптастыруды, жеке танымдық қабілеттерін дамытуды, олардың өзіндік интеллектуалды-шығармашылық іс-әрекеттерін игеруді көздейді.

– **Бірлескен шығармашылық іс-әрекет ұстанымы** білімалушылардың әрекетіндегі интеллектуалды-шығармашылық бастауына, олардың өзін іс жүзінде интеллектуалды көрсетуіне бағдарланған екі жақты (педагогтар мен оқушылар) міндетті іс-әрекет барысында педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттестігін ойластырады.

– **Проблемалық ұстаным** интеллектуалды саланың өзекті даму деңгейі мен оның дамуының жақын деңгейі арасындағы қарама-қайшылықты шешуге мүмкіндік туғызады. Ол білімалушылардың жеке ақыл-ойы, интеллектісі мен оның тұлғасының дамуы өтетін оқыту үдерісін қалай ұйымдастыру және жүзеге асыру керек деген мәселенің жауабымен байланысты.

– **Мәдениеттілік ұстанымының** қазіргі заманғы анықтамасы тәрбие мен білім берудің мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуі және этникалық әрі ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, құрылуы тиістігін көрсетеді. Бұл тұрғы білімалушылардың интеллектісін қазіргі әлемнің, мемлекеттің, қоғамның жалпы құндылық-мәнділік басымдылығында дамытуға, мәдениеттің алуан түрлі пластасына адамды қатыстыру міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

– **Саналылық және шығармашылық белсенділік ұстанымы** оқушы танымдық белсенділік көрсетіп, іс-әрекеттің субъектісі болған жағдайда, білімалушыларды оқытудың тиімді болатындығын көрсетеді. Яғни оқушы үйренудің, оқудың мақсатын саналы түсінеді, өзінің жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, интеллектуалды-шығармашылық саланың дамуына ықпал ететін мәселені қоя біледі және оқу әрекетінің вариативті жағдаяттарында оны шешу тәсілдерін іздестіре алады.

### **3. Тұлғаның интеллектуалды даму үдерісін басқару аспектісін ескеретін ұстанымдар:**

– Білім беру ортасындағы адамзаттық ресурстарды **ғылыми басқару ұстанымы** психогенетика, психология мен педагогика, психофизиология және қабілет, интеллект, шығармашылық психологиясының заңдылықтарына шоғырланған басқарудың қазіргі заманғы теорияларының жетістіктеріне сүйенуді талап етеді.

– **Жүйелілік және тұтастық ұстанымы** ҚР үздіксіз білім беру жүйесінде әрбір тұлғаның интеллектуалды даму жүйесін құруды қарастырады.

– **Үздіксіздік ұстанымы** үздіксіз бірізді, кезеңді динамикалық үдеріс (мотивациядан бастап нақты интеллектуалды-шығармашылық белсенді іс-әрекетті қалыптастыруға дейін) ретінде БТИӨ қалыптастыратын іс-әрекетті анықтайды және БИТ қалыптастырудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ететін білім берудің барлық деңгейлерінде оқыту кезеңдерін қамтиды.

– **Еңбек нарығының сұранысын және оның тұлғаға қоятын талаптарын ескеру ұстанымы** оның интеллектуалды әлеуетін дамыту үдерісінде қазіргі қоғамның экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне сүйену қажеттілігін көрсетеді.

### **4.2. Негізгі ұғымдар мен интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы.**

Бүгінгі таңда тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту әрбір педагог жұмысының жетекші мақсаты ретінде түсініледі. Осыған байланысты бұл үдерістің әдіснамалық негізін құрайтын негізгі ұғымдарды нақтылау маңызды болып табылады. Төмендегі ұғымдардың анықтамасы гносеологияның негізгі ережелеріне, интеллект және танымдық психология теориясына негізделеді. Бұл ұғымдар әрбір педагогтың жұмысында меңгерілуі және қолданылуы тиіс.

Тұжырымдамада білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың мәнін ашып көрсететін негізгі ұғымдарға сипаттама беріледі.

Базалық ұғымдарға қатысты әр түрлі тәсілдер негізінде мынадай анықтамалар қабылданған:

– **Интеллект** (латынша *intellectus* – ақыл, ақыл-парасат, ес, түсінік, таным-ойлау қызметінің жоғарғы типі) – 1) индивидтің ақыл-ой қабілетінің тұрақты құрылымы; 2) белгілі бір мәселені танып-білу және шешуге қатысты және адамның жаңа өмірлік жағдайларға (міндеттерді шешу барысындағы мінез-құлық сипаттарының жинағы ретінде) бейімділігі мен кез келген іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын индивидтің танымдық үдерістердің өзгеретін жүйесінің (ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.б.) және басқа қабілеттерінің негізіндегі жалпы қабілет.



– **Интеллектуалды ұлт** – интеллектуалды тұрғыдан адамгершілік, мәдени қасиеттерді меңгерген, өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт.

– **Интеллектуалды дамыған тұлға** интеллектуалды қабілеттің жоғары деңгейін меңгерген, түйінді құзыреттіліктерді, жалпы мәдениеті, патриотизмі мен азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелік идеалы деп түсіндіріледі.

– **Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуеті (БТИӘ)** – тұлғаны әлеуметтік-белсенді интеллектуалды шығармашылық әрекетке, өзін іс жүзінде көрсетуін және өзін-өзі дамытуын оятатын «туа біткен» және «жүре пайда болған» мүмкіндіктерінің өзектілігін қамтамасыз ететін жеке-психологиялық (алдымен ақыл-ой) және тұлғалық ресурстарының (адамның қабілеттері, оның білімі, білігі, сенімі, бағыттылығы және т.б.) жүйесі.

– **Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту** – бұл тұлғаның интеллектуалды қабілетінің сандық және сапалық дамуын, оның бүкіл өмірі бойында рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру және ары қарай дамыту үдерісі.

– **Білімалушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін (БТИӘ) қалыптастыру** – білім берушілер мен білімалушылардың интеллектуалды білім, білік және қоғамның сұранысына сәйкес құзыреттіліктерін меңгеруі бойынша мақсатқа бағытталған үдерісі.

– **Интеллектінің мәнін сипаттайтын түрлері** – жалпы, әлеуметтік, эмоционалды, тәжірибелік интеллект.

**Интеллектуалды дамыған тұлғаның негізгі сипаттамасы** оның негізгі салаларын сипаттайтын тұлғаның психологиялық теориясына негізделеді: мотивациялық, танымдық, мінез-құлықтық және эмоционалды.

Эмоционалды сала тұлғаның интеллектуалды-адамгершілік дамуы, өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі жетілдіруі нәтижелеріне қанағаттануымен байланысты.

БИДТ негізгі өзегін тұлға интеллектісінің барлық құраушыларының (жалпы, әлеуметтік, тәжірибелік, эмоционалды) даму деңгейі құрайды.

Интеллектінің барлық түрлерін дамыту тұлғаның мотивтерін, қажеттіліктерін, ынта-ниеттерін сәйкес біліммен жабдықтауды, осы білімді тәжірибеде қолдана алу біліктілігін қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан білімалушылардың мәнді нәтижеге қол жеткізуі және одан жағымды әсер алуы маңызды. Интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы өзіне 4-тұлғалық сала бойынша (мотивациялық, танымдық, мінез-құлықтық, эмоционалды) интеллектінің барлық түрлерін енгізеді.

Интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы

|   |  |
|---|--|
| <b>Жалпы интеллект</b> – индивидтің басқа қабілеттері мен танымдық үдерістерінің жүйесі негізіне жататын, ойлау міндеттерін жылдам, нақты шешуде байқалатын өзекті мәселені танып білу мен шешуге қатысты жалпы қабілеттілігі |  |
| Мотивациялық  | Білімалушылар тұлғасының оқу-танымдық іс-әрекетке және танымның басқа түрлеріне сұранысы, қызығушылығы, мотиві   |
| Танымдық  | Ғылым негіздерін білім беру жүйесінің деңгейлеріне сәйкес меңгеруі, өзінің қызығушылығы мен қабілеті негізінде білім алуы, интеллектуалды іс-әрекеттің тәсілдерін (талдау, салыстыру, тұжырымдау, абстракциялау және т.б.) білуі |
| Мінез-құлықтық  | Шығармашылық тұрғыдан интеллектуалды әрекет тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекеттің алуан түрлі саласында міндеттерді қою және шешу, интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыру біліктілігі  |
| Эмоционалды   | Интеллектуалды әрекет үдерісі мен нәтижесінен жағымды әсер алуы  |

|  |   |
|--|---|
| <b>Әлеуметтік интеллект</b> – адамдардың білімдері мен әлеуметтік жағдайларын және оларды әлеуметтік өзара әрекеттесуде шешу дағдысын сұрауға мүмкіндік беретін білім, тұлғалық белгілерінің жоғарылығымен ажыратылатын таным түрі |   |
| Мотивациялық   | Әлеуметтік танымға, әлеуметпен және рефлексиямен әрекеттестікке талпыну   |
| Танымдық   | Әлеуметтік білімдер (адам, қоғамдық тәртіп, қоғамға әрекеттесу және ондағы мәдени мінез-құлық ережелері жайлы білімі)                   |
| Мінез-құлықтық   | Тұлғааралық қарым-қатынасқа адекватты бейімділігі, қарым-қатынас стратегиясын өзінің ісіне, шығармашылыққа бағыттай алуға қабілеттілігі |
| Эмоционалды  | Адаммен, ұжыммен қарым-қатынастан жағымды әсер алуы   |

|   |  |
|---|--|
| <b>Эмоционалды интеллект</b> – эмоциямен берілген ақпараттарды қабылдау, адамдармен нақты қарым-қатынаста ойлану және шешім қабылдау үшін негіз ретінде эмоционалды ақпараттарды пайдалану қабілеті |  |
| Мотивациялық  | Өлемді эмоционалды қабылдауға талпынуы, эмоцияның мәнін және оны басқара білудің маңызын түсінуі |
| Танымдық  | Тұлғаның эмоционалды саласы туралы білімі, эмоционалды кеңістігін ашып көрсететін түсінігі       |
| Мінез-құлықтық  | Эмоцияны түсіну, бақылау, әр түрлі жағдаяттарда қолдану біліктілігі                              |
| Эмоционалды   | Өзінің және қарым-қатынастағы серіктестігінің эмоционалды әрекетіне қанағаттануы                 |

|   |  |
|---|--|
| <b>Тәжірибелік интеллект</b> – тұлғаның тәжірибелік іс-әрекетте оны табысты қолдануға және өзін-өзі дамытудың жеке траекториясын құруға мүмкіндік беретін білім, білік және құзыреттілігінің интегративті сипатын көрсететін тәжірибені жинақтауы |  |
| Мотивациялық  | Интеллектуалды іс-әрекеттегі қызығушылығы мен сұранысы                                       |
| Танымдық  | Тұлғаның өмір тіршілігінің алуан түрлі саласын қамтамасыз ететін білімі                      |
| Мінез-құлықтық  | Жоғары интеллектуалды-шығармашылық деңгейде алуан түрлі іс-әрекетті жүзеге асыру біліктілігі |
| Эмоционалды   | Тұлғаның танымдық және басқа іс-әрекет түрлерінің нәтижесі мен үдерісінен жағымды әсер алуы  |

Интеллектуалды дамыған тұлғаның негізгі сипаттамасын қалыптастыру – үздіксіз білім берудің барлық деңгейіндегі психологиялық-педагогикалық жетекшіліктің (ықпалдың) сапасына байланысты үздіксіз үдеріс.

#### **V. БТИӨ дамуының негізгі шарттары мен ресурстық қамтамасыздандырылуы**

Білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың тиімділігі бірқатар шарттарды қамтамасыздандыру мен сақтауға сәйкес іске асырылуы тиіс.

##### **1. Нормативті-құқықтық қамтамасыздандырылуы**

– үздіксіз білім берудің интеллектуалды компонентін күшейту мақсатында бар нормативті құжаттардың мазмұнына сараптама жүргізу;

– білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту контекстінде білім берудің барлық деңгейлерінің мазмұнын жаңарту (мемлекеттік стандарттар, типтік оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу әдебиеттері);

– 12-жылдық орта білім беруге көшу жағдайында білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытуға бағдарланған кәсіптік білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру, мазмұнын жетілдіру;

– білімалушылардың интеллектуалды тәрбиесімен бірлікте ұлттық санасын, рухани-адамгершілік сапасын дамытуға бағытталған құндылық бағдар, ұсыныстар кешенін ескеру негізінде оқыту үдерісінің тәрбиелік компонентінің нормативтік базасын күшейту;

– білімалушылар тұлғасының интеллектуалды дамуына және оған психологиялық-педагогикалық жетекшілік етуге (ықпал етуге) бағдарланған мамандардың (білім беру саласындағы психологтар және т.б.) іс-әрекеті мен мәртебесін белгілейтін ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттарды дайындау;

– отбасы және қоғам, білім беру саласы субъектілерінің, әлеуметтік-психологиялық қызметкерлер, ұйымдастырушылар іс-әрекеттерін үйлестіру бойынша нұсқаулық (инструкциялық) құжаттар дайындау.

##### **2. БТИӨ дамытуды ғылыми-зерттеушілік және әдістемелік қамтамасыздандыру**

– білім беру үдерісінде білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту бойынша отандық және шетелдік тәжірибені ғылыми талдап қорытындылау;

– интеллектуалды шығармашылық тұлғаны қалыптастыруды психологиялық-педагогикалық қамтамасыздандырудың ғылыми-теориялық негіздерін дайындау;

– тұлғаның және ұлттың интеллектуалды әлеуетін диагностикалау мен қалыптастыруды әлеуметтік-психологиялық қамтамасыздандырудың ғылыми-әдістемелік банкі құру;

– интеллектуалды шығармашыл тұлғаны дамытуға ақпараттық білім берудің ықпалының мәнін ашып көрсету;

– үздіксіз білім беру жүйесінде білімалушылардың интеллектуалды даму деңгейін өлшеудің өлшемдері мен әдістемесін дайындау;

– тұлғаның интеллектуалды шығармашылық әлеуетін дамыту үшін білім беру үдерісі субъектілерінің іс-әрекетін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыздандыруды дайындау;

- интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыру бойынша психодиагностикалық, психокоррекциялық, психопрофилактикалық және дамытушылық бағдарламаларын ғылыми негіздеу және іс-әрекеттік тұрғыдан дайындау;
- білім берудің барлық деңгейлерінде білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту және қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындау;
- интеллектуалды шығармашыл тұлғаның маңызды компоненті ретінде сыни, креативтік, толеранттық ойлауды қалыптастырудың шарттарын анықтау;
- білім берудің барлық саласында білімалушылардың интеллектуалды даму үдерісі мониторингінің негізін дайындау;
- білім беру құрылымы психологтарының кәсіптік іс-әрекетінің кешенді психологиялық-педагогикалық сараптамасын дайындау.

### **3. БТИӘ дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары және инновациялық-технологиялық қамтамасыздандырылуы**

- интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін табиғи дамытуға, ақыл-ой іс-әрекеті тәжірибесін жинақтауға, рухани-адамгершілік сапаны игеруге мүмкіндік беретін педагогикалық үдеріс ретінде білімалушыларды интеллектуалды дамытуды жүзеге асыру;
- педагогикалық үдерісте интеллектуалды дамыған ортаны, тұлғалық-бағдарлық оқу әрекетін, психологиялық-педагогикалық жетекшілікті құру арқылы білімалушылардың интеллектуалды дамуы, өзін-өзі дамытуы;
- педагогикалық үдеріске білімалушылардың ұлттық санасын дамытуға, рухани-адамгершілік тәрбие беруге, жағымды әлеуметтенуге бағдарлайтын оқу курстарын ендіру;
- таным үдерісінде және іс-әрекеттің басқа түрлерінде тұлғаның оқу мотивациясы мен интеллектуалды өсуін нығайту;
- білімалушылардың интеллектуалды-шығармашылық әлеуетінің маңызды компоненті ретінде әрбір тұлғаның функционалды сауаттылықты меңгеруін қамтамасыздандыру;
- білімалушылардың ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін өзектендіру, оларды ғылым, техника, мәдениеттің алуан түрлі саласында зерттеушілік үдеріске қатыстыру үшін жағдай жасау; ғылыми қоғам жұмысы мен ҒЗЖ басқа формалары арқылы зерттеу жобаларына және шығармашылық сабақтарға қатыстыру;
- білім берудің барлық деңгейлерінде, соның ішінде қосымша білім беруде оқыту үдерісінің мазмұндық және технологиялық компоненттерін жетілдіру арқылы білімалушылардың үздіксіз интеллектуалды шығармашылық өзін-өзі дамытуына, интеллектуалды өзін-өзі іс жүзінде көрсетуіне ықпал ету;
- педагогикалық үдерісте тұлғаның интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін дамытудың инновациялық психотехнологиясын дайындау және қолдану;
- білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік, педагогикалық технологияларды (ойлауды қалыптастыру, жобалау, дамыту, проблемалық, бейімдеу сабақтарының технологиясы, ұжымдық шығармашылық іс-әрекет бойынша және т.б.) қолдану;
- білімалушылардың жеке, шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін дарынды балалармен жұмыстар жүйесін жетілдіру;
- тұлғаның интеллектісін, білім беру үдерісі субъектілерінің құзыреттіліктерді меңгеруін, білімдерін үздіксіз жетілдіруін дамыту үшін дистанциондық оқытуды қолдану;
- ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту үшін үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде аудандық, аймақтық, Республикалық интеллектуалды олимпиадалар, конкурстар мен турнирлер, білімалушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру арқылы педагогикалық ынталандыру;
- балалар мен жастарды интеллектуалды дамыту мен тәрбиелеудің барлық аспектілерінің, инновациялық бағдарламасымен бірге ақпараттық-аналитикалық банкін, нақты бағдарламаны жүзеге асыру тәжірибесінің нақты үлгісін, зерттеу нәтижелерін, мониторингін қалыптастыру.

### **4. БТИӘ дамытуды басқару бойынша кадрлар әлеуетін жетілдіру**

- үздіксіз білім беру жүйесінде БТИӘ дамытуға педагогикалық кадрлардың ғылыми-практикалық және әдістемелік дайындағын күшейту;
- білім беру жүйесінде білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту мәселесімен айналысатын басқарушы және педагогикалық кадрларды дайындау мен қайта даярлау мониторингін өткізу;
- білімалушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытуға оқу-тәрбие үдерісінің бағыттылығын

күшейту мақсатында оқытушылар мен мұғалімдердің **біліктілігін арттыратын институт жұмысының мазмұнына түзету енгізу;**

- білім беру саласындағы психологтардың біліктілігін қайта даярлау мен арттыру жүйесін құру;
- БТИӘ дамыту бойынша әлеуметтік институттардың барлық субъектілерінің (психологтар, әлеуметтік педагогтар, мектеп мұғалімдері, ЖОО оқытушылары, ата-аналар және т.б.) өзара қарым-қатынасын психологиялық-педагогикалық қамтамасыздандыру;
- білімалушылардың интеллектуалды құзыреттілігін дамыту бойынша педагогтар іс-әрекетіне ғылыми-әдістемелік жетекшілік ету, қолдау (кәсіби шеберлік байқаулары, педагогикалық тәжірибені талқылау, ғылыми конференция, дөңгелек үстел, пікірталас және т.б.).

#### **5. БТИӘ дамытуды материалды-техникалық қамтамасыздандыру**

- білім беру мекемелерін заманауи электрондық, ақпараттық-коммуникативтік техникамен қамтамасыз ету, интернетпен және т.б жабдықтау;
- балалар, оқушы жастар үшін интеллектуалды-танымдық сайттар құру және қолдау көрсету;
- БТИӘ дамытуды ескере отырып, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне e-learning сандық білім беру ресурстарын ендіру.

#### **VI. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың басты кезеңдері.**

Абай атындағы ҚазҰПУ-де дайындалған «Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы» бұл саладағы алғашқы тәжірибе болып табылады. Тұжырымдаманың мазмұны ары қарай түзету енгізу мүмкіндігімен Республиканың педагогикалық қоғамдастығында кеңінен талқылауды қажет етеді. Авторлар Тұжырымдаманы тәжірибеге ендірудің бірқатар кезеңдерін ұсынады.

Тұжырымдаманы іске асыруда мынадай кезеңдер қарастырылады:

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде тұжырымдаманы бекіту.
2. ҚР-дағы педагогикалық қоғамдастықпен тұжырымдаманы талқылау.
3. Талқылау қорытындысы бойынша тұжырымдамаға түзетулер енгізу.
4. Осы тұжырымдама негізінде ҚР үздіксіз білім берудің барлық деңгейлері үшін ТИӘД жүзеге асырудың жалпы сипатқа ие тұжырымдамасы мен бағдарламасын дайындау.
5. Тұжырымдамаға сәйкес (оны бекіткеннен кейін) үздіксіз білім беру жүйесінің нормативтік құжаттарына түзетулер енгізу, үздіксіз білім беру жүйесінің барлық буындарындағы оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.
6. Үздіксіз білім беру тәжірибесіне Тұжырымдаманы ендіруді материалдық-техникалық қамтамасыздандыру.
7. Үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білімалушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамытуды психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан қолдау бағытында педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру.
8. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі білімалушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту деңгейінің динамикасына ҒЗИ-тары мен ғылыми зертханалар тарапынан мониторинг өткізу және ұлт пен қоғамның интеллектуалдық дамуына болжам жасау.

#### **VII. Тұжырымдаманы жүзеге асыру барысында күтілетін нәтижелер**

«Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасын» жүзеге асыру мына мәселелерді қамтамасыз етуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасының педагогикалық кадрлары тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту мәселесін мемлекеттік, әлеуметтік-білімділік, ғылыми-практикалық мәселе ретінде жете түсінуі.
2. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жағдайында ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың ғылыми-практикалық бағыттарын анықтау.
3. БТИӘ дамытуға бағдарланған нормативтік-құқықтық құжаттарды және білім мазмұнын Тұжырымдамаға сәйкестендіру (мемлекеттік стандарттар, типтік оқу жоспарлары, типтік оқу бағдарламалары, оқу әдебиеттері және т.б.).
4. Үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту Тұжырымдамасын, бағдарламасын дайындау.
5. БТИӘ дамытуға бағытталған білім беру үдерісінің негізгі субъектісі ретінде үздіксіз білім беру жүйесінің педагогикалық қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру.
6. БТИӘ дамыту мақсатында қоғамның әлеуметтік институттары арасында әлеуметтік серіктестікті күшейту.

### **Қорытынды**

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың және оның инновациялық-индустриалды дамуының маңызды шарттарының бірі ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудағы, адамзаттық капиталдағы инвестиция болып табылады. Бұл идеяны жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен дайындалған «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасында белгіленген. Мұндай стратегиялық міндеттерді шешудің нәтижелігі алдыңғы қатарлы озық ғылыми идеялар мен инновациялық креативті педагогикалық технологияның бай арсеналын ендіру қажет болатын, қоғамның интеллектуалды ресурстарының негізгі базасы болып табылатын білім беру жүйесін модернизациялаумен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту Тұжырымдамасының мағыналық негізін ұлттың адамгершілік, психологиялық-физиологиялық саулығы, ұлттық сананың бірлігі, интеллектуалды әлеуетті сақтау, тасымалдау және нығайту идеясы, базалық ұлттық құндылықтар құрайды.

Тұжырымдамада үздіксіз білім беру жүйесінде интеллектуалды дамыған тұлғаны дамытуды қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізі ашып көрсетіледі, әдіснамалық, ғылыми-практикалық тұрғылары мен негізгі ұғымдары анықталады, моделі ұсынылады, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде БИДТ дамытудың негізгі шарттары мен ресурстық қамтамасыздандырылуы белгіленген.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуеті ұғым ретінде іс-әрекет жағдайында байқалатын, тұлғаның тұтастық қасиетін бейнелейтін мынадай сипаттамаларын, адамның психикалық және тұлғалық саласының сипаттамалар жүйесін нақтылы түрде көрсетеді.

Аталған Тұжырымдаманы жүзеге асыру ғылым мен білімнің қарқынды және сапалы дамуына, Халықаралық стандартқа сай келетін және Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне ықпал ететін интеллектуалды ұлтты дамыту мен қалыптастырудың ұлттық жүйесін құруға мүмкіндік туғызады.

Осы тұжырымдаманың базалық ережелерін тәжірибеге енгізу нәтижесінде қоғамдық бедел артады және әлемдік еңбек нарығында мамандарға деген сұраныс күшейеді, Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын құру үшін негізгі бағдар – адамзат әлеуетінің рөлі өседі, бұл өз кезегінде әлемнің бәсекеге қабілетті дамыған 50 елінің қатарына Қазақстанның енуі бойынша стратегиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Республикасында интеллектуалды ұлтты дамыту Тұжырымдамасы Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының жобасын іске асыруға үлес қосатын болады.

### **Резюме**

В данной Концепции сформулированы ведущие идеи, основные теоретико-методологические подходы и принципы формирования интеллектуального потенциала нации в системе непрерывного образования Республики Казахстан. Раскрывается сущность ключевых понятий, виды интеллекта, характеристика интеллектуально развитой личности обучающегося в системе непрерывного образования. Определены условия и ресурсное обеспечение развития интеллектуального потенциала личности обучающегося.

### **Summary**

This concept was formulated by the leading ideas of the basic theoretical and methodological approaches and principles of the nation's intellectual potential in Continuing Education of the Republic of Kazakhstan. The essence of the key concepts, types of intelligence, and intellectual development of the individual characteristics of the student in continuing education. The conditions and the provision of resources for the development of the intellectual potential of the individual student.

## КАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҒАЛЫМЫ

**Т.М. Баймолдаев** – жалпы педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., проф.

Уақыт шіркін дегеніне көндіріп, өзіне бағындырады, бұл жөнінде қазекең «өмір жалған», – деп өз тұжырымын кесіп айтқан.

Лазекеңнің де осы жалған өмірден озғанына жылға жуық уақыт болып қалыпты. «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына із қалдырған», – деп данышпан Абай айтпақшы, өлді деуге қимайтын жандардың бірі, осы Лазекең еді. Өйткені, өмірінде адам баласының көңілін қалдырып, ренжітіп, қызмет үшін таласып, атақ үшін ешкімнің алдына барып көрмеген, біреудің ала жібін аттамаған, жаратқанның бергенін қанағат тұтып, қашанда балаша елпілдеген жан біреу десек, ол Лазекең, – деп батыл айта аламыз. Амал қанша, ортамыздан ерте кетті.

Адамның мінезі мен дүниетанымының қалыптасуына оның туған жері, өсіп-өнген ортасы, уақыт пен заманның әсер ететіні белгілі. Лазар Керімұлының да өсіп жетілуіне, білім алып, дүниетанымының қалыптасуына кіндік қаны тамған Жамбыл жерінің де үлесі бар. Ежелден тоғыз жолдың торабы болған Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Тараз, Құлан, Меркі сынды көне қалалар осы өлкенің тарихи-экономикалық, әлеуметтік жағдайына көп ықпал еткені белгілі. Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда тұрмысы ілгерілеу, сауда саттығы дамыған, табиғаты қолайлы, топырағы құнарлы бұл мекен өмірге талай дарынды ұл қыздарды, талантты тұлғаларды дүниеге әкелді.

Сонау Ж.Баласағұннан бастап Шерхан Мұртаза, Кенен, Сыпатай батыр, Бауыржан Момышұлы сынды талай ойшылдар мен ақындар, батырлар шыққан өлкенің қасиеті Лазар Керімұлының да қалыптасуына өз қолтаңбасын қалдырғаны сөзсіз.

Исследование состояния студенческого самовоспитания показывает, что у многих студентов переход от позиции учащегося на позиции будущего специалиста происходит со значительной задержкой.

По-прежнему вплоть до третьего курса они учатся, «чтобы учиться», сдавать зачеты и экзамены. Они выполняют общественную работу, принимают участие в различных мероприятиях и т.д., чтобы «выполнять», «участвовать», не сознавая и активно не используя возможности своей разносторонней деятельности в целях саморазвития.

Даже после изучения теории педагогики многие еще оказываются незнакомыми с теорией и практикой самовоспитания, с его возможностями в деле профессиональной подготовки специалиста. Надо сказать, что профессиональное самовоспитание означает не только развитие специальных знаний, умений и качеств. Оно предполагает совершенствование многих других, неспецифических для данной профессии, но профессионально значимых качеств личности (нравственно-этических, эстетических, идейно-политических, особенностей психических процессов – эмоциональность, живость воображения) протекает более экономно, если студент уже накопил определенный опыт самовоспитания в школьные годы. К сожалению, таких студентов немного. Поэтому так важно чтобы педагоги ВУЗа поставили во главу угла проблему студенческим самообразованием и самовоспитанием с первого до выпускного курса. Обследование нравственного самовоспитания студентов химико-биологического отделения университета (ХБФ) показало, что практически ни один студент первых-вторых курсов не занимается осознанным воспитанием у себя нравственно-педагогических качеств. Неудивительно поэтому, что, получая лишь крохи информации по проблемам этики, и студент-практикант, и молодой учитель испытывают трудности в ситуациях, когда необходимо совершить выбор нравственно верного варианта поступка.

Анализ нравственных аспектов педагогической деятельности позволяет выделить следующие основные группы нравственно-педагогических качеств учителя:

1. нравственный выбор и отношение учителя к своей профессии;
2. нравственные отношения учителя к учащимся и к другим участникам педагогического процесса;
3. нравственные отношения учителя к социальной среде и общественной жизни.

Выявлено, что нравственные аспекты выбора профессии многими студентами еще не осознаны в должной мере. Нравственные установки по отношению к учащимся не опираются на основательные научные знания, а поэтому ситуативны, неустойчивы и не гарантируют верности поступков. Более того, студенты за редким исключением смутно представляют себе те нравственные функции, которые им придется выполнять в социальной жизни.

Значительные количественные и качественные изменения в состоянии нравственной воспитанности и нравственного самовоспитания студентов, как правило, происходят к концу третьего курса, когда они значительно обогащаются знаниями в области социально-гуманитарных наук и психолого-педагогических дисциплин, а становление студенческого коллектива в основном завершается.

Приведем некоторые данные результатов исследования рассматриваемой проблемы исходя из следующих задач:

- выявить у студентов представления и понятия об основных требованиях педагогической этики к личности учителя;
- выяснить мнения студентов о том, какие именно нравственные качества учителя они считают уже сформированными у себя;
- определить, какое количество студентов занимается воспитанием в себе конкретных нравственно-педагогических качеств;
- выяснить, сформировался ли у них необходимые качества педагога, идеал педагога, имеют ли они примеры образцовой педагогической деятельности для подражания;

- определить, каковы основные побудители к нравственному самовоспитанию у студентов, в том числе влияние ВУЗОВСКИХ педагогов на этот процесс;
- выяснить, как и какими средствами и способами реализуют студенты процесс нравственного самосовершенствования;
- оценить результативность самовоспитания.

Наиболее удовлетворительными оказались представления студентов об основных нравственных качествах учителя.

- на первое место 90% обследованных студентов ставят справедливость и доброжелательность учителя по отношению к учащимся;
- на второе – любовь к детям (указали на нее 84% третьекурсников);
- на третье – любовь к профессии педагога (36% студентов);
- на четвертое – жизнерадостность, веселый нрав и общительность (более 30% опрошенных).

Важным условием возникновения потребности в самовоспитании и его результативности является сформированность в сознании студентов образа идеального педагога. Выяснилось, что чуть более 80% студентов знают конкретных учителей, достойных быть примером для подражания. Примерно такое же количество студентов утверждают, что знают учителей, которых следовало бы отстранить от педагогической работы. Несмотря на рост критического отношения к личности учителя, еще не все студенты «примеривают» моральный облик учителя к себе.

И все же к третьему курсу значительно более критичной становится нравственная самооценка студентов, они чаще подчеркивают недостаточную сформированность у себя необходимых нравственно-педагогических качеств. Лишь 10% третьекурсников утверждают, что обладают хотя бы некоторыми нравственными качествами в достаточной мере. Но, как правило, они уверены в наличии у себя доброты и любви к детям. Некоторые студенты в качестве побудителя к самовоспитанию называют фактор самолюбия, желание быть «не хуже других». Наконец, одним из таких побудителей названа критика личности студента со стороны сокурсников или педагогов.

Что же касается того, какие именно нравственные качества хотят воспитать в себе студенты, то это:

- а) разумная требовательность и нравственная воля, необходимые для руководства воспитанием учащихся (16% студентов);
- б) развитие чувства объективности и справедливости при выставлении оценок и оценочных суждениях об учащихся (12% студентов);
- в) совершенствование отношения к своей профессии (11% студентов).

Не нашлось ни одного студента третьего курса, который бы имел ясную содержательную программу самовоспитания, владел бы оптимальными средствами и способами работы над собой. Думается, что названный факт не нуждается в комментариях.

Вне актуального сознания студентов остаются также нравственные отношения учителя к социальной среде и общественной жизни.

Изучение реальных средств и способов, применяемых студентами в работе над собой, показало, что на первом месте стоит нравственное самообразование, в том числе чтение художественной и научно-популярной литературы по психологии, что свидетельствует о своеобразном просветительском характере самовоспитания студентов. Они стремятся развить у себя установку не совершать аморальных поступков, осуществлять самоконтроль, упражняться в сдержанности, использовать самоубеждение и самовнушение.

У студентов четвертого курса, обогащенных теоретическими знаниями и опытом самопознания и саморегуляции, самовоспитание, казалось бы, должно стать более активным. Однако в нем заметных сдвигов не происходит. Причиной этого, вероятно, является то, что студенты пока далеки от полноценного участия в педагогическом процессе. Формальная связь со школой не актуализирует процесс самовоспитания.

Когда же на последнем курсе студенты включаются в реальный педагогический процесс, реальными становятся и требования к личности. Почти все студенты во время производственной практики так или иначе занимаются самовоспитанием, хотя работа эта протекает чаще всего стихийно, на уровне саморегуляции поведения, устранения мелких недостатков. Студенты и теперь нуждаются в помощи педагогов.

Помощь нужна и в процессе самопознания, и при определении программы самоизменения, и при отборе средств и способов, да и при оценке достигнутого. К сожалению, подобная помощь не предусма-

тривается и редко когда оказывается. Считается, что это нечто сугубо личное, не допускающее постороннего вмешательства, при этом «вмешательством» считается выполнение педагогом одной из основных его воспитательных функций мобилизации активности студента в процессе его же формирования.

Процессы воспитания и самовоспитания студентов органически переплетаются. Самовоспитание скрывает в себе логику процесса формирования качеств личности, представляющую собой ряд последовательных этапов, в соответствии с которыми поднимается уровень воспитанности, совершенствуются мотивы и способы, как поведения личности, так и ее самовоспитательной деятельности [ ].

Как правило, активное профессиональное самовоспитание начинается после того, как студент обстоятельно познакомится с выбранной профессией, с требованиями, которые она предъявляет к учителю, когда разберется в себе самом. Профессиональные требования к личности учителя, будучи осознанными и принятыми студентом, выражаясь языком физиологов, становятся для него своеобразными «нервными моделями», «акцепторами действия». Их главная функция – ориентировать студента в процессе адаптации к профессиональной деятельности и побуждать к целенаправленному формированию своей личности. Это – подготовительный для самовоспитания этап, *этап утверждения* в позиции учителя.

Далее следует *этап программирования изменений в своей личности*. За ним – *этап реальных действий по самоизменению*. На всех этапах возможны различные формы и варианты. Однако если этап реальных действий (а он актуализируется именно во время производственной практики) не будет осознан в достаточной мере, то самовоспитание не приобретет действенного характера. Благодаря осознанности и преднамеренности самовоспитания практические педагогические действия и действия по самоизменению удастся переносить во внутренний план. Работая над собой, студент начинает руководствоваться принципом «если бы...»: «Как бы я поступил, если бы...» Так образуется еще один этап в процессе самовоспитания – *этап речи и воображения*. Благодаря воображению рассуждениям студенту удастся «опередить» предстоящие поступки.

Но и тогда еще нет основания считать, что действия по самовоспитанию составили целостный виток. *Заключительный этап – этап упражнений*, на котором могут образоваться не просто действия, умения и т.д., а нужные качества и свойства личности. Очевидно, что завершение программы самовоспитания произойдет не в ВУЗе, а впервые годы практической работы учителем.

Стабильность процесса студенческого самовоспитания зависит не только и не столько от особенностей возраста и образовательного уровня, сколько от индивидуальных особенностей личности студента, а также от характера воспитательной работы ВУЗа, от того, как удастся вузу сочетать свои воспитательные воздействия со встречной активностью самих студентов.

В идеале следовало бы выработать такую систему мобилизации студента на свое совершенствование, при которой бы он:

- выработывал у себя навыки самонаблюдения и самопознания;
- учился проектировать изменения в своей личности;
- сознательно оказывал на себя воспитательные воздействия, управлял своим поведением, развитием нужных качеств в себе;
- овладевал аутогенной тренировкой и учился управлять своим физическим и психическим состоянием.

А для этого необходимо уже теперь сделать практические шаги к методике проектирования и самопроектирования личности конкретного студента, его развития и формирования с первого до выпускного курса. Установление исходного состояния и определение задач развития личности студента позволит повысить управляемость воспитания и результативность самовоспитания.

Своеобразие самовоспитания студентов порождается, прежде всего, содержанием учебно-воспитательного процесса и уровнем развития у них самостоятельности.

На первом курсе наиболее существенным фактором, влияющим на развитие самостоятельности, является процесс адаптации к условиям обучения и жизни в вузе, выработка привычки заниматься науками по собственным побуждениям, а не под непосредственным контролем педагогов. Постепенно студент осознает зависимость своих успехов в учебе и других видах деятельности от своих же практических усилий.

Ситуация эта способствует самопознанию и самооценке достоинств и недостатков своей личности. Именно первый год обучения в ВУЗе является наиболее благоприятным для вовлечения студентов в процесс самообразования И САМОВОСПИТАНИЯ.

На вторых-третьих курсах студенты начинают изучать психолого-педагогические дисциплины, знакомятся с теорией и практикой обучения и воспитания учащихся. Благодаря непрерывной педагогической практике накапливают первоначальный опыт педагогической работы. Однако уровень их самовоспитания находится в зависимости от педагогической организации дела (уделяют ли педагоги внимание вопросам самовоспитания студентов или ограничиваются контролем и фиксацией проводимых студентами мероприятий, оценкой непосредственных результатов их деятельности). В период педагогической практики большую роль в этом деле играют коллективный анализ проводимых студентами уроков и воспитательных мероприятий, советы руководителей педагогической практики по использованию тех или иных средств и приемов, развивающих определенные педагогические умения или качества личности, а также обучение студентов самоанализу.

Особую роль в профессиональном самовоспитании студентов играет педагогическая практика на старших курсах, когда происходит наиболее всестороннее самоиспытание студентом своих способностей, своей реальной подготовленности к самостоятельной педагогической работе в школе.

Процесс практической подготовки будущего учителя должен быть организован в последовательности, соответствующей закономерностям усвоения знаний и овладения умениями и навыками:

На первом этапе необходимо дать достаточно полную информацию о педагогических умениях, об их содержании и структуре, о тех действиях и навыках, из которых они складываются, о путях и методах овладения ими. Важно, чтобы студент понял, что он может усвоить с помощью лекций, семинарских занятий и других форм учебной работы, а что зависит от него самого, от его способности наблюдать за педагогическими явлениями, от его стремления и активности в саморазвитии. Этот этап должен предварять педагогическую практику, чтобы последняя не превратилась в путь проб и ошибок и чтобы вследствие своей неэффективности не привела к разочарованию в возможностях педагогической деятельности.

Естественным следствием первого этапа, создающего необходимые ориентиры для принятия педагогических решений, является этап В КОТОРОМ ДОЛЖЕН БЫТЬ реализован в самых разных вариантах:

- занятия по анализу педагогических ситуаций;
- по построению моделей педагогического поведения;
- практические педагогические мероприятия, проводимые студентами с детьми, и т.д.

Все эти варианты объединяет одна общая идея – студенту самому необходимо проделать все то, о чем он знает, но практически не исполнял и потому не умеет делать. Умение есть результат соответствующего действия, притом действия того, кто овладевает им. Значит, только адекватное действие – средство овладения умением.

Следует отметить, что ныне действующая система обучения в ВУЗе чаще всего останавливается на первом этапе: дается лишь информация о том, «что есть что» и как надо действовать. Между тем хорошо известно, что знать, как надо действовать, еще не значит уметь так действовать. Лекции, посвященные профессиональным умениям учителя, должны подкрепляться соответствующими практическими занятиями: постановкой голоса, выразительным чтением, обучением компонентам общения и т.д.

Но остановиться на втором этапе – значит остановиться на полпути. Процесс овладения педагогическими умениями требует не только информации о них и соответствующих практических действий, но и всестороннего осмысления общих и типичных, частных и многовариантных проявлений умений, обстоятельного анализа практических действий. Это значит, что за ознакомительной практикой должны следовать семинарские занятия, различные спецкурсы и другие формы обучения. Только тогда появится возможность связать теоретические знания с практикой, усвоить и знания и умения сознательно, с профессиональным прицелом.

Итак, третий этап должен быть прямым предшественником завершающейся педагогической практики, цели которой специфичны: не сызнова начинать овладевать педагогическими знаниями и умениями, а шлифовать последние в непосредственной практической педагогической деятельности, что в значительной степени облегчает период послеВУЗовской профессиональной адаптации.

Педагогическая практика на выпускном курсе представляет собой четвертый, заключительный этап профессионально-педагогической подготовки будущего учителя.

Выделенные этапы имеют свою вторую, субъективную сторону. Каждому из них соответствуют этапы профессионального самообразования и самовоспитания.

На первом накопление опыта, на втором и третьем – самоанализ, осмысление оценка хода и результатов своей практической и самовоспитательной деятельности. На заключительном этапе

«приобретенные знания и умения отрабатываются до уровня автоматизма, превращаются в привычные формы профессионального поведения и самовоспитания.

ВУЗовская практика показывает, что чем точнее соблюдаются описанные выше закономерности, тем более успешно (при прочих равных условиях) осуществляется процесс профессионального становления студента.

### Түйін

Мақалада университеттегі студенттерді тәрбиелеу және олардың өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін зерттеу нәтижелері жан-жақты талқыланып ұсынылды. Аталған мәселе бойынша студенттердің жас ерекшелігіне қарай тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу жайттарының түрліше көрініс беріп, оқытушылар тарапынан көмек көрсетулерін талап ететін күрделі үрдіс екені зерттеу нәтижелерінің негізінде ұсынылды.

### Resume

Problems of upbringing and self upbringing of future pedagoges is analyzed in the article. This problem discussed in view of students age peculiarities and was shown necessity of teacher's support. Results of research shows recommendations of gradual transition of selfupbringing system for student.

## ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ХАЛЫҚ ӨМІРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

**Г.Қ. Рысбаева** – филол.ғ.к., доцент,

ҚазМемҚызПУ-нің шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі

Біз культтік ұғымдарға байланысты туындаған тұрақты тіркестердің табиғатын терең түсінудің бір жолы ретінде оларды топтастыруда ғылымда кең тараған *Адам, Қоғам, Табиғат* деп аталатын классикалық үш тақырып бойынша жіктегенді жөн көрдік. Академик Ә.Т. Қайдар ғылымдағы идеографикалық ұғымдардың бәрін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш үлкен салаға жіктеуді ұсынған [1, 19]. Ғалымның ұсынған үлкен идеографикалық классификациясын басшылыққа ала отырып, «Табиғат» тақырыбына жататын денотат-сөздерді «аспан денелері», «жан-жануарлар», «табиғат құбылысы» деп үш тақырып төңірегінде қарастырып отырмыз. Біз қолда бар материалдарға сүйене отырып, оның үстіне лексика-семантикалық топтардың оқырманға неғұрлым түсіндірірек, нақтырақ болу жағын ескеріп, «жан-жануарлар» деген тақырыптың өзін: 1) Төрт түлік малға қатысты тотемдік ұғымдар; 2) Аңдарға қатысты тотемдік ұғымдар деген тақырыпшаларға бөлдік.

Тіліміздегі тұрақты тіркестердің халық өмірімен байланыстылығын, халықтың ұлттық-мәдени менталитетімен астасып келегінін «төрт түлік малға қатысты тотемдік ұғымдар» төңірегінде қарастырамыз. Жалыну, жалбарыну тек жаратушы күштерге ғана емес, алғыс, қарғыс мағыналы сөздерге, пірілерге де байланысты. Ертедегі тотемдік діни түсінік бойынша дүниедегі заттар түсіндіріліп, әр заттың өз атасы мен анасы, яғни пірі болады делінген. Қазақтар пірілерге жалынып, жалбарынған, малдың көбеюін, аман болуын солардан тілеген. Үй жануарларының әрқайсыларының өз қамқоршысы, тәңірісі, иесі бар деп біліп, олардың әрқайсыларына ат қойып айдар тағады. Мысалы, қой атасы – Шопан ата, жылқы атасы – Қамбар ата, сиыр атасы – Зеңгі баба, түйе атасы – Ойсыл қара, ешкінің иесі – Сексек ата болып келуі, малға ауру-індет келгенде әр түліктің иелеріне арнап мал сойып, тасаттық беріп, олардың иелеріне жалынып-жалбарыну – осы тотемдік ұғымның қазақ арасындағы қалдығы. Қарапайым халық мал басының көп болуы сол түлік аталарының мал иелеріне деген көңіл күйіне байланысты деп білген. Сол себепті мал баққан халық малдың басынан ұруды әсіресе тебуді аса үлкен күнә; құт, байлық қашыратын әрекет деп санаған. Мұндай келісімсіз іс-әрекеттерге «Обал болады!», «Жаман болады!» деп тыйым салып отырған.

Төрт түлік мал тотемдеріне жеке-жеке тоқталайық.

*Қой тотемі.* Қазақтар қойды қасиетті санап, қатты құрметтеген. Қой жесе тамақ, кісе киім. Қойдың еті қазақ халқының негізгі тамағының бірі. Қазақ қойдың атасы Шопан ата десе, қойды бейіштен жаралған деген. Халықтың «Тегене құйрық қошқарлы, малды берсең, қойды бер» деген фразасы осының дәлелі. Қойға байланысты салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім көп. Қойдың жүні де тұмарды алмастырған. Қойдың жауырынын келешекті болжау үшін балгерлер пайдаланған. Қойдың кәрі жілігі малды ұры-қарыдан, қасқырдан сақтайды деп сенген. Аттың ерінің басына да іліп қойып ер-тұрманды, атты бәлекеттен, ұрыдан сақтайды деп ойлаған. Қошқардың мүйізін көкеніске «көз тимеу» үшін іліп қойған. Осы тәрізді сенімдер ел арасына әлі де кең тараған. Қой түнде ыңыранып жатса, төл өседі деп, ал маңыраса үрку, жаушылық нышаны деп ырымдайды.

«Қой аузынан шөп алмайды» – қой мінезді, жуас адам; «қойға шапқан қасқырдай» – қырып-жойып, тас-талқан қылу; «қойдай шулады» – қайғы-зарға батып, азан-қазан болды; «қойға келген ешкідей болды» – жатырқады, жат көрді, «қойдай өргізіп, қозыдай көгендеді» – дегеніне көндіріп ұстады деген фразеологизмдер, «ай мүйізді қошқардай», «арық қойдай тырысу», «егіз қозыдай», «жетім қозыдай», «кәрі қойдың жасындай», «көк ала қойдай болу», «тойған қозыдай монтию», «қойдың құмалағындай» т.б. теңеулер де кездеседі. Мысалы: *Кәрі қойдың жасындай* жас қалды ма, жоқ па, қалған өмірді қан майданға жұмсағалы шықтым /Ғ.Мұстафин/. Амантай мен Тұяқ жас кездерінде *егіз қозыдай* еді /С.Мұқанов/.

Қозыны сыйлы адамдарға сойып береді. Қозы етін «бағлан» дейді. Қозының терісінен «елтірі» ішіктер істеледі. Қой, қозының жасын тісінен айырады. Қой пысқырса, күн суытады деп ырымдайды. Соятын қойды мініп әкелуді теріс көріп, оң жағымен жетектеп келуге тиіс. «Айтып сойған малдың үш аяғын» ғана буады. Бұл малдың жаны шығуына себебі тиеді деп көрген діни сенімнен туындаған. Қойды желбегей, дәретін алған таза, мұсылман адамға бауыздатады. Қойды тістеніп бауыздамайды, тістеніп бауыздаса қойдың жағы ашылмай тістеніп қалады деп көрген. Қазақ халқы қой сойғанда асықпай, байыппен пышағын өткірлеп, қойды дем алдырып сонан кейін жайлап сояды [2; 115].

*Жылқы немесе ат тотемі.* Киелі жануардың бірі – жылқы. Қазақ халқы жылқыны аса қастерлейді. Ол – жесе тамақ, ішсе сусын, мінсе көлік. Жылқы тұқымы: айғыр, бие, құлын, тай, құнан, дөнен, бесті. Жылқышы атадан тілек, тілеп қазақ: «*Айғыр берсең байсалды, үйірі толған байталды, өңкей мама бие бер, сауған сайын иіген*» дейді. Желден жаралған жүйрік атқа қазақ халқы көптеген сын тағып сынайды.

Ш.Уәлиханов қырғыздарда арбаушы батырлармен қатар арбаушы аттардың – арбын құлын (лошадь чародей) дегеннің де болатындығын жаза келе [3; 161], қазақта да «жылқы әулие» деген түсініктің болғанын айтқан [3; 179]. Жылқы малы (жылқы әулие), түйе, қой, сиыр киелі жануарлар сипатына жатады. «Ер қанаты – ат» дейді халық. Атқа міну қазақ үшін қанаттану, қиялын ұштату, әлемнің шексіздігін меңгеру, ұмтылу болып табылады. Қазақ үшін жер бетінде жылқыдан таза, киелі, қасиетті жануар жоқ, оның иісінің өзі аса қымбат. М.Аджи сөзімен айтсақ: «Сахара адамы үшін жылқы – жаны мен тәнінің жалғасы, оның екінші мәні (мені)» [4; 64]. Бұл пікірді Г.Гачаев та нақтылай түседі: «Жануарлар иерархиясында жылқы бірінші орын алады. Қалғандары – тек адамға қызмет етеді. Ал адам жылқы алдында бас иіп, қызмет көрсетуді қорлық санамайды. Өйткені бұл – Тәңірдің тірі бейнесі, оның нұры. Жылқы – ғарыштың жоғарғы бөлігі. Қалған жануарлардың бәрі жердікі, соған тартылады, соған қарайды. Жылқы алдыға және жоғарыға қарайды. Ал онымен адам да бірге. Ат үстіндегі адам – аспан, жоғарғы әлем мүшесі» [5; 68]. Демек, жылқы қазақтың сыйынары, сүйенері, сырласы болған. Сондықтан ол халықтың дәстүр-салтынан ерекше орын алған. Қазақ дәстүрінде атты ерттеу, атқа міну аса маңызды саналып, ұл баланың ер атануының бірінші белгісі болған.

Халық түсінігінде үш түліктің әрбірі белгілі әлемге тиесілі. Жылқы – жоғарғы әлем символы, қой – материалдың, жер әлемінің, сиыр – сыртқы әлемнің, басқа дүниенің, өлілер әлемінің, хаостың символы. Яғни, ат – жоғарғы әлем – даналық әлемнің, ата-бабалар әлемінің символы. Сондықтан да қайтыс болған адамды атымен не атының басымен жерлейді, өйткені ол өз иесін ата-бабалар әлеміне апарды деп түсінілді» [6; 31-32]. Ат – жоғарғы әлем, интеллектіні, ата-бабалар әлемін бейнелегендіктен, барлық батырлар жырларында ақылшы, көмекші, қорғаушы ретінде сипатталады. Поэзияда тұлпар ақындардың жебеушісі, шабыт берер, қанат бітірер пірі ретінде жырланады. Демек, әлемді ат үстінде таныған қазақ үшін жылқы малының астарында терең дүниетанымдық із жатқаны көрінеді. Ол – тәңірдің сыйы, ұшқыны. Сондықтан да ақыл-ойдың символы ретінде жылқы малын қадірлеу, қасиет тұту керек деп түсінілді [6; 33].

Бұрын ата-бабаларымыз құрбандыққа жылқыны шалған, жылқы малы – Күн құдайының белгісі. Мұның мәнісі Күнге яғни Тәңірге табыну болып табылады. Сақатар құрбандыққа жылқы малын шалады, өйткені күннің шапшаң қимылына малдың да жылдам жүрісі сәйкес келуі керек делінген.

Сондай-ақ, төрт түлік малдың ішіндегі түстік сипатының молдылығымен де көзге ерекше түсетін жануар – жылқы. Көне гректердің дәстүрінде «жылқы» салттық мәнде көрініп, оның культі ерекше әйел сұлулығы мен құдіреттілігінің символы болса, мұндай баға қазақ халқынан да орын алады. Оған жақсы аттың бойындағы он бес түрлі белгіні айғақтайтын үш қасиеттің бірі – жылқы ат пен тегінің төркіні – әйел сұлулығы – салыңқы кең кеуде, әсем де ыңғайлы қозғалыс және әдемі түсі дәлел» [7; 89]. Демек, жылқы «қасиеттілігімен» ғана емес, сұлулығымен де бағалы.

Түркі-монғол дәуірінен құдалыққа ат сыйлайтын дәстүр бар. Қазақ халқы құда болған кезде құда-сына ат мінгізеді. Қалың мал кезінде қыруар ат, байтал беріледі. Жақсы атты «қалап» алады, құлын

кезінде балаларға «атап» береді. Аттың басына, көзіне сабамайды. Әсіресе қамшымен ұрмайды. Ұрса «жаяу қалады» деген сөз бар. Ат жабдықтары: жүген, ноқта, арқан, шідер, тұсамыс, өре, шылбырларды ұрламайды. Ұрласа «жүгенделіп», «арқандалып», «ноқталанып», «тұсалып» қалады деген қорқыту сенімі бар.

«Жылқының үсті – жел, сүті – ем» деген қазақ арасында жылқыға байланысты айтылатын көп нақылдардың бірі. Онда жылқының жүйріктігі мен сүтінің емдік қасиеттері бейнеленген /С.Мұқанов/.

«Тұлпар түбін табады» деген нақыл сөзде әрбір асыл таза зат шыққан тегіне тартады деген бейнелі мағына бар. Ол көбінесе малға, әсіресе жылқыға байланысты айтылады. «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, оған да үкі, тұмар тағылса да» деген Абай айтқан қанатты сөз. Онда дарынды мен дарынсыз, озық талант пен кәсіпқойлық бейнеленген. Ұлы ақын 1889 жылғы бір өлеңінде:

«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,

Оған да үкі, тұмар тағылса да».

Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,

Кім жегіліп, қай шеттен қағынса да» – деген /Абай/.

*Сиыр тотемі.* Сиыр малын қазақ халқы төрт түлік малдың бірі ретінде қастерлеп, оның бағым күтіміне, өсіміне ерекше мән береді. Қазақ халқы сиыр малын қолына ұстап үй маңына бағады. Сиырдың етін, сүтін пайдаланады. Ел арасында: «Сиыр үйдің анасы» деген сөз айтылады. Сиыр малы кейбір ұлттар үшін қасиетті мал екені тарихтан белгілі. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ сиырдың атасы – Зеңгі баба деп, одан: «Сиыр берсең, сүтті бер өңкей мама» деп сыйынып, жалбарынып салт өлеңін шығарған:

Шаруаның бір пірі – Зеңгі баба

Сиыр берсең сүтті бер өңкей мама.

Кең өріске шұбыртып өзің бағып,

Кешке жақын қотанға әкеп қама.

Зеңгі сөзі үзеңгі сөзінен шыққан (қырғызша Зеңги баба, Үзөңгү баба деп айтылады). Расында да, Орта Азияны мекендеген адам баласы өзіне көлік етіп алдымен сиыр мен бұғыны үйреткен, үзеңгі тағып мініп жүрген [8; 16-17].

*Сиырды судан жаралған дейді.* Түнде мөңіресе жаман ырым, жаушылық болады деп жаманға жориды. Сиырға да сын айтылады. Қазақ халқы: «*Сиыр мүйізді өгіздің күші аз болады, бұқа мүйізді сиырдың сүті аз болады*» дейді. Сиыр туралы мақал-мәтел, қанатты сөздер өте көп. Олар: «*Сиыр сипағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді*»; «*Сиырға су көрсетпе, жаманға сый көрсетпе*»; «*Сиыр су ішкенде, бұзау мұз жалайды*»; «*Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді*»; «*Ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды*»; «*Бұқаның өзі қартайса да мұрны қартаймайды*»; «*Үйде өскен бұзау түзде өгіз болмас*»; «*Біреудің бұзауына дегені, өзінің өгізіне тиеді*»; «*Өгізге түскен күн, бұзауға да туады*»; «*Түзде бұзау өлсе, үйдегі сүтке ит тиеді*»; «*Ортақ өгізден оңаша бұзау жақсы*»; «*Бұқаның арамзасы бұзау арасында*»; «*Жаман сиыр тоқпақшыл, жаман кісі тақпақшыл*» т.б.

«*Сиырдың бүйрегіндей*», «*сүзеген бұқаша қарау*», «*тілі буылған өгіздей*», «*өгіздей өкіру*», «*ойнақтаған бұзаудай*», «*жас бұзаудың басындай*», «*сиыр тіліндей*», «*сиырдың жапасы сияқты*», «*кұлаққа ұрған танадай үн-түңсіз*» сияқты теңеулер мен сөз тіркестері көркем мәтінде кездеседі. Аяқтарына киген жеңіл, жылтыр кара етіктері де қызыл сырлы тақтай бетін *сиыр тіліндей* жалап, ыс-ыс етеді (Ә.Нұрпейісов).

«*Сиырдай мүйізdestі*» – өзара қырылысты, түртпектесті; «*сиырдың бүйрегіндей бытырады*» – бет-бетіне, жан-жаққа тарап кетті; басы қосылмады, берекесі кетті; «*сиырдың жорғасы секілді*» – ақырын, майда жүріске салды; «*сиыр құйымшақтатты*» – аяқсыз қалдырып, берекесіз етті, соңы сұйылып кетті; «*сиыр мінез*» – сүйкімсіз қылық деген мағынада.

*Түйе тотемі.* Үй жануары ішінен қазақтар түйені де қасиетті санаған. Қазақтың көшпелі өмірінде түйенің алар орны ерекше. Түйе қара жердің қайығы, қырық күн шөлге шыдайтын қайсар мал. Түйе бота, тайлақ, бура, бұршын, үлкен түйе болып өседі. Түйені үш түрге бөледі: бір өркештісі – нар, екі өркештісі – айыр түйе, бір өркешті мен айыр түйе арасынан «қоспақ» түйе туады. Түйенің атасы – Ойсыл қара, ойсыл қарадан қазақ: «*Маң-маң басқан, маң басқан, шудаларын шаң басқан, төрт аяғын тең басқан*» түлік беруді тілеп ниет етеді. Түйе «жалман құлақ сорға» бітеді деген фраза бар. Сондықтан да түйені сордан жаралыпты дейді қазақ. Түйе төлін он екі ай көтереді.

Түйенің етін екіқабат әйелдерге бермейді. Өйткені екіқабат әйел түйе етін жесе, түйе секілді баласын 12 ай көтереді деп сенеді. Баланы ұзақ көтерген әйелдер тез босану үшін түйенің астынан өткен. Сол секілді ері бір жерден түйе етін жесе, түйе етінің бір кесімін міндетті түрде әйеліне әкеп береді.



Түйені қазақтар көп, беталды соя бермейді. Түйе мына кездерде ғана сойылады: Меккеге қажылыққа жүрерде, көп болып тасаттық жасағанда немесе ханды таққа отырғызғанда. Мұндай кездерде, әсіресе ақ түйе сойылады. Халық аузында: «ақ түйенің қарны жарылғанда» деген мәтел осындай мерекені көрсетеді.

Қазақтар түйені ешуақытта ұрмаған, теппеген, тіпті қатты сөзбен ұрыспаған. Жүнін қасиетті санап, жын бәлекетті қуады деген. Түйе жүні тұмарды да алмастырған. Түйе жүнінің емдік қасиеті бар, адамдар белі ауырғанда оны беліне ораған.

Түнде түйе үріксе жаман ырым деп есептейді, үйден шықпайды. Себебі түйе, өзінен үлкен пәледен ғана қорқады деп ырымдайды. Түйенің басын «ұлық мал» деп жемейді. Биікке қойып қастерлейді. Түйе малын ұрлап күземейді. Күзесе «о дүниеге» барғанда түйе жүніне оралып жүре алмай мәңгі азапқа түседі деген діни сенімнен туындаған ұғым. Ботаны сойып жемейді, киелі деп. Түйеге қатысты мақал-мәтелдер: «Түйе көп болса, жүк сыймайды»; «Төрт аяқты бота тату, екі аяқты бажа тату»; «Жуас түйе жүндеуге жақсы»; «Түйе малдың қасқасы»; «Түйенің танығаны жапырақ»; «Алты күн атан болғанда, бір күн бура бол»; «Бойына сеніп түйе жылдан құр қалыпты»; «Атан түйе ойнақтаса жұт болады»; «Өткелде түйенің үлкені таяқ жейді» т.б.

«Атан түйе жүк астында қартаяр» деген бейнелі қанатты сөз қартайғанын да, шаршап-шалдыққанын да білмейтін, күнделікті еңбек етуден жалықпайтын еңбекқор адам жайында айтылған. «Түйені көпір астына жасыра алмайсың» – бадырайып көзге көрініп тұрған нәрсені, жұртқа мәлім болған істі енді жасыра алмайсың деген ойды халық осылай тұспалдайды. «Керуен кері айналғанда, ақсақ түйе алға шығады» – талай жұмыс бітірген еңбек адамына бүйірінен келіп жол-жөнекей қосыла кететін еріншектерді мысқылдауда қолданылатын бейнелі сөз.

«Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалған» – қазақтың ежелгі аңыздарынан қалыптасқан қанатты сөз. Өзіне-өзі сеніп жүріп бір нәрседен, не сыбағадан құр қалғанда халық осы сөзбен әсерлеп астарлай айтады. Ел арасына мақал болып таралып кеткен бұл сөздің айтылуы тіптен ертеректе болса керек. Қазақ, өзбек, монғол аңыздарында былай делінген: Ертеде айуандар түйені қосқанда бәрі 13 болып жылды бөлісуге келіпті. «Бәріміз бір сайға түнейік, кім күннің шыққанын бұрын көрсе, сол жыл басы болсын» дейді түйе. Түйенің мұнысы күнді бойы ұзын мен бұрын көрмегенде кім көрер дейсің? – дегені еді. Оған бәрі мақұл деп көнеді. Таң ата бергенде қу тышқан аңқау түйенің бақайынан өрмелеп басына шығып, күннің шыққанын бәрінен бұрын көреді. Жыл басының «тышқан» деп аталуы содан. Сөйтіп түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты дейді.

*Ешкі тотемі.* Ешкіге қатысты көптеген салт-дәстүрлер бар. Ешкі атасы – Сексек ата, ешкіні тас-тан жаратылыпты-мыс дейді халық. Ешкіні қазақ халқы қастерлегенімен басқа малдардай бағалай бермейді. Халықта: «Ешкі еті жел болар, серкеш еті ем болар» деген сөз бар. Ешкіге шайтан әуес, ешкі бейнесінде болады деген діни наным бар. Ешкінің етін қазақ халқы жемейді. Сый адамдарға ешкі соймайды. Күзде қуаттанғанда ірі серкелерді сойып жейді. Ешкі малының да қазақтың көшпелі өмірінде алар орны ерекше. Өмірде серке мінгендер көп болған деп кейбір көне көздер әңгіме етеді. «Қойды серке бастаған» деген сөз тегін айтылмаса керек. Судан өткенде, бөгет тар жол, тайғақ кешулерден серке бастайды. Ешкі малының да дәстүрлі мал шаруашылығында алар орны ерекше. «Ешкідей секеңдеу», «жетім лақтай», «ит көрген текедей болу», «лақ текедей бақылдау», «серкедей көсем», «тастан қына терген ешкіше», «текедей тіркесу» деген теңеулер мен сөз тіркестері кездеседі.

«Ешкі болсын, теке болсын, балаларға сүт болсын» – не болса, ол болсын, пайдасы тисе болғаны деген мағынада жұмсалады. «Ешкі көзденді» – бақырайды, аларды, тікірейді деген мағынада.

«Ешкі даулап лақ ал, лақ ал да тына қал». Дау-дамайды көбейтпе, артық-кеміне қарамай ертерек тыйып, тиыш жүрген абзал дегенде қолданылатын тақпақ мәндес қанатты сөз. Ертеде Жәнібек пен Кеңгірбай шешен барымта дауына келісе алмай отырғанда көк шыбықты ат қылып ойнап жүрген бір бала «Жәнібек пен Кеңгірбай, сендерде бір мін бар, басқаға сөз бермейсіңдер» деп алдынан жүгіріп өтеді. Екі би баланың ділмар екенін сезіп, билікті береді. Сонда бала:

«Ешкі даулап лақ ал,

Лақ ал да тына қал...» – деп термелей жөнелген екен. Осылай кесіп айтқан сол бала кейін «Жобалай шешен» (шын аты Қасқа) атанып кетіпті /Б.Адамбаев/.

Қазақ халқы шаруашылығында әр түлікке арнайы жабдықтар пайдаланады. Мал жабдықтарына қатысты әр түрлі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер бар. Қойды қосақтау үшін «қосақ арқан» пайдаланады. Қосақ арқанды аттамайды. Арқанды қойдың жүніне, қылшықты орап істейді. Жүн, қылшықты «шүйкелеп» алады. Басқа арқандармен қой қосақтамайды, ырымдайды. Көгенді қойдың жүнінен еседі, малға жұмсақ болады. Көгенге «бұршақ» түйіп пайдаланады. Жалғыз бұршақты

салып, мойнына тілеу тілейді. «Мойнына бұршақ салып тілеген» немесе «құдайдан мойнына бұршақ салып тілеп (сұрап) алады» деген фразеологизмдер содан қалған болу керек. Мысалы: Ұрқия жатса да, тұрса да құдайдан бала сұрайды, бақсы-балгерге қаратқан, қожа-молдаларға үшкірткен, әулие тасқа әлем байлап-түнеген, құдайы садақасын да талай берген, мойнына бұршақ салып тілеген, сонда да әлі бала жоқ /Ж.Аймауытов/. Жамал қыз ед, қыздың шолпан жұлдызы ед, Шашы қолаң, қасы қара құндыз ед. *Бұршақ салып тілеп алған құдайдан*, Есекеңнің ұл қып сүйген бір қыз ед /І.Жансүгіров/.

Қазақтар аруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа шала береді. Мінажат етіп, аруақтардың басына (моласына) барып түнейді, сол жерде құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейкесті арманын өтеуді тілейді, мысалы, баласы жоқтар бала сұрайды. Аруаққа арнап құрбандық шалғанда, қазақтар «*аруақтың батасы тие берсін немесе аруаққа бағыштадым*» деп айтады. Құрбандыққа көбінесе қой сояды. Құрбандыққа шалынатын қой ақ түсті, басы сары, немес ақ, басында қасқасы болуға тиіс екен. Алла атымен айтқан құдайысы «*ақсарбас*» деп аталады. Ақсарбастың үш түрі бар: бозқасқа, көкқасақа, және қызылқасқа. Бозқасқа десе – қой, көкқасақа десе – жылқы, қызылқасақа десе – сиыр сойылып құдайы беріліп көпшіліктің батасын алады. Бұл ырым осы күндерде де қолданылады.

Ертеде халық төрт түлік малға тілек айтып: «*Ойсыл-Қара оңдай гөр*», «*Қамбар ата қолдай гөр*», «*Зеңгі баба жарылқай гөр*», «*Шопан ата байыта гөр*» деп оларға бас иіп отырған. Малдың шығуын қазақтар мифке айналдырып «жылқы желден», «түйе сордан», «сиыр судан», «қой ауадан» деп әдемі жырлар айтады. Малдың көбеюін мұрас еткен қарттар «*Сауғаның бие болсын*», «*қойың өрістен кетпесін*» деп тілек тілеген.

Көршілес, әрі туыстас қазақ, қырғыз, өзбек, татар, түркімен халықтарының дәстүрлі тұрмысында төрт түлікке байланысты қалыптасқан рухани-мәдениеті, салт-дәстүрлері, наным-сенімі, дүниетанымы, әдет-ғұрыптарының ерекшеліктерімен қатар, өзара ұқсас, мағыналары бір мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалдар: қазақта: «*Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас*» – түрікменде: «*Ики гочун келлеси бир газанда гайнамаз*», татарда: «*Ике тәкә башы бер қазанға сыймас*»; қазақта: «*Сүзеген сиырға құдай мүйіз бермес*» деген мақал – қырғызда: «*Сүзөнөк уйға кудай мүйүздөн айтпаган*», өзбекте: «*Сузагон сигирга худо шох бермайди*», татарда: «*Сөзгәк сыерга алла мәгез бирмәгән ди*», қазақта: «*Өлер өгіз балтадан таймас*», қырғызда: «*Өлер өгуз балтадан тайбайт*», өзбекте: «*Улармон хукиз болтадан тоймас*»; қазақта: «*Түйеге жантақ керек болса, мойнын созар*» – қырғызда: «*Төөгө жантак керек болсо, мойнун созот*», өзбекте: «*Туяга янтоқ керак булса, Буйнини чузади*», түркіменде: «*Дуйә яндак герек болса, Бойнуны узадар*»; қазақта: «*Ешкінің ажалы жетсе, қасапшыны сүзеді*» деген мақал өзбекше «*Эчкининг ажали етса, қассобни сузади*» делінеді.

Қазақтар қойдың баласы қозыны қастерлеп, жақсы көрген балаларына «*қозым*», «*қошақаным*», жылқының баласы құлынды қастерлеп «*құлыным*», «*құлынишағым*», түйенің баласы ботаны қастерлеп «*ботам*», «*ботақаным*», «*боташым*» деп ат қойып еркелетеді. Қазақтар төрт түліктің қайсысы болсын, Қой, Жылқы, Сиыр, Түйе культін киелі, әулие санап, балаларына *Қойшыбай*, *Жылқыбай*, *Бұзаубай*, *Өгізбай*, *Өкіреш*, *Бота*, *Ботакөз*, *Ақбота*, *Нарбота*, *Нарбура*, *Нартай*, *Нартайлақ*, *Бурабай*, т.б. есімдерін қойған.

Қысқасы, төрт түлікке қатысты тұрақты тіркестерге этнолингвистикалық сипаттама беріліп, қазақтың ұлттық болмысын білдіретін тіркестер антропоцентризм тұрғысынан айқындалды. Оларда тіл мен этностың, тіл мен рухани мәдениеттің өзара тығыз байланысы жарқын көрініс тапқан.

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
2. Кәмәлашұлы Б. Монғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. – Өлгей, 1995. – 342 б.
3. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. – Алма-Ата, 1958. – С. 161, 179.
4. Аджи М. Полынь половецкого поля. – М.: Пик-кон-текст. 1994. – 351 с.
5. Гачаев Г. Национальные образы мира. – М.: Советский писатель, 1988. – 447 с.
6. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – 81с.
7. Қайдаров Ә.Т. ж. б. Тұр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы, 1992. – 163 б.
8. Аманжолов А. Тастағы көне жазулар // Мәдениет және тұрмыс. 1984. №8. – 16-17 бб.

#### Резюме

В статье рассматриваются фразеологизмы, относящиеся к тотемизмам с точки зрения теории «Языковая картина мира».

#### Summary

This article is about totemic concepts from the point of view of the anthropocentric map of the world.

## **ӨЗІН-ӨЗІ ТАНЫТАТЫН ТҮЛҒАНЫҢ КИКІЛЖІНДІ ЖАҒДАЯТТАРДЫ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ**

**М.А. Қуаналиева, А.А. Нурақунова** –*жалпы педагогика және психология кафедрасының аға оқытушылары, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі заманда кез-келген әлеуметтік ұйымда шиеленісті жағдайлар болып тұрады. Осындай жағымсыз жағдайларды дер уақытында тиімді шешу тұлғаның кемелдігіне және жекедара қасиеттеріне байланысты.

Жетілген тұлғаны психологияда өзін-өзі танытатын тұлға деп атайды. Алғаш рет осындай тұлғаларды әйгілі американдық гуманистік психолог А.Маслоу зерттеген болатын. Ол психологиялық денсаулық мәселелерін зерттеу мақсатында өзін-өзі үнемі жетілдіретін, еркін және шығармашыл тұлғаның ерекшеліктерін анықтаған [1].

Біздің зерттеуде алған мақсатымыз өзінің дарындылығы мен қабілеттерін, өзінің тұлғалық әлеуметтерін толық қолдана алатын, өздерін толық қалыптастара алатын, өз күші келер істі атқара алатын тұлғаларды табу. Себебі осындай адамдарға өз уақытында көңіл бөлу және анықтау қазіргі кездегі қоғам үшін маңызды болады деп санаймыз.

Біз мақаламызда қарастырып отырған мәселе – ол өзін-өзі танытатын тұлға және оның кикілжінді жағдаяттарды шешу тәсілдері.

Эксперименттік зерттеуімізде біз зерттеу объектісі ретінде студенттер мен оқытушылар топтарын алдық. Осы екі санаттағы зерттелушілердің өзін-өзі таныту деңгейлері мен кикілжінді жағдайларды шешу стратегиялары арасындағы байланысты эксперименттік зерттеу нәтижесінде анықтауға тырыстық. Зерттелушілердің саны: 50 оқытушы мен 400 студент.

Зерттелушілерді осылай таңдау себебіміз, өзін-өзі кемелдендірудің ересек субъектілер көрсеткен формасы қазіргі қоғамда жаңадан ересек өмірге қадам басқан жас адамдар арасында болуы мүмкін деп есептеуімізде.

Ал оқытушылар санатын зерттеуге алған себебіміз, бұл топтағы мамандар кәсіби талаптарға сәйкес, өздері жетерліктей биікке жеткен тұлғалар болуы шарт. Өйткені шәкірт тәрбиелейтін ұстаздың тұлғалық қасиеттері жетілген, кәсіби қабілеттері өте ерекше дамыған болуы қажет.

Өзін-өзі танытатын тұлғалар қауіпсіздікке, махаббатқа, сыпайылыққа және өзін-өзі сыйлауға деген базалық қажеттіліктерін өтеумен қатар, білім алуға және басқа адамдарды жақсы түсінуге деген когнитивті қажеттіліктерін де қанағаттандыруға ұмтылады. Осы арқылы бұл субъектілер кез-келген жағдаяттарда, соның ішінде кикілжінді жағдайларда өздерін бір қалыпты, сенімді ұстап, қоршаған адамдарға махаббат пен сыйластық сезімін танытады. Сонымен қатар, олардың өздерінің құндылықтар жүйесін қамтитын философиялық және діни ұстанымдары да болуы мүмкін. Бұл әсіресе, Қазақстан жастарын заманауи талаптарына сай барлық рухани қажеттіліктерін үнемі жетілдіру үшін аса қажет. Мысалы, олар танымдық, шығармашылық, рухани-адамгершілік құндылықтарын басшылыққа ала отырып, өзін-өзі жүзеге асырып отыруы шарт.

Біздің кешенді зерттеуімізден анықталғаны әр түрлі қоғам саласында іс-әрекет атқаратын тұлғалар өз мамандықтарына сай қасиеттерді өзіндік дамытуға, жетілдіруге, өзін-өзі көрсетуге, осылайша өз кәсіби ортасында өзін-өзі анықтауға тырысады. Мысалы, өзіндік кемелденетін ғалымдар әдетте, зияткерлік іс-әрекетпен айналысатындықтан, олар үшін маңыздысы – интеллектуалдық күшті жетілдіру.

Психоанализ бойынша, шығармашыл тұлғалар ішкі тұлғалық кикілжінді әлеуметтік құпталған тәсілдер арқылы сыртқа шығарып, сублимациялауға тырысады. Конструктивтік психология бойынша, жетілген тұлғалар кез-келген жағымсыз әлеуметтік жағдаяттарды конструктивті, ересектік түрде саналы шешуге тырысады.

Әдетте, өзін-өзі танытатын тұлғалар кикілжінді жағдайдан дұрыс жол табуға тырысады. Әрі бұл жол таба алу терең рефлексияны, жан-жақты білімділік пен руханилықты қажет етеді. Әрбір адам өмірінде қарым-қатынас едәуір орын алады, сондықтан да кикілжінді жағдайлар болары сөзсіз. Олай болса, кикілжінді өмірлік тәжірибенің өзі, өзін-өзі тәрбиелеудің, өзін-өзі анықтаудың және өзін-өзі танудың, өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі реттеудің қайнар көзі деп қолдану керек. Өзін-өзі танытатын тұлғалар мұндай ұқсас кикілжінді жағдаяттардың пайда болуына жол бермей, алдын-ала болжай алады, мұндай кикілжінділерді шеше білу тәжірибесі болашақта дұрыс шешімге шешімге келуге алдын-ала бағдар беріп, келесі кикілжінді болдырмауға үйретеді.

Кикілжіндінің әлеуметтік-психологиялық мәнін қарастыратын болсақ, шындығында, кикілжінді бұл – карама-қайшылық, бірақ барлық карама-қайшылық кикілжінді бола бермейді. Бізбен жүргізілген әлеуметтік-психологиялық зерттеу барысында бұның бірнеше себептері анықталған.

Әлеуметтік-педагогикалық үрдіс – тұлғаны әлеуметтендіру бойынша мақсатқа бағытталған іс-әрекет. Оған білім беру мен оқытудың, тәрбиенің барлық аспектілері қамтылады. Әлеуметтік-педагогикалық үрдістің негізгі мақсаты – тұлғаны нақты әлеуметтік мәдени сапаларымен тәрбиелеу (білім беру, оқыту) болып табылады. Әсіресе, жоғары білім беру жүйесінде оқыту үрдісінің негізгі субъектісі болып табылатын студенттердің дербестік қасиеттерін қалыптастыру қазіргі кредиттік оқыту кезінде маңызды рөл атқарады. Осыған орай, жоғары білім беру жүйесінде кикілжіңді негізгі үш топқа бөлуге болады (өзара әрекеттің үш деңгейі): кикілжің типтері: «оқытушы-оқытушы», «студент-оқытушы», «студент-студент»

«Оқытушы-оқытушы» кикілжің типі негізінен профессорлық-оқытушылық ұжымның әлеуметтік-кәсіби иерархиясымен және жеке даралық психологиялық ерекшеліктерімен байланысты.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша төмендегідей мәліметтер алынды. Жоғары оқу орны ұжымындағы оқытушылардың сұрақтарға жауап беруіне қарай, кикілжіңдерінің пайда болуының негізгі себептері төмендегідей болып анықталды:

- құндылықтық бағыт-бағдарлардың өзіндік ерекшеліктерімен (20%);
- кәсіби деңгей ерекшеліктерімен (25%);
- қарым-қатынаста бір-бірімен шыдамсыздық, әдепсіздік танытуы (12%);
- кәсіби ұжым ішіндегі оқытушылардың өзара келісе алмаушылығы (15%);
- тұлғалық өзін-өзі таныту деңгейімен (45%).

Томас-Килменнің «Шиеленісті жағдаяттарды шешу стратегиясы» әдістемесін қолдану барысында анықталған нәтижелерді талдайық.

Жүргізілген зерттеу мәліметтерінің нәтижелері көрсеткендей, әсіресе педагогтардың ұжымында оқытушылардың 70 % пайызы дерлік өзінің әріптестерінің білікті маман емес деп қабылдап, қарым-қатынаста өзара бәсекестілікке түседі, осындай туындайтын шиеленісті жағдайлар, әсіресе, өзін-өзі адекватты емес жоғары бағалайтын тұлғаларда кездеседі.

Қазіргі бәсекелестік заманда тұлғалар өзін-өзі жетілдіріп, шиеленісті жағдаяттарда бірлесіп әрекет ету стратегиясынан гөрі, жеке мүдделерін қорғап, өзіншілдік таңытып, көбінесе бәсекелестік стратегиясын таңдайды. Мұның өзі қазіргі заманда белең алған, жаппай бәсекелестіктен адамдар біртіндеп гуманистік, адамгершілік қасиеттерінен айырылып бара жатқандығын байқатады.

Енді келесі «Оқытушы-студент» қатынас жүйесін қарастыратын болсақ, бұл қатынастар тұтас әлеуметтік-педагогикалық үрдістің маңызды субъектілері арасындағы өзара әрекет аумағын көрсетеді. С.М. Жақыповтың бірлескен диалогтық іс-әрекет теориясы бойынша жоғары білім беру жүйесіндегі танымдық іс-әрекет құрылымында маңызды оқу ақпараттары, білімдер мен тұлғалық қасиеттердің, құндылықтық-мағыналардың ауысуы жүретін бірден бір жүйе – осы білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара қатынас [2]. Осы ретте оқытушының оқу орнында алатын шиеленісті жағдайларды шешу стилі мен тәсілдері студенттердің сәйкес мінез-құлық стратегиясы мен бағыт-бағдарларын қалыптастырады.

Зерттеуден алынған мәліметтерді сараптай келе, студент пен оқытушылардың өзара қарым-қатынасына тән кикілжіңнің себептері төмендегідей болып келеді:

- құндылықтық бағыт-бағдарлардың сәйкес келмеуі;
- қарым-қатынас әдебінің жеткіліксіздігі;
- бір-бірінен күтулердегі келіспеушіліктер;
- оқытушылардың кәсіби деңгейі мен студенттердің оқу үлгерімінің деңгейі арасындағы айырмашылықтар;
- тұлғалық өзін-өзі таныту деңгейімен – (45%);
- студенттердің өз-өзі таныту деңгейі мен оқытушылардың өзіндік бағалау ерекшеліктері арасындағы байланыстар;

Мысалы, қазіргі кезде көп жағдайда кездесетін жағымсыз жәйттардың бірі – әсіресе, ескі дәстүрлі әдіспен жұмыс істейтін оқытушылардың кейбір белсенділік танытатын студенттерге жағымсыз түрде қарап, бағаларын керісінше төмендетуі орын алып, студент паен оқытушы арасында кикілжіңді жағдайлардың пайда болуына әкеледі. Мұның өзі оқытушылардың кәсіби өзін-өзі жетілдіруіне, кемелденуіне кереғар үрдіс болып табылады. Оқытушылар мен студенттердің өзара бір-бірінен күткен үміттері құндылықтық бағыт-бағдарынан бастап, студенттердің алатын сапалы білімі мен оларды меңгерудің тиімділігі және оқытушылардың кәсіби құзырлығы мәселелерін толығымен қамтиды. Сондықтан да, «студент-оқытушы» тарапынан туындайтын кикілжіңдері көбінесе оқытушылардың кәсіби деңгейінің төмендігінен деп есептейді. Сауалнамадағы студенттердің 33% пайызы осындай көзқарас-

тарды қолдаған. Сонымен қатар, «студент пен оқушы арасындағы шиеленісті жағдайларды тиімді шешу тұлғаның толеранттылық қасиеттерімен байланысты екендігі анықталды.

Студент пен студенттердің қарым-қатынасының түрлері көбінесе өзара әрекет етуші субъектілердің этномәдени, әлеуметтік, рухани-адамгершілік және тұлғалық жекедара психологиялық ерекшеліктерімен, сонымен қатар, жоғары оқу орнында қалыптасқан дәстүрлермен, студенттік топтың жетілу деңгейімен, қарым-қатынас нормасы мен ережелерінің қалыптасу жағдайларымен де тығыз байланысты.

Өз кезегінде, оқу үрдісінің тиімділігінің төмендігі және оқытушылардың қарым-қатынасындағы кикілжіндер төмендегідей себептермен түсіндіріледі:

– сабаққа ғана қатысу, жалқаулық, оқығысы келмеу (жауап беруші оқытушылардың үштен бір бөлігі осы көзқарасты қолдайды);

– базалық білімдердің аздығы, студенттерде өзбетінше ойлау жүйесінің болмауы, саяси-мәдени жалпы білім деңгейінің төмендігі (жауап берушілердің 13%);

– болашақ мамандығына және оқуға деген қызығушылығының болмауы (69%);

– болашақ перспективасын болжай алмау, өзін-өзі анықтаудың төмендігі (30%).

«Студент-студент» типіндегі кикілжіннің пайда болуы, студенттердің өздерінің бағалаулары бойынша төмендегідей негізін қамтиды:

– өзіндік бағалаудың тұрақсыздығы (26%);

– құндылықтық бағыт-бағдардағы ерекшеліктер (24%);

– қарым-қатынасқа түсу қиыншылықтары, басқалардың жетістігіне қызғанышпен қарау (16%).

Соңғы кездері оқытушылар мен студенттер арасында ішкі тұлғааралық кикілжіндер белең алып келеді. Ішкі тұлғааралық кикілжін пайда болуы педагогикалық үрдісте жағымсыз әсерін тигізері анық. Өзін-өзі танытатын тұлғалар әлеуметтік ортада кездесетін шиеленістерден қашпай, олардың шешімін кейінге қалдырмай, бірлесіп дұрыс шешім қабылдауды жөн санайды.

Осыған орай, поляк психологы Е.Мелибруданың «Қарым-қатынасты жақсартудың психологиялық мүмкіндіктері» кітабындағы кикілжінді жағдайдағы адам әрекетінің конструктивті моделін ұсынуға болады. Оның пікірінше, кикілжіндерді шешуде келесі факторлар рөл атқарады:

– кикілжін көрінуінің сәйкестілігі;

– қақтығысқан тараптардың қатынасының ашықтығы мен тиімділігі;

– өзара сенімділік пен бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру;

– шиеленістің мәнін анықтау [3, 56 б.].

Кикілжін көрінуінің сәйкестігіне көптеген факторлар әсер етеді. Оқытушы кикілжіннің тікелей қатысушысы болмаса да, ол өзінің өткен жұмыс тәжірибесінен қандай да бір субъективті талдауға дайын. Онда жақсы көзқарас негізінде саналы емес сипаттағы бағыт-бағдарлар пайда болады.

Өз әрекеттерін дұрыс және заңды, ал қарсыласының әрекеттерін әділетсіз және сорақы деп қабылдау феномені «екі жақты этика» деп аталады. Кикілжінді шешуге тырысқанда оны дұрыс анықтап алып, жан-жақты талдап көру маңызды. Ол үшін тұлға қарсы адамның позициясына еніп, кикілжін жағдайын басқа қатысушының тұрғысынан талдау абзал.

Кикілжіннің конструктивті шешілуінің негізгі шартты деп психологтар кикілжінге түскен жақтардың ашық тиімді қарым-қатынасы деп есептейді.

Сонымен кикілжінді жағдаяттардың конструктивті шешілуіне өзін-өзі танытатын тұлғаның қасиеттері жағымды әсер етеді деген қорытындыға келеді.

Нақты кикілжіндерді адам өзінің қатынасын және мінез-құлқын өзгерту арқылы және оппонент психикасы мен мінез-құлқына әсер ету арқылы ескертуге болады. Жоғары білім беру жүйесінде кикілжіннің пайда болу себептерін ескере отырып, кикілжінді шешу және оны басқарудың жаңа технологиясын жақсы меңгерген педагогқа мақсатқа бағытталған кикілжінді құруға мүмкіндік береді. Мәселен, педагог оқыту тобында үлгерімдері немесе пән бойынша кикілжіндерді әдейі тудыртуы да мүмкін. Кикілжінді жағдайлардан шығу жолдарына зейін қоя отырып, студенттердің бірлескен іс-әрекеттерін белсендендіріп қана қоймай, өзін-өзі тануға, өзін-өзі саналы түрде түсінуге, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытумен қатар, күткен нәтижелерге қол жеткізуге болады деп тұжырымдаймыз.

1. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Гуманистік психология. 5-том / Жетекшісі – акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2005. – 301-319 бб.

2. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. – Алма-Ата, 1992. – 195 с.

3. Мелибрида Е. Я-Ты-Мы: Психологические возможности улучшения общения. – М., 1988. – 145 с.

### **Резюме**

В статье дается анализ особенностей разрешения конфликтных ситуаций самоактуализирующейся личностью. Статья посвящена одной из актуальных проблем человеческой жизни – проблеме конфликтных ситуаций. В теоретической части рассмотрены различные типологии конфликтов, их причины и способы их разрешения в системе высшего образования. В том числе, в статье описываются некоторые результаты проведенного авторами по данной проблеме экспериментального исследования.

### **Summary**

The peculiarity of solving conflict situations by self-actualizations personal are analyzed in this article. The article about peculiarity of the present pays attention of interest problems human life – is problem of conflict situations. This is problem of conflict situations, examine different types of conflicts and methods of their solving in the system of high education. In this article is considered the types of conflicts in the system of high education and causes of formation. In addition, there is described the features of types of individual-psychological conflicts. The results of experimental research are analyzed in this article too.

## **THE DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE COMPETENCE – THE GOAL OF TEACHING A FOREIGN LANGUAGE**

**Ж.Г. Кулеkenова** – *ст.преп. кафедры профессиональной иноязычной коммуникации факультета иностранных и международных отношений КазНПУ им. Абая*

The goal in learning a foreign language is the ability to communicate orally with a native speaker, i.e. the ability to speak the language. The ability to speak the language is not so easily acquired. The teacher's task is to meet the learners' desire to learn to express themselves in a new language. In order to do so he must maintain this initial enthusiasm as the ability to speak the language is developed. Interest must be sustained over quite a long period of time if the students are to gain any measurable success to their goal. Therefore it is important for the teacher to reassure the students with regard to their own progress and to point out to them the amount of time necessary to learn a language. Enthusiasm in language study, especially in speaking, is related closely to success. Speaking cannot be developed in a class in which the students are afraid to respond for fear of making a mistake. Active class participation is important in all the language skills, but especially so in speaking. Speaking is impossible without oral language practice. The teacher should use special techniques and specially designed materials. The objective is to develop the students' speaking ability to the point at which they can concentrate on the message rather than on the code. When they can speak at this level the goal has been reached.

It is appropriate to emphasize here that the goal of teaching speaking can and should be divided into smaller steps depending on the level of learners, the course of study and the sequence of learning to speak. The skill of speaking must be developed in two parallel streams. Firstly, in order to engender and encourage communication, simple authentic conversations should be used from the very first day; songs should be taught; stories with repetitive refrains should be heard to which students respond; special questions like "What would you say?" should be asked to which students will respond in the target language. Secondly, each item of language, each grammatical operation should be taught in a systematic, logical progression, so that the appropriate features of sound, arrangement and word are used habitually and automatically, so that the stream of speech becomes increasingly more sustained and more complex. It is also essential to teach students the range of experiences and situations in which certain patterns of speech are permissible. For example, in English we say "How do you do?" when we are introduced to someone. We say "Good-bye" only when we are taking leave of someone at any time during day or night. The dimension of experiences in which an expression or segment of speech may be used should be taught along with the sounds, meaning and position of the expression. Thus, we come to the achievement of the goal of teaching speaking dividing it into smaller steps, logically arranging teaching activities. At times, the teacher may omit necessary steps. At other times, he may insert difficult exercises before the students have been sufficiently prepared to handle them. In general, the development of the speaking skill proceeds from reproduction to production, from stress on pronunciation to manipulation of structural forms to expression of ideas. At first, the students are given an opportunity to practice incognito, i.e. within the security of choral response; later the teacher must check individual attainment. To the first type of activities we may concern the mimicry-memorization activity, in which the students repeat phrases and sentences which they have just heard, first- to learn to pronounce the sounds of the language and to follow its intonation patterns. Then, they

become familiar with basic structures and vocabulary. The structures will be drilled in subsequent pattern drills and the vocabulary will provide them with content words for their “real” language practice. And third, their auditory memory is being expanded.

The next type of activity is to work at pronunciation. Many students will not be able to pronounce all the sounds, especially at first, and constant correction may discourage them. If they are successful in other aspects of the course, they may continue their study of language and improve their pronunciation in the advanced courses. Perfect pronunciation of all sounds is not necessary in order to communicate. It is quite common to communicate well with someone who has a noticeable accent. But those students who have the ability to achieve a near-native accent should not be denied the opportunity, but neither should those who lack that ability be denied the opportunity to learn to communicate the language. Of the two, pronunciation or communication, communication is the more important. Both are desirable, but the former is not essential. In teaching pronunciation, the teacher’s role is first to identify the differences and then to practice them in class. He can make the students’ task easier by providing descriptions of the sounds to help them to pronounce the sounds correctly. For example, the students need to understand that the English sounds “t”, “d” and the Kazak sound “т”, “д” differ because the tongue and lip movements are not the same. To see the difference the teacher can ask the students to pronounce the English words “task”, “dall” and the Kazak words “тау”, “дала” and feel the difference between the positions of their tongue in both cases. The teacher can explain or diagram the two different tongue positions on the board. But in some cases to help the students achieve good assimilation and pronunciation of such English combinations of sounds as /ng/, /ir/, /er/, /ur/ or /yr/ and /a/ in the close syllable, e.g. in the word /cat/ it is better to pronounce them and to remind the students that the Kazak language also has similar sounds in words «әке», «соңы», «өзен», «мәселә», «кәпір», etc.. This will help the students remember these sounds easily and they may have more time to perfect some of the more difficult sounds.

So, the teacher’s responsibility while the students are learning to pronounce the sounds is one of the objective evaluator. He must identify for the students the sounds which they are mispronouncing, and he needs to point out to them the difference between what they are saying and the native sound. If possible, he should point out to them what they are doing with their tongue and lips which is causing the problem.

Important part of teaching speaking is pattern drills. The students learn grammatical patterns, clichés, speech patterns, word combinations through drillings. The purpose of this technique is to attain control of the use of the language, which might be termed as the oral approach to learning a language. Here we can distinguish different types of drills depending on the level of students undertaking the language learning. At the earliest level is the repetition drill. This type of drill is used in the introductory phase of focusing on any given structure. The activity is based on students’ repetition after the teacher or after recorded listening. The next step is to practice the same structure in substitution drills. During this drill students gain further practice in saying the forms while working with the variations and various vocabulary items with which the pattern may be used. Given the practice of repeating all the forms in repetition forms and substitution drills, the students should be sufficiently prepared to manipulate the structure itself in a transformation drill, where the teacher and the students learn whether or not all the patterns mentioned above have been successfully assimilated. Thus, the purpose of drills is to learn the correct structures. While the drill is being conducted, the teacher should be alert to all errors and he should correct them as soon as possible.

As soon as the students know how to manipulate the patterns, they are ready to answer questions in the language. Asking and answering questions is much more closely related to real-life language activity and is normally much more interesting to the students. They can readily see the purpose of this activity and its similarity to actual speaking. Therefore, motivation and participation are not as great a problem. At the same time the difficulty level is much higher, and the students may become discouraged if they cannot answer as readily and as easily as they did during the dialogue memorization and pattern drill activities. The teacher’s task is to assure the students that as they practice real communication, their speed and ease of response will increase. Answering the questions the students are involved into different types of dialogic speech. They begin with simple form of a dialogue, i.e. question- answer form, e.g. “What is your friend’s name?”, - “Ascar”; “How old is he?”- “He is 19”, then this form of conversation is complicated into question –answer- question form, which requires not only giving information to your partner but also getting information from him, e.g. “Where do you live?”,- “In Almaty. And you?” The use of different forms of dialogues depends on the level of language learning. The first two forms are the examples of the elementary level. During the intermediate to advanced levels the students should acquire skills in question-statement to statement-statement forms of the dialogue, which include exchange of information, eliciting information from each other, discussions of topics based on the texts or real-life situations and expressing thoughts and ideas. These conversation

forms should include such questions as “What do you think of...?”, “What do you know about...?”, “How do you feel about ...?”, or “What do you think the author’s opinion about ...?”

The important point is that the better students should be provided opportunities to operate and to call up the previous materials in order to expand upon any topic related to the course material. Without such practice in going from thought to expression, the students never really learn to use the language because the language is essentially communication, and communication involves the exchange of thoughts or feelings with someone else. Although errors may creep into their speech, the fact that they are getting additional practice expressing their own thoughts by means of another language is the essential factor if they are ever to gain the fluency necessary to communicate with the native speaker. The students will eliminate their errors as they have more contact with the language.

But teaching students the communicative competence is accompanied with a number of difficulties, which the teacher must overcome in teaching process.

The act of speaking involves not only the production of sounds but also the use of gesture, the movements of the muscles of the face, and indeed of the whole body.<sup>1</sup> All of these non-vocal accompaniments of speaking as a communicative activity are transmitted through the visual medium. When we think of speaking in this way, therefore, it is no longer true that it is associated solely with the aural medium.

Almost all conflicts involve communication problems, as both a cause and an effect. Misunderstandings, resulting from poor communication, can easily cause a conflict or make it worse. Further, once a conflict has started, communication problems often develop because people in conflict do not communicate with each other as frequently, as openly, and as accurately as they do when relationships are not strained. Thus communication is central to most conflict situations.

Communication involves at least two parties- the speaker and the listener. Sometimes there are third parties: in-between people who carry messages from one person to another, or the media, for example, which has such transmission of information as its primary goal. Problems can develop at all three of these sources.

Speakers often are not clear themselves about what they mean, which almost assures that what they say will be unclear as well. Even when people know what they mean, they often do not say it as clearly as they should. They may hide their true feelings or ideas intentionally or unintentionally. Either way, people often get confused about other people's messages. This is especially common when people from different cultures try to communicate. Even if their languages are the same, culture acts like a lens through which we see and interpret the world. If their cultures are different, it is easy for the same statement to mean one thing to one person and something different to someone else. Thus intercultural communication is especially prone to errors.

Listeners also are sources of communication problems. People often fail to listen carefully. They may assume they know what the other person is saying or will say (because they have heard it before, or they assume that one person is "just like" another person from the same group). Also, when people are in conflict, they often concentrate more on what they are going to say in response to their opponent's statement, rather than listening to their opponents' words with full attention. The result, again, is misunderstandings, and often unnecessary escalation of a conflict.

Third parties can make communication better, or they can make it worse. Skilled third parties can help speakers clarify what they are saying, and they can help listeners hear what is really meant. They can act as go-betweens, carrying messages between people who cannot or will not meet face-to-face.

Unskilled third parties, or third parties with a different agenda can make matters worse. The media's goal, for example, is often not helping people understand each other better, but rather, presenting the story to meet the media's own goals which may be to inflame the readers' anger in order to sell more newspapers, or to support the publisher's or government's own interests and views.

*What the teacher can do to help to solve some of the problems? Here are some tips for teachers to use at the lesson.*

### **1. Use group work**

This increases the sheer amount of learner talk going on in a limited period of time and also lowers the inhibitions of learners who are unwilling to speak in front of the full class. It is true that group work means the teacher cannot supervise all learner speech, so that not all utterances will be correct, and learners may occasionally slip into their native language; nevertheless, even taking into consideration occasional mistakes and mother-tongue use, the amount of time remaining for positive, useful oral practice is still likely to be far more than in the full-class set-up.

### **2. Base the activity on easy language**

In general, the level of language needed for a discussion should be lower than that used in intensive language-



learning activities in the same class: it should be easily recalled and produced by the participants, so that they can speak fluently with the minimum of hesitation. It is a good idea to teach or review essential vocabulary before the activity starts.

### **3. Make a careful choice of topic and task to stimulate interest**

On the whole, the clearer the purpose of the discussion the more motivated participants will be.

### **4. Give some instruction or training in discussion skills**

If the task is based on group discussion then include instructions about participation when introducing it. For example, tell learners to make sure that everyone in the group contributes to the discussion; appoint a chairperson to each group who will regulate participation.

### **5. Keep students speaking the target language**

You might appoint one of the group as monitor, whose job is to remind participants to use the target language, and perhaps report later to the teacher how well the group managed to keep to it. Even if there is no actual penalty attached, the very awareness that someone is monitoring such lapses helps participants to be more careful. However, when all is said and done, the best way to keep students speaking the target language is simply to be there yourself as much as possible, reminding them and modeling the language use yourself: "there is no substitute for nagging!"

Good communication skills help us to solve problems successfully and maintain good interpersonal relationships. This is as true for young children as it is for adults. The process of communicating with others begins at birth and continues to develop throughout life. Primary school children are at an age when their abilities to express themselves, listen to others and successfully communicate their thoughts and feelings undergo rapid change. They are often eager to learn how to communicate better. People of all ages can have trouble expressing what they think and feel. Sometimes we just find it difficult to find the right words. Sometimes a situation seems intimidating and we feel shy to say what we really feel. Sometimes we are afraid that others will make fun of us or reject us. All of these difficulties are particularly common with young and adult learners.

1. Christopher Brumfit. *Communicative Methodology in Language Teaching. The roles of fluency and accuracy.* – Cambridge University Press, 1992, – P. 10; 50-60.

2. Davies P., Pears E. 2000. *Success in English Teaching.* – Oxford: Oxford University Press.

3. Penny Ur. *Discussions that Work.* – Cambridge University Press, 1981, – P. 6; 9.

### **Түйін**

«**The development of communicative competence – the goal of teaching a foreign language**» мақалада автор шетел тілін оқыту барысында басқа тіл әрекеттерінің жүйесінде сөйлеу әрекеттерін оқыту маңыздығын айта отырып, студенттердің коммуникативті құзіреттілігін дамыту ролін көрсетіп оның шетел тілін оқу удерісіндегі айтарлықтай маңыздығын ашып жазды. Соңымен қатар автор осы мақала арқылы студенттерге шетел тілін меңгеру және коммуникативті құзіреттілігін дамыту барысында кез келген қиындықтарды өту үшін бір неше жолдарын көрсетті.

### **Резюме**

В статье «**The development of communicative competence – the goal of teaching a foreign language**» автор раскрывает значимость обучения коммуникативным навыкам в изучении иностранного языка в системе других языковых умений и навыков, особо подчеркивая роль формирования и развития у студентов коммуникативной компетенции, что является ключевым моментом процесса изучения языка. Автор также предлагает некоторые способы решения проблем, с которыми сталкиваются студенты в процессе развития коммуникативной компетенции.

## **МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ДӘСТҮРЛІ ПӘНДЕРДІ ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР МОДЕЛІ**

**Б.К. Капанова, С.М. Джамилова, А.Макеева**

Дәстүрлі пәндерді экологияландыру деген дегенміз – мектепке алғаш келген жас сәбилерден берілетін барлық пәндерді экология қағидаларымен байланыстыра отыра жүргізу.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, жаратылыстану пәндері, тіл мен әдебиет пәндері және өнер саласындағы пәндер болып бірнешеге бөлінеді.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арқылы оқушылар адамзат баласы қоғам-биосферамен ноосфера саласындағы қарым-қатынастарының жалпы заңдылықтарымен таныса отырып олардың диалектикалық біртұтасылығы туралы экологиялық-биологиялық білім алады.

Айналаны қоршаған табиғи сыртқы ортаның физикалық, химиялық, биологиялық және эстетикалық жағдайлары, радиация: радиоэкологиялық жағдай, радионуклидтер, радондар, химиялық улы препараттар (пестицидтер мен гербицидтер, улы химиялық минералды тыңайтқыштар), биогенді және биокосты, зааттардың және тірі ағзалардың айналымы, кейінгі кезде пайда болған планетадағы жылу эффектісі, өндірістерден бөлініп шыққан улы қалдықтар, автомобильдерден тарайтын көміртек оксиді, диоксиді, экологиялық таза өнім, қалдықсыз жаңа технология, биосфера және ноосфера тұрақтылығы, адам экологиясы т.б. көптеген экологиялық ұғымдардың жиынтығы негізінде оқушылардың дүниетанымында көзқарасының экологиялық тұрғыда қалыптасуына жүйелі түрде берілуі керек.

Айналаны қоршаған табиғи сыртқы ортаның мөлшерден тыс ластанбауын бақылап, оны қорғаудың негізгі міндеті-адамзат баласы мен қоғамның және оның жеке аймақтардағы топтарының биосфера мен өзара қатынасының заңдылықтарын үйлестіру, соларды пайдаланып жаңа табиғи-мәдени орта жасау.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы халыққа экологиялық үгіт-насихат жүргізу моделінің мақсаты – әрбір адамзат баласына экологиялық іс-әрекет туралы түсінік беру.

Оқушыларға берілетін экологиялық білім мен тәрбие беруді стандарттау моделін жасау және оны қалыптастыру арқылы әр түрлі мекемелер мен ұйымдарда экологиялық қызмет-мекемелер мен ұйымдарда экологиялық қызмет пен шұғылданатын адамдарға қойылатын талаптар айқындалады.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру кезінде басқарушыларға экологиялық білім беру моделі бойынша елдің қауіпсіздігін сақтау және тұрақты дамуды жүзеге асыру мақсатында, бүгінгі және болашақ ұрпақтың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мүддесін сақтау, үйлестіру мақсатында заң шығару және нормалау істерінің экологиялық аспектісіне көп көңіл аударылады.

Экологиялық білім мен тәрбие беру жөніндегі проблемаларды үйлестіру үшін мемлекеттік емес, халықаралық, мемлекеттік, жеке ұйымдардың, банктердің, құрылымдардың және т.б. қатысымен экологиялық білім мен тәрбие берудің қамқорлық кеңесінің моделі дайындалуы қажет. Қамқорлық кеңесінің негізгі міндеті экологиялық білім мен тәрбие беру моделінің жүйесін қалыптастыру, қаржыландыру және ұйымдастыру проблемаларын білім беретін экологиялық мекемелерді тіркеу, ұстаздардың, әдіскерлердің, ұйымдастырушылардың срымен қатар экологиялық білім беретін басқат да мамандардың және т.б. біліктілігін дайындау, қайта дайындау, арттыруды қосақ есептеп, экологиялық білім беру моделін басқару.

Экологиялық білім мен тәрбие беруді идеологиялық тұрғыда қамтамасыз ету ісі білім мен тәрбие беру және өзге қызметті экологиялық ұстанымызға, өзінің және өзге халықтардың “экологиялық іс-әрекетін жүзеге асырып, Қазақстан Республикасының халықтарының тұрақты дамуына биосфера және әлемдік бірлестіктің берік, “серіктестік” сезімде болуына негізделуі тиіс.

Бірсыпыра моделдерді құрастыруға қолда бар материалдарды ғылыми жүйеге келтірудің өзі жеткілікті, ал кейбіреулерін іс жүзінде жаңадан жетілдіріп жүзеге асыруға тура келеді. Олардың орнын Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналып, экологиялық білім мен тәрбие беру үрдісінде тез өзгертін қажеттіліктерге жауап бере алатын жүйе ретіндегі экологиялық білім мен тәрбие беру үрдісінде тез өзгертін қажеттіліктерге жауап бере алатын жүйе ретіндегі экологиялық білім мен тәрбие берудің іс жүзіндегі құрылысымен идеясын одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін өзге моделдер алмастырады.

Арнайы бағдарламалардың мазмұнын толықтыру үшін экологи саласында халыққа экологиялық білім мен тәрбие беру және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу ғылыми модельдері болуы керек. Бұл ғылыми модельдер экологиялық сауатты әлеуметтік саласында орта қалыптастыруға, экология мамандарын шығару арқылы бәсеке тудыруға, экологиялық шешімдер қабылдау мен жүзеге асыруды халықтық білгір бақылауға алуға көмектеуі, тиіс-экологиялық сауаттылық.

Экологиялық стандарттар, негізгі модельдер жасау және жүзеге асыру арқылы меншік түріне қарамастан мекемелерде ұйымдарда, экологиялық қызмет атқаратын адамдарға қойылатын кәсіби талаптар жүйесін қалыптастыру қажет.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются некоторые модели экологизации основных предметов.

### **Summary**

The article deals with the problem of environmental education at present.

## БОЛОН (12 ЖЫЛДЫҚ) ЖҮЙЕСІН ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАҢА ТАЛАПТАР

А.С. Ерназарова – ҚазМемҚызПУ

Білім беру «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдылықтарының бірі ретінде мойындалды. Отандық білім беру жүйесінің жаңаруы жағдайында әлемдік білім беру кеңістігіне ашық интеграцияға түсуі, шетел тәжірибесінің жағымды жақтарын сыни тұрғыдан қарастырып, ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеп қолдануды қажет етеді. Қазіргі уақытта Қазақстан білім беру, адам мен баланың құқығын қорғау салаларындағы барлық негізгі халықаралық құжаттардың қатысушысы болып саналады: оның ішінде Адам құқықтарының Жалпы ортақ Мәлімдемесі, Баланың құқықтары туралы Халықаралық келісім, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық Мәлімдемесі, Жоғарығы деңгейдегі білім беру сапасын көтеру болып табылады.

Болон жүйесі дегеніміз – жоғары білім министрлерінің Декларациясымен сәйкес жоғары білімінің еуропалық жүйелерінде, яғни (Париж, 1998; Болонья, 1999; Прага, 2001; Берлин, 2003) қабылданған елдерге жақындасу процесін белгілеу үшін жиі қолданылатын термин. Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру жүйесіне болон жүйесінің енуі Лиссабон Халықаралық келісімі және т.б. Джомтвен мен Дакардағы «Білім беру барлығы үшін» форумдардың ұсыныстарын қолдау мен іске асыру мақсатымен Қазақстан «Білім беру барлығы үшін» әрекеттерінің Ұлттық жоспарын қабылдады.

Ұлттық білім беру жүйесін дамыту туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын, сондай-ақ «Еуропаға жол» бағдарламасын іске асыру ауқымында, Болон процесі елдері-қатысушыларының (Будапешт, Венгрия және Вена, Австрия, 11-12 наурыз 2010 ж.) Білім беру министрлерінің II Болон Форумында Қазақстан Болон мәлімдемесіне қосылды да Болон процесінің 47 елі-мүшесі болды. Болондық жүйеге қосылу ұлттық білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жасауға әкелді. Болон жүйесінің мақсаты – еуропалық бастауыштан бастап жоғары мектептің бәсекелестігін өсіру және азаматтардың жинақтылығын жоғарылату, жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың оқу сапасын жоғарлату. Бұл үшін Болондық жүйе мынандай мүмкіндіктерді береді:

- әр бір тұлғаның өздері қалаған жерде білім алу мүмкіндіктерін беру;
- кез келген ұлттық білім беру жүйесімен сәйкес келуі;
- еуропалық білімнің баулуын және бәсекелестігін көтеру;
- жалпы білім беру мектептерінде академиялық кредиттер жүйесін енгізу;
- білім сапасын бақылау;
- оқытушылар жинақылығын кеңейту;
- халықаралық сынақ ауысымын жасау мүмкіндігі;
- дипломдардың жалпыеуропалық дипломдарға сәйкес келуі [1].

Жалпы білім беру мектептері Болон жүйесін қабылдау үшін 12 жылдық оқуға көшеді. Бұл жүйені жақсылап біліп алу үшін, қазіргі таңда осы жүйеде оқып жатқан елдердің білім беру жүйесін зерттеу арқылы анықтай аламыз. Осыдан келе қазіргі таңда біздің Республикамыздағы білім беру жүйесіндегі оқытылып жатқан бағдарламалардың, жоғарыда айтылып кеткен Болон жүйесіне сәйкес келеме? Бағдарламалардың қаншалықты өзгеріске енетінін білуіміз керек. Ол үшін жүйені қабылдаған мемлекеттердің оқытылу жүйесін зертей отырып, керекті жауаптарды аламыз. АҚШ, Жапон, Қытай, Тайван т.б. елдерінің жалпы білім беретін мектептерінің оқыту жүйесіне көз салсақ, олардың оқыту жүйелері 12 жылдық екенін көреміз. Осы кесте арқылы жалпы білім беретін мектептердің жүйесін байқауға болады.

| АҚШ мемлекетінде баланың оқушы атануы |                                     |   |
|---------------------------------------|-------------------------------------|---|
| Бастауыш мектептегі жастары           | Орта білім беретін мектепті жастары | Жоғарғы білім беретін мектепті жастары                  |
| 5 жастан бастап барады.<br>1-6 сынып  | 10 жасында 6-8 сыныпта бітіреді     | Жоғары білім беретін мектеп.<br>Оны 18 жасында бітіреді |

Балалар тәлім-тәрбиені 5-8 жас аралығында бастайды және 18 жасқа дейін аяқтайды. Болондық жүйені қабылдаған елдердің оқуға деген талаптары жоғары болғандықтан балаларды балабақшаға барғанан білімге деген көзқарас басқаша болады. Сәби жасынан болашақта кім болатынын алдын ала жоспарлайды, осы мақсатқа жету үшін 18 жасына дейін сол мамандыққа жақын пәндерді тереңдете оқи бастайды. Жалпы білім беретін мектептерде үш деңгейлік оқу жүйесі болады:

- бастауыш мектеп;
- орта білім беретін мектеп;
- жоғарғы білім беретін мектеп.

Бастауыш пен орта білім беру мектептері міндетті болады, ал жоғарғы білім беретін мектеп әр бір тұлғаның қалауынша жоғарғы оқу орындарына түсуге дайындалады. Сол себептен тек керекті пәнді оқуға талпынады. Аталмыш мектептердің талаптары әр түрлі, солардың ішінде міндеті оқу – бастауыш мектеп болып табылады. Бұл бастауыш мектепте барлық, негізгі пәндер оқытылады. Мәдени сабақтардан бастап, теориялық сабақтарға дейін. Мәдени сабақтардың ішіне музыка пәні ерекше орын алады. Бұл пәнің оқытылу бағдарламасы біздің оқыту бағдарламасынан өзгешелеу, олай дейтін себебім, алғашқы сабақтан бастап, сауаттылыққа көңілді ерекше бөледі. Ең алдымен музыка сабағын түсіну үшін, олардың білімдік деңгейлерін көтеру мақсат. Яғни музыкалық сауатқа көңіл бөледі. Орта білім беретін мектепке көшкенде, олардың музыка сабақтарына сольфеджио, гармония, композиция пәндері қосылады. Музыка пәнін оқу үшін алдын ала емтихан барысында білімдік деңгейлерін анықтап алады. Оқушының білімі деңгейі анықталған соң, бұл пәнді оқи бастайды. Мектепте, жоғарғы оқу орында сияқты А/В/С/D/F системасы бойынша қойылады. «А-» жоғарғы баға, «В-» жақсы, «С-» орташа, «D-», «F-» қанағаттандырылмаған, кейде бір себептерге байланысты «D», қанағаттандырылған баға болып, саналуы мүмкін. «F-» бағасынан басқа, барлық бағалаларға «+» немесе «-» қойылуы мүмкін. Болондық жүйенің ерекшелігі жалпы білім беру мектептерінде оқушы бір аспапты меңгеріп шығады және жоғарғы оқу орындарына түсу үшін арнайы мамандармен жұмыс жасайды. Мектеп қабырғасында оқып жүріп мәдени шараларға қатысады және шеберліктерін машықтай түседі. Жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың құралған ансамбльдер мен хор, оркестр ұжымдары болады.

Бұндай Болондық жүйені қабылдауға еліміз дайынба және білім сапасын кәсіби деңгейге көтере аламыз ба? Осы сұрақтарға жауап беру үшін ең алдымен жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасының білімдік деңгейі мен білім сапасын жөндеу үшін осы елдердің бағдарламасын ала отырып, жұмыс жасау керек. Әр баланың өнерге деген қабілетін ашу және қазақ халқының таусылмас мұраларын, балалардың бойына сіңіру, біздің қолымызда. Сол себептен қазіргі таңда орта мектепте музыканың мазмұны қандай болуы керектігі туралы талаптар қойылады. Орта мектеп бағдарламасы, яғни музыка сабағының мазмұны, заманына қарай қайта анықталып отырылуы керек. Оны анықтайтын жағдайлар мыналар:

- 1) қазіргі заманғы музыка пәнінің ғылыми дамуындағы тенденциялар;
- 2) қазіргі еліміздегі экономикалық дамуға байланысты практика талаптары;
- 3) заманға сай музыка пәніндегі мазмұнына деген жалпы педагогикалық көзқарастарды жатқызуға болады;
- 4) қазіргі заман талабына қарай білім деңгейімен талаптары;
- 5) жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасымен оқу жүйесіне талаптары.

Осылайша 12 жылдық бағдарламаларға сәйкес етіп жасалуы тиіс. Ол үшін бастауыш мектептен бастап, оқушылар музыка пәнінде музыка сауаттылығынан бастап, әрі қарай оны дамыту жағын ойластыру керек. Яғни, жалпы білім беру мектептердің оқу деңгейі бастауыш сыныптарды және орта білім беру сыныптарды үш категорияға бөлген дұрыс:

- а) музыка сабағының бастапқы кезеңіндегі сауат;
- б) музыка сауатын жоғарғы деңгейде оқытылатын, яғни кәсіби білім алуы;
- в) Болашақта музыка мамандығын таңдаған тұлғаны кәсіби түрғыда даярлау мүмкіндіктерді жасау.

Демек, категорияға сәйкес музыка сабағының бағдарламасы да мазмұн жағынан үш түрлі болуы тиіс. Жалпы білім беру мектептеріндегі жалпы еуропалық кеңістігін қалыптастыруға байланысты міндеттерді шешу Болон үдерісіне тікелей байланысты болып тұр. Себебі 50 елдің қатарына қосылу үшін біздің оқу деңгейімізде осы елдермен қатарласып өсу тиіс. Заманына сай жастарды тәрбиелеп, олардың болашағын нұрлы ету біздің қолымызда. Ал болашақ жастардың қолында!

1. Андасова Б.З. *Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмысының педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. авторефераты.* – Астана, 2007, – 30 б.

2. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы) Егемен Қазақстан (29 қаңтар 2011 жыл).

3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы. – Астана, 2004.

4. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының заңы. – Астана.

### **Түйін**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер көтеріліп, өзге елдердегі білім беру жүйесімен салыстыра отырып, анализ жүргізілді. Автор дүние жүзіндегі ең алғы қатарлы елдер арасында терең салыстырмалы анализ жүргізе отырып қана қоймай, сол елдердің білім беру жүйесін, нақты айтқанда Болон жүйесі біздің елімізде алатын орның айқындап, ерекшеліктерін ескере отырып, оның функциясының негізін лайықтап көрсеткен.

### **Резюме**

В данной статье автор поднимает немало важный вопрос в системе современного образования Республики Казахстан касающегося принятия Болонской системы. Автором определяется терминология и использования образовательной системы во всех лидирующих странах. Проводиться детальный, сравнительный анализ для выяснения о готовности принятия и работы по новой Болонской двенадцати летней системе обучения. Также говорится о общем строении, особенности, уникальности, практичности этой системы на примере других стран. Автор останавливается на уроки музыки, дает полный обзор функциональности данного предмета и предлагает ряд решения возникнувшим проблемам при переходе с одной образовательной системы на другую.

### **Summary**

In article the current state of music education of Kazakhstan Republic is considered. The main emphasis in research is made on possible ways of improvement of pedagogical process in musical educational school.

## **ЖАЗУДЫҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

**А.С. Рахышова** – оқытушы, «жалпы педагогика және психология» кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Жазу тілі оның ішінде жазу бұл өте күрделі психологиялық процесс. Бұл жайында ғылымның әр саласындағы ғалымдар санасына көптеген қызығушылық тудырса да, көптеген ғалымдардың ешбірі бұл мәселені жеткілікті зерттеген жоқ. Бұл фактының өзі де осы психикалық процесстің күрделі екендігін дәлелдей түседі.

Егер де баланың психикасындағы әрекетіне жазудың ықпалы және маңызы жайлы айтар болсақ, бұл жөнінде, Л.С. Выготский былай дейді: «...Жазу бұл балалардың бойындағы әлі дамып жетілмеген функцияларының пайда болуына, олардың жетілуіне, содай-ақ жазу тіліне үйрету бұл баланың әртүрлі қабілеттерінің дамуына себін тигізеді, дейді». Мысалы, өзінің біліктіліктерін еркін пайдалануына, өз кезегінде жазу тілінің дамуына ерекше ықпал ететін, ауызша тілдің дамуына, түйсінуге көмектеседі. Осы екі жағдайсыз ауызша сөйлеудің жетілуі, дамуы сондай-ақ еркін және саналы өзінің әрекеттерінің бақылауына, ең бастысы жазбаша тілдің дамуы тіптен болуы мүмкін емес нәрсе.

Л.С. Цветкованың зерттеуіне, жазған еңбектеріне көңіл бөлсек, ол былай дейді: «Көптеген уақыт бойы зерттеушілер жазбаша тілі мен ауызша тілдің арасындағы байланыс жайлы айтпай, ол жайында бұл сұрақтан қашқақтап келген болатын».

XIX ғ. Өзінде неврологиялық классиктер, жазуды, тек оптико-моторлық акт деп, ал оның бұзылуының сипатын көрудің орталығы мен моторлы сөз құралу орталықтарының бұзылуының байланысы деп келді. Бұл пікірге Л.Литхейм, С.Верних де қосылды. (1874 ж.) Кейінірек, 1881 ж. Зерттеушілер жазбаша тіл яғни жазу бұл тек қабылдауы мен қимыл-қозғалысына қатысты емес, сонымен қатар ауызша тілмен де байланысты деген нақты соңғы пікірге келді. Сонымен қатар, Л.С. Цветкова «Жазу процесі бұл ауызша сөйлеу тілімен ерекше байланыста және оның өзі болып табылады дей отырып, бұл түйсікті және еркін, монолог – сөйлеу болып табылады», деп тоқталады.

Ал бұл жөнінде Л.С. Выготский былай деген екен: «жазбаша сөйлеу тілі бұл ауызша сөйлеу тілімен тығыз байланыста бола отыра, еш уақытта және ешқашан ауызша сөйлеу тілінің даму тарихын қайталаған емес және қайталамайды да». Л.С. Выготский ауызша сөйлеу тілінің пайдалануын біріншілік символдарды қажетсінеді, ал жазу екіншілікті деп тұжырымдайды. Оның ойынша жазу бұл ең көп сөзді, анық және ауызша тілдің ауыстырылған түрі. Жазбаша сөйлеу тілінде кейбір ауызша сөйлеу тіліндегі мимика, қол қимыл-қозғалысымен әрекетпен көрсетілетін, қимыл-қозғалыс орына сөз ойлап табуға мәжбүр болады. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілдерінің аралығындағы байланыс, екеуінің ішкі сөйлеу тіліне қатыстылығында, айрықшалана түседі. Бұл ерекшелік – жазбаша сөйлеу тілі, тек ішкі сөйлеу тілі дамып, болғаннан кейін ғана дамиды. Х.Джексон белгілі ағылшын неврологы XIX ғ. Жазу тілі яғни жазбаша сөйлеу тілі бұл – ішкі сөйлеу тілінің кілті болып табылады деген.

Жазбаша сөйлеу тіл баланың психикасының дамуына өте маңызды роль атқарады. Баланың психикалық дамуының сферасының рөлі – алдымен түйсік процесін саналы және еркін ауызша сөйлеу тілінің қалыптасуы болып табылады.

Жазудың мазмұны мен дамуының түсінуінде ең үлкен роль генетикалық зерттеу әдісіне жатады. Л.С. Выготский былай жазған болатын, «жазбаша сөйлеудің дамуы, баланың оған дайындығы мектепке дейінгі уақытта басталады. Мәселе мынада, балалардың заттық-жазудың өзіндік деңгейлері бар: балалар сурет сала бастағаннан-ақ, бұл жазуға дайындық болып саналады, сондай-ақ жест – бұл ауада жазу, кейін даму процессінде жазбаша (жазу) таңбаларына айналады». Сонымен, Л.С. Выготский бойынша жазбаша сөйлеу тілі бұл, заттарды суреттеуден, сөйлеуді суреттеуге өтетін жол арқылы дамиды. Жазбаша тілді игеру – ерекше және күрделі таңбалардың символикалық жүйесін игеру болып саналады.

Сонымен, жазудың психологиялық талдауы және оның балаларда жазудың қалыптасуы, психикалық әрекетінің осы ең күрделі процесс екендігін айқындай түсердей. Жазуды тек, бір тұрғыдан идеомоторлы акт және тек қозғалысты, (моторлы) сенсорлы акт деп қарастыруға болмайды, ал керісінше жазуды, психологиялық мазмұнына әртүрлі процесстер кіретін және тек солардың өзара қатынасынан сондай-ақ оқыту жолымен ғана қалыптасатын, психикалық процесс болып табылады, осы тұрғыдан қарастыру керек.

Жазудың дұрыс қалыптасуы үшін осы процесстердің барлығы сақталған жағдайда, болатынын көптеген авторлар өз жұмыстарында дәлелдейді. Ол авторлар Р.Е. Левина, Р.М. Боскис ойлау-ес әрекеттерінің толық дамып, сақталғанда ғана жүзеге асатын жазудың қалыптасуы үшін, есту процессінің талдауы сақталуы тиіс.

Сонымен қатар, А.Р. Лурия, Л.С. Назарова, М.Н. Кадочкина, А.Н. Соловьева, Э.С. Бейн, Р.Е. Левина және т.б. авторлар жазудың дұрыс қалыптасуына артикуляторлы-кинестетикалық дыбыстардың талдауының (яғни сөздегі дыбыстардың орнының) сақталуы маңызды роль атқарады. А.Р. Лурия, Р.Е. Шиф, С.И. Кауфман және т.б. ғалымдар жазу процессінің қалыптасуына көру-мнестетикалық процесстердің және кеңістікті қабылдаудың сақталуының қажетті екендігі туралы айтады.

1. *Общая психология. под ред. Петровского А.В. – М.: Просвещение, 1970.*

2. *Аннушкин В.И. Опыт периодизации русской риторики. – М.: знание, 1991.*

3. *Бахтин М.М. Проблема текста в лингвистике, филологии и других гуманитарных науках. – М.: Искусство, 1979.*

4. *Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция. Под ред. Лебединского В.В., Никольской О.С., Баенской Е.Р., Либлинг М.М. – М.: Просвещение, 1990.*

5. *Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. – М., 1974.*

#### Резюме

В данной статье рассматриваются психофизиология письменной речи и о исследованиях письменной речи многих зарубежных авторов.

#### Summary

In this article the psychophysiology of written speech and about isledovany written speech of many foreign authors in considered.

### БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Г.Б. Алимбекова, А.М. Калышева – Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, 1-курс магистранты

XXI ғасыр жоғары технологиялардың, кәсібиліктің және шынайы мамандық иелерінің ғасыры болатындықтан жаңа ұрпақ жоғары білімді, көзқарасы барынша жан-жақты болып, айтарлықтай кәсіби дайындықтан өтулері қажет. Өйткені, *біздің басты мақсатымыз* – еліміздің ғылыми-шығармашылық, интеллектуалдық потенциалын нығайтуға ат салысу. Білімі, ғылымы, өнері өркендеген елдің өрісі кең, шаңырағы да биік, мықты болады. Үлкен мәдениеттің, өркениеттің негізі білімде екені ескеріліп, Президенттік «*Білім*» бағдарламасы қабылданды, ғылым, ғылыми қызметкерлер туралы заңға толықтырулар жасалды.

Қазіргі жағдайда жоғары дәрежелі мамандыққа қойылатын талап түпкілікті өзгерген. Уақыт нағыз

ауқымды, шығармашылық дербестіктеріне, ғасырлар бойы жинақталған жалпы адам құндылықтарын тасымалдай алатындығына, психология-педагогикалық диагностика тәсілдерін терең меңгерулеріне, қазіргі кәсіптік технологиялар мен кәсіби қатынас мәдениеттіліктеріне талап қояды.

Мұғалімнің кәсіби қызметі жүйесіндегі қазіргі білім беру технологиясының алатын орны ерекше, себебі әрбір педагог жаңа технологияны меңгеру барысында жақсы бір жетістіктерге жетеді, өзінің кәсіби білім деңгейін кеңейтеді және көтереді. Қазіргі кезеңде оқу дәрежесі мына өзгерістерді қамтиды:

- адамның танымдық қызметінің белсенділігін игеруге бағытталуы;
- жеке тұлғаның сұранысы және қажеттілігі білім үдерісіне қарай ауысуына;
- оқытудың жеке оқушыға бағытталып, мүмкіндігін ашуға жол беруі.

Әр жылдың ұсынары бар және қалай болса да заман ағымынан қалмай ілгері жүру – ұлы мұрат. Осы орайда жастарды тәрбиелеуде ақыл-ойдың алыбы Абайдың «Ғылым іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үнілдім» дегеніндей, тез жетілудің амалын, әдіс-тәсілдерін іздестірген абзал. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа жолдары мен әдіс-тәсілдері, үздіксіз үдерістерді, жаңа жобаларды озық елдерде жасалынып, қолға алынып жатқаны мәлім. Оның нәтижелерін де көптеп кездестіруге болады. Ендеше болашақ технология пәні мұғалімдерін даярлауда, оқытуда бізге де ғылыми басқару әбден қажет.

Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру, болашақ ұрпаққа білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, сапалы кәсіби білім беруді қалыптастыру – **мемлекеттік саясаттың басты мақсаты**.

**Кәсіби білім беру саласының басты мақсаты** – 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту, білім берудің инфрақұрылымын жасауды аяқтау, бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы кәсіби білім беру қызметін жетілдіруге қол жеткізуіміз керек.

Жалпы, пән мұғалімдерінің теориялық және әдіснамалық дайындығы оның кәсіптік жарамдылығының көрсеткіші бола алмайды. Мұғалімнің білімдерді қалай алып, меңгеруге болатынын және оларды қай жерде қалай тиімді пайдалану жолдарын білуінің, қандай дәрежеде өзінше ойлап, дұрыс қорытынды шығара алатындығының маңызы зор.

Сондықтан, олар жаратылыстану білімдерінің құрылымы мен атқаратын қызметін, логикалық ойлаудың заңдары мен ережелерін, ой қорыту тәсілдерін меңгеру арқылы, оның ғылыми заңдылықтары, ғылыми теориялардың дұрыстығына көз жеткізу немесе оны теріске шығару, ғылыми зерттеу әдістерімен қарулануы қажет.

Сонымен қатар, **«технология»** пәні мұғалімдерінің аталған білімдерді өздері меңгерумен бірге оқушыларға қалыптастырудың да теориясы мен әдіс-тәсілдерін білуі тиіс. Бұл жағдай оқушылардың теориялық-әдіснамалық білімдерін жетілдіру мақсатында «технология» пәні мұғалімін әдейі арнап дайындау арқылы, оқушыларға терең және жүйелі білім қалыптастыруға, олардың жасампаздық белсенділігін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Демек, мұғалімдер қауымы технология пәнін оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, білімді терең және жан-жақты игерудің жолдарын, технология пәнінің ғылыми негіздерін меңгеру мәселелерін, шәкірттің ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту сияқты оқытудың ең тиімді түрлерін қарастырғанымыз жөн.

**Дидактиканың түрлі варианттарын** қолдана отырып білімдарлық құрылымды көтеру мүмкіндігін алу, тәжірибелік дәйектеменің жаңа идея мен технологияның ғылыми негізін жасау, жаңа тұжырымдамалар мен идеялар мұғалімнің кәсіби дайындағын жақсартуды талап етеді. Білім берудің жаңа жүйесінің басты ерекшеліктеріне мыналар жатады: әртүрлі деңгейдегі білім беру мен кәсіби іс-әрекетін жобалауға қабілетті педагог дайындау. Жаңаша ойлайтын мұғалім міндетті түрде жаңа бағыттағы идеялар, технологияларды меңгеруді және сол білімдарлық технологияны меңгеруге дайын болуы керек.

Педагогикалық зерттеулер Н.Д. Хмель атап көрсеткендей, кәсіби даярлаудың нәтижелері мұғалім тұлғасына шоғырланатынын көрсетті, ол мектепке қойылатын талаптар мұғалімдерді даярлау жүйесіндегі өзгерістерге қарағанда жылдамырақ артатынын алдыға тартты. Н.В. Кузмина: «Мұғалімнің оқытудағы жіберетін қателіктері оқушылардың білімдерінде көрінеді, соған проекцияланады» – деді.

Қалай оқыту керек? дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады. Әдіс – жоспарланған мақсат пен соңғы нәтиженің арасын байланыстыратын оқу үдерісінің өзегі болып табылады. Оның айқындаушы ролін **«мақсат-мазмұн-форма-оқыту әдісінің құралдары»** көрсетеді.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы т.б. қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Сондай-ақ қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл ой тәрбиесі деп есептелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін адамшылдық қасиеттің бірі – ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыста, әділдікте, адамгершілік пен имандылықта болары сөзсіз.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспай қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін қауым елге жеткізетін негізгі құрал – бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз.

Елімізде тәрбие беру ісінде бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) маңызы ерекше. Десек те жаңа қазақстандық қоғамда теледидар мен радионы пайдалануға мүмкіндіктер болғанымен әлі де жеткіліксіз.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндегіміз болып қала бермек.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Адам тәрбиелеу, ұрпақ өсіру – ең жауапты мәселе.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстан-2030” жолдауында: “Оқушыларды Қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптасуымыз керек,” – делінген.

Бүгінгі жаһандану үдерісінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі жас ұрпақ өкілдерін патриотизмге тәрбиелеудің ұлттық жүйесімен тығыз байланысты қарастырылады. Сондықтан да “мәдениет-тарих-білім” макропарадигмасы патриоттық тәрбиенің өзегі болғандықтан, Жолдауда “Қазақстан армиясын жаңғыртуды және оның жауынгерлік дайындығын жетілдіруді жалғастыруды” сыртқы саясаттағы және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басымдықтары қатарында қарастырылуы ұлттық білім мен тағылымды тәрбиенің терең тамырын бекіте түседі.

“Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды” деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;
- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- ата-бабалар өсиетін оырндау;
- жер байлығы мен табиғатты қасиеттеу.

Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл – туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттың тілі, дәстүрі, мәдени ескерткіштері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуына отбасы тәрбиесі әсер етеді.

“Ел болсам десең, бесігіңді түзе” – дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдерімен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс.

Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі, бала-шағаның баянды болуы жастардың тағдыр-тәлейінің қалай қалыптасқанына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу орындарының басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу.

Жастарымыздың бойына елжандылық, азаматтық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдерді жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі асқақтай түседі.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Назарбаев мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазады: “Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен Қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...” Осы қағиданы әр ұстаз басты мақсат етіп алдына қойса, оқу тәрбие үрдісін ұйымдастыруда әр ата-ана мектепке көмек берсе, сонда ғана бәсекеге қабілетті, білімді ХХІ ғасырдың азаматын тәрбиелейміз.

Осыған орай мұғалім (тәрбиеші, сынып жетекшісі, ата-ана) қазақ жастарының келбетін қалыптастыруда мектеп, ЖОО тәрбие жұмысында төмендегідей қасиеттерді қалыптастыру керек:

- өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделе білу;
- әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгіліктік құндылықтарға сүйене отырып мақсат қоя білуі керек;
- ұлттық санасы, азаматтылық отангерлік қасиеттері болып елінің экономикалық және мәдени дамыған, әлемдік қоғамда сай орны бар зиялы мемлекет болып қалыптасуына қатысуға талпынуы керек;
- заңды сыйлап және әлеуметтік жауапкершілікті болуы қажет, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы болуы керек;
- өзін объективті бағалайтын және өзін дамытатын қабілеті болып, өз потенциалын (қабілеті, мүмкіншілігін) сезініп, оны іске асыра білуі керек, өздігінен шешім қабылдап, оны шеше білуі керек, алдына мақсат қойып қажет және не нәрсенің алдын ала білуі қажет;
- өмірде бар жағынан жоғары әлеуметтік белсенді болуы керек, жаңаны іздеуге өмірлік және кәсіптік мәселелердің стандартты емес шешімдерін табуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті болуы керек;
- жанашыр, өнегелі, парасатты, басқа ұлтты, басқа діндегі, басқаша ойлайтын адамға шыдамсыздық пен жаугершілік көрсетпейтін қабілеттері болуы керек;
- өз денсаулығын қалпына келмейтін өмірлік ресурс ретінде бағалау;
- әлемдік және ұлттық мәдениет байлықтарын бағалай білуі керек.

Жан жақты жарасымды дамыған, мәдениетті, білімді, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу халық арманы.

Шығармашылықтың қайнар бұлағы – ғылыми білім. Педагогикалық қызметте көптеген факторлар өзара байланыста жүреді. Дегенмен, қайталанбас жағдаяттар да туындап отырады. Тәрбиелік үдеріс алдымен жобада, сосын педагогикалық болмыста қайта жаңғырады. Оқушының, студенттің тұлғасы – қайталанбас құбылыс. Тәрбие объективті және субъективті факторлардан тұрады. Объективті факторларға елдің әлеуметтік-тарихи ерекшеліктері, мәдени дәстүрлері, ал субъективті факторларға педагогтардың тұлғалық қасиеттері, олардың педагогикалық шеберлік деңгейі, дара-типологиялық, психологиялық ерекшеліктері, тәрбие үдерісіне қатысушылардың тұлғалық бағдарлары жатады.

Тәрбиелік өлшемдер:

- жалпыадамзаттық гуманистік үстем идеяларды меңгеру дәрежесімен;
- қоғамның этикалық нормалары мен эстетикалық құндылықтарын меңгерумен;
- тәрбие үдерісінде қалыптасқан тұлғаның сапа-қасиеттерінің деңгейі және сатылы құрылымымен анықталады.

Тәрбие – нақты мақсат мазмұн мен әдістердің сәйкестігін керек ететін мақсатқа бағытталған үрдіс. Тәрбие мақсат пен әдістің бірлігі арқылы анықталады.

“Америкалық сөздікте” тәрбие адамның қабілеттерін, қарым-қатынастарын және мінез-құлықтың формаларын дамытатын барлық үдерістердің жиынтығы деп көрсетілген. Тәрбие қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайымен байланысты нақты-тарихи құбылыс болып табылады.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Ж.Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. Ол “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы.

1. Тәжібаева С.Ф., Қалиева Г.И. *Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы*. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005.

2. Тәжібаева С.Ф. *Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы*. – Алматы: «Қазақстан мектебі» №3, 2007.

3. Әбішқызы С., Сарманов Ж. *«Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние»*. 2008 ж.

4. Керімбаева М.С. *«Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі»*. – Астана, 2007.

5. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы*. – Астана, 1999.

6. *Қазақстан Республикасының 2015жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы*. – Астана, 2003.

## УПРАВЛЕНИЕ ВОСПИТАТЕЛЬНЫМ ПРОЦЕССОМ ВО ВНЕУЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВУЗА

С.Г. Тажбаева – к.п.н, доцент, КазНПУ им. Абая, г. Алматы

Эффективное формирование личности учителя-профессионала может осуществляться только в рамках разумно-организованной и четко функционирующей педагогической системы, в которой выделяются две основные подсистемы – учебный процесс и внеучебная деятельность студентов.

**Внеучебная деятельность студентов** представляет собой одну из важных составляющих подсистем учебно-образовательного процесса педагогического ВУЗа, обеспечивающую профессионально-личностное развитие и саморазвитие будущего учителя на основе индивидуально-творческого подхода.

Только выработав у себя профессионально-личностные качества, будущий учитель может полностью реализовать себя и как личность, и как профессионал в своей практической деятельности [1].

Внеучебная деятельность есть совокупность взаимосвязанных воспитательно-образовательных мероприятий, которые отражают социальную активность студентов, обладают такими чертами, как целеположение, сознательность, продуктивность, самостоятельность. Внеучебная деятельность представляет собой составную профессионально-педагогическую часть системы, которая в современных условиях является важнейшим условием функционирования образовательного учреждения. Именно поэтому создание предложенной нами системы должно стать главной заботой в любом учебном заведении.

Сопоставив реальное положение дел в учебном заведении с разработанной нами моделью, мы выделили те участки учебно-воспитательного процесса, которые не соответствуют современным требованиям и поэтому они были усовершенствованы и использованы в учебно-воспитательном процессе ВУЗа.



Изложенные выше теоретико-методологические положения послужили основой для разработки модели внеучебной деятельности студентов как воспитательной системы. деканата, совета по воспитательной работе и других). Схематично модель организации внеучебной деятельности в соответствии с трактовкой структурой педагогического процесса (Н.Д. Хмель) представлена на рисунке №1 [2].



Внедрение предлагаемой модели в практику воспитательной работы в ВУЗе, координация деятельности всех ее звеньев возлагается на Совет по воспитательной работе, созданный при проректоре по воспитательной работе. Модель деятельности будущих учителей позволяет решить целый ряд задач конкретного преобразования учебного процесса и воспитательного воздействия. Эта работа будет эффективной при внедрении теоретической модели профессионально-личностной воспитанности будущих учителей (таблица №1) [3].

Психологи (А.Н. Леонтьев, Н.К. Платонов), исследуя качества личности, пришли к выводу, что структура любого качества одинаково и состоит из четырех элементов: чувства (отношение человека к чему-либо) сознание, убеждение (воля, и навыки поведения). Однако эти элементы по отношению друг к другу находятся в неодинаковой взаимосвязи. В одних качествах на первое место выступает чувство, в других – навык поведения. Вместе с тем в структуру любого качества личности входят мотивы, обеспечивающие положительное отношение личности к соответствующему поведению, рефлексии и самооценку [4].

Руководствуясь этим положением теории личности, мы в своем исследовании выделили мотивационный, содержательный, процессуальный и оценочный компоненты формируемых личностных качеств будущего учителя. В таблице №1 представлено теоретическая модель профессионально-личностной воспитанности.

Таблица №1 – Теоретическая модель профессионально-личностной воспитанности будущих учителей во внеучебной деятельности ВУЗа

| Структурные компоненты формируемых качеств | Содержательная характеристика  |
|--|--|
| Мотивационный                              | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Наличие положительного отношения к профессии учителя;</li> <li>- Положительное отношение к воспитательной работе;</li> <li>- Осознание значимости воспитательной работы;</li> <li>- Интерес к воспитательной работе;</li> <li>- Стремление к овладению современными технологиями воспитания;</li> <li>- Потребность к самореализации</li> </ul> |
| Содержательный                             | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Знание теории целостного педагогического процесса;</li> <li>- Знание современных форм и методов воспитательной работы;</li> <li>- Знание сущности воспитания;</li> <li>- Знание профессионально-личностных качеств современного учителя;</li> <li>- Подготовка к воспитательной работе в ВУЗе</li> </ul>  |
| Процессуальный                             | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Умение педагогического мониторинга;</li> <li>- Проектировочные умения;</li> <li>- Гностические умения</li> </ul>  |
| Оценочный                                  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Владение самооценкой, рефлексией личностного поведения;</li> <li>- Уметь и формулировать воспитательные задачи;</li> <li>- Находить оптимальные способы решений</li> </ul>  |

В реальной практике представленные в модели компоненты и признаки проявляются структурные у студентов не одинаково. Поэтому у студентов же с помощью мысленного эксперимента мы предположили наличие четырех уровней сформированности искомых личностных качеств; низкий, средний, достаточный, высокий [5].

Содержание структурно-содержательной характеристики профессионально-личностных качеств будущих учителей послужило основой для выбора и показателей сформированности данных качеств, что явилось инструментарием для диагностики в опытно-экспериментальной работе.

Таблица № 2 Критерий и показатели профессионально-личностных качеств будущих учителей.

|          |                                     |  |                                     |  |
|----------|-------------------------------------|--|-------------------------------------|--|
| Критерий | Направленность на профессию учителя | Наличие знаний о педагогическом процессе и воспитательной работе | Педагогические умения и способности | Владение рефлексией и самооценкой профессионально-личностных качеств |
|----------|-------------------------------------|--|-------------------------------------|--|

|            |  |   |   |   |
|------------|--|---|---|---|
| Показатели | Наличие положительного отношения к профессии учителя;<br>Положительное отношение к воспитательной работе;<br>Осознание значимости воспитательной работы;<br>Интерес к воспитательной работе;<br>Стремление к овладению современными технологиями воспитания;<br>Потребность к самореализации | Знание теории целостного педагогического процесса;<br>Знание современных форм и методов воспитательной работы;<br>Знание сущности воспитания;<br>Знание профессионально-личностных качеств современного учителя;<br>Подготовка к воспитательной работе в вузе | Умение педагогического мониторинга;<br>Проектировочные умения;<br>Гностические умения | Владение самооценкой, рефлексией личного поведения;<br>Уметь и формулировать воспитательные задачи;<br>Находить оптимальные способы решений |
|            |  | Умение педагогического мониторинга;<br>Проектировочные умения;<br>Гностические умения   |   |   |

Изложенные теоретические основы внеучебной деятельности студентов как образовательно-воспитательной системы вуза, ее теоретическая модель а также модель профессионально-личностных качеств современного учителя позволили нам перейти к разработке диагностики уровня их воспитанности будущих учителей [6].

1. Тажбаева С.Г. Концепция воспитания молодежи в ВУЗе.– Алматы, КазНПУ им. Абая, 2006. – 48 с.
2. Тажбаева С., Пралиев С, Казмаганбетов А.Г. Технология воспитания здорового образа жизни в процессе формирования нравственно-волевой сферы личности студентов (методическое пособие).– Алматы, КазНПУ им. Абая.
3. Столин В.В. Самосознание личности. Изд-во. МГУ, 1983.
4. Успенский В.Б., Чернявская А.П. Введение в психолого-педагогическую деятельность. Владос. – 170 с.
5. Тажбаева С.Г. Изд-во «Гылым», 2004.

#### Резюме

Содержание данной статьи отмечены теоретические основы внеучебной деятельности студентов как образовательно-воспитательной системы ВУЗа, ее теоретическая модель а также модель профессионально-личностных качеств современного учителя.

#### Resume

The aim of this article is to show theoretical basis of students' extracurricular activities within university's educational system, its theoretical model and model of professional characteristics of modern teacher.

## ОМЫРТҚАЛЫЛАР ЗООЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ЭКСКУРСИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ТЕРЕҢДЕТІП ТАНЫСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Ж.Д. Демеуов** – а.ш.ғ.к., проф.,

**М.Б. Жақсыбаев** – б.ғ.к., аға оқытушы,

**Д.У. Сексенова** – аға оқытушы,

**Р.У. Саимова** – оқытушы,

**Ә.Д. Майматаева** – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Оқу процесі барысында омыртқалылар зоологиясы курсы бойынша жүргізілетін экскурсияның студенттер үшін маңызы зор. Практика барысында студенттер мамандықтарына кәсіби дайындалады. Болашақта мектеп оқушыларымен табиғатқа экскурсия жасауға, үйірме жұмыстарын жүргізуге, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыруға қажетті білім және біліктерін, дағдыларын қалыптастырады, биологиялық-экологиялық таным процестерін жүзеге асырады, өз өлкесінің, өз ауылының табиғатын танып білу тәсілдерін үйренеді. Өз өлкесінің табиғатын білу арқылы, тіршілік ететін жануарларын қорғау және тиімді пайдаланудың педагогикалық мәселелерін шешуге мүмкіндік алады [1]. Экскурсия белгілі бір тақырыпқа сай жүргізіледі. Тақырып және оның мазмұны анықталған соң, оның міндеттері, дайындықтары, ұйымдастыру жолдары, жүргізу тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар жиналған материалдарды мазмұнына сай жіктеулер мен жинақтаулар жүргізіледі және тапсырмаға сай өңдеулер, толықтырулар, қорытындылау жасалады.

Омыртқалылар зоологиясы курсы бойынша жүргізілетін экскурсия тақырыптарының бірі – көл немесе өзен жағалауының омыртқалы жануарлары. Бұл тақырып үшін қолайлы орын – Алматы көлі. Алматы көлінен балықтардың, қосмекенділердің, бауырымен жорғалаушылардың, құстардың және сүтқоректілердің бірнеше түрін кездестіруге және олардың тіршілігін бақылауға мүмкіндік болады.

Әр жерлерде жасалатын экскурсия міндеттеріне сай студенттердің әрбір тобы жеке бір немесе екі, үш жануарлардың биологиясымен терең танысады. Мысалы, сазан, алабұға, құрбақа, көлбақа, сұржылан, қалқантұмсық жылан, үйторғайы, жауторғайы, сарыбауыр үлкен шымшық, зымыран, тағанақ, сушылқара (суторғай), шауқарға, кірпі, жарқанат, тиін, ондатр, аққалақ және тағы басқа көпшілікке таныс, жиі кездесетін биологиялық мәні зор жануарлар,

Экскурсия кезінде көзге көбірек түсетін жануарлардың бірі – көлбақа. Көлбақа және оның биологиясы туралы жоспардың бір жүйесін ұсынамыз. Систематикалық орны, Қазақстандағы түрлері, олардың кездесетін жерлері, Алматы қаласындағы қосмекенділер түрлері, көлбақа реңі мен дене құрылысы, сыртқы құрылысындағы құрлыққа шығуына байланысты пайда болған құрылымдар, реңі мен сыртқы құрылысы бойынша басқа түрлерден ерекшеліктері, тіршілігі мен көбеюіне қысқаша сипат, көлбақа метаморфозы, оның теориялық мәні, метаморфоздың стадиялары. Көлбақа шабақтарының басқа түрдің шабақтарынан ерекшелігі.

Көлбақа – Қазақстанның солтүстігінен басқа жерлердегі сулы, ылғалды жерлерде тараған. Тек тұзды суларда кездеспейді. Бақалар хордалылар типі, қосмекенділер класы, құйрықсыздар отряды, бақалар тұқымдасының өкілдері. Жер шарында бұл тұқымдастың 400-ге жуық түрі бар. Қазақстанда бұл тұқымдастың 4 түрі бар. Олар: көлбақа, сүйіртұмсық көлбақа, шөп көлбақа, сібір көлбақасы. Алматы қаласында бұл тұқымдастың екі түрі кездеседі. Атап айтсақ, көлбақа және сібір көлбақасы. Алматы көлінде және оның маңында негізінен көлбақа тіршілік етеді.

Экскурсия барысында ұсталған көлбақаның (*Rana ridibunda* Pall) реңі және сыртқы құрылысы сипатталады. Денесінің жоғарғы жағы жасыл түсті немесе әртүрлі реңді (жасыл-сұр, қара немесе күңгірт жасыл таңбалы). Көпшілігінде жотаны бойлай жатқан ақ жолақ болады. Құрсақ жағы ақ, ақшыл-сары, күңгірт-ақшыл, күңгірт таңбалы, самай бөлімі мәрмәр бейнелі. Содан соң өлшеуіш құралдар арқылы дене мөлшерін анықтаймыз. Көлбақаны тегіс жерге құрсағымен жатқызып, сегізкөз тұсын саусақпен басып тұрып, тұмсық ұшынан клоакалық тесік ортасына дейінгі аралықты өлшейміз. Артқы аяқты бүгіп тұрып сан ұзындығын (клоаканың ортасына ортан жіліктің дисталды ұшына дейінгі аралықты) өлшейді. Балтыр ұзындығын (дене ұзындығының жартысына тең) анықтайды.

Бақылау кезінде ездеуге тесік арқылы резонатор ауаға толы шар пішінге айналады (ұсталған бақа еркек болса, алдыңғы аяқтардың артқы тұсынан екі бүйірінен саусақтармен қыса ұстаса резонатор керіледі). Тұлғаның екі жиегінде оны бойлай жатқан арқа-бүйірлік қатпар болады.

Хоан – ішкі танау тесіктерін көреміз. Ішкі танау тесігі сыртқы танау тесігімен байланысты екендігін

анықтаймыз. Ауызды қаттырақ ашып ауыз қуысы мен құлақтың ортаңғы қуысын жалғастыратын тесікті – евстахий тесігін көреміз. Ауыз түбі өнешпен ұштасады. Құрлыққа шығуына байланысты – төрт аяқты, бес саусақты аяқ типі қалыптасқан. Көлбақада артқы аяқ алдыңғы аяқтан 2,5 есе ұзын. Алдыңғы аяқ қар, білек, қол басы деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Бұл аяқ жарғақсыз төрт саусақты, аталықтарында ішкі саусағы негізінде төмпе сүйелі болады. Төмпе сүйелі көбею кезінде ұлғаяды және жұптасу кезінде аналықтарына жабысуын қамтамасыз етеді. Артқы аяқ ұзын, үш бөлімнен – сан, балтыр және аяқ басынан тұрады. Артқы аяқта саусақ саны бесеу және саусақ арасында жүзу жарғақтары болады. Көлбақаның құрлықта секіріп жүруі және суда жүзуі артқы аяқ арқылы орындалады.

Көлбақаның тіршілігі суда немесе суға жақын ылғалды жерде өтеді. Тәулік бойы қорегін аулайды. Қорегі әртүрлі омыртқасыздар, майда балықтар, балық шабақтары, бақа шабақтары, балапандар, майда кемірушілер. Қыста су түбінде (тереңінде) жатады. Сәуір, мамыр айларында оянады. Ал қыркүйек, қазан, қараша аяларында ұйқыға кетеді. Қысқы ұйқыдан ояңған көлбақалар судың терең қабатының таяз, тез жылынатын жерлеріне жинала бастайды. Ең алдымен ересек еркектері, содан соң 3-4 күннен кейін ұрғашылары келеді. Ұрғашылары келе бастағаннан бастап еркектері «күй әуендерін» бастайды. Бұл әуен ұрғашылардың көбеюге қатысуын күшейтеді. 2-3 аптадан соң ұрғашылары 3000-12000-дай уылдырықтарын 3/1 үлестеп шығарады. Үлестегі уылдырықтар бір-бірімен жабысып, жайыла түйдектеліп орналасады. Уылдырықтарын шашып біткен соң еркектері «күй» әуендерін тоқтатады. Көлбақалар қалыпты тіршілігіне көшеді. Уылдырық шашу орташа есеппен бір айға дейінгі аралыққа созылады. Ұрықтанған уылдырықтың дамуы су температурасына байланысты 5-10 күнге созылады. Уылдырықтан жарып шыққан шабақтың ұзындығы 5-10 мм. Шабақ судағы өсімдіктермен қоректеніп, 30-40 күнде 50-90 мм ұзындыққа жетіп, жас бақаға айналады. Шабақтар тіршілігінің алғашқы күндері топ түзіп орналасса, кейінірек олар біртіндеп бір-бірінен бөліне бастайды. Суық түсіп метаморфозданып үлгермеген шабақ су түбінде қыстап, келесі көктемде көлбақаға айналады. Көлбақалар 3 жасында жыныстық жағынан пісіп жетіледі.

Көлбақа шабағы тек сыртқы пішінімен ғана емес ішкі құрылысымен де балықтарға ұқсас болады. Жүрегі екі камералы: бір жүрекшеден және бір қарыншадан тұрады, қан айналу шеңбері біреу, сыртқы желбезек арқылы тыныс алады, бүйір сызығы бар. Шабақ дамуының 3-4 аптасында дамудың келесі стадиясы байқалады. Шабақ аяқтарының бастамасы төмпешіктер түрінде болады да, одан аяқтардың саусақтары мен буындары түзіледі. Алдыңғы аяқтың бастамасы артқы аяқтың бастамасынан бұрын пайда болады. Жұтқыншақтың құрсақ беткейлік қабырғасының бөртіп өсуінен жұп өкпе түзіледі. Хоан саңылауы ашылады. Бұдан әрі қосмекенділерге айналу стадиясы жүреді. Өкпемен тыныс алу басталады. Ауамен тыныс алуына байланысты қан айнарудың екі шеңбері және мезонейроустық бүйрек қалыптасады. Құйрықты бақа жас – бала бақа. Құйрық толық жойылған кезде бақа судан құрлыққа шығады. Метаморфоз кезінде шабақтық органдардың жойылып, олардың орнына ересектік органдардың түзілетіндігін көреміз.

Көлбақа Алматы қаласында кең таралған қосмекенділердің бірі. Бақа шабағының метаморфозын түсінудің негізгі мәні қосмекенділердің балықтәрізділерден пайда болғанын дәлелдеумен қатар, алғашқы сулы омыртқалы жануарлардың құрлықтық жануарларға айналуындағы жеке органдар жүйесінің, мысалы қан айналу, тыныс алу, зәр шығару жүйелерінің эволюциясын түпкілікті дәлелдерін көрсетеді. Сондықтан көлбақа шабағының дамуына экскурсия кезінде көп мән берген жөн. Жаз айларында көл, тоған, тоспалардың жазық жағалауынан шабақ дамуының әртүрлі стадиясын көруге болады [2].

Экскурсия барысында биология мамандығының студенттерінің білімі тереңдеп, ой-өрісі кеңейеді. Жергілікті жердің (мұғалім болғанда өз ауылының, өз ауданы т.б.) табиғатын тану дағдысына жол ашады. Оқушылар мен тұрғын халықтарды табиғатты қорғауға тәрбиелейді, зоологиялық зерттеулердің далалық және зертханалық әдістерін, әрі зоология мен жануарлардың экологиясы бойынша көрнекіліктерді оқып үйренеді, биология мұғалімін дайындауға қажетті зоология курсы бойынша шеберліктерді меңгереді [3].

1. Демев Ж.Д. Балықтар мен қосмекенділерді оқытуда жергілікті материалдарды пайдалану. «Қазақстан мектебі», №2, 1971.

2. Демев Ж.Д. Қазақстан фаунасы. Абай атындағы АлМУ, 1995.

3. Демев Ж.Д. Жергілікті жердің жабайы омыртқалы жануарларын қорғау мен тиімді пайдаланудың педагогикалық кейбір мәселелері. – Алматы: АГУ им. Абая. Сборник, 1998.

### Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы углубленного изучения позвоночных животных в процессе экскурсии. Основное внимание уделено представителю класса земноводных озерной лягушке встречающейся в Алматинском озере. Характеризовано внешнее строение лягушки, среда питания, цикл развития.

### Summary

This article discusses an in-depth study of vertebrate animals in the process excursions. The focus is representative of the class of amphibians frog Lake found in the Almaty Lake. Characterized by an external structure, power, and environment frog cycle of development.

## ҚАЗІРГІ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

**Ж.Т. Өзбекова, А.Ж. Қайнарбаева** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушылары*

Халқымыз табиғатты анаға теңеген. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Өзіндегі барды адамға, жан-жануарға, өсімдікке берген. Табиғатта басы артық ештеңе жоқ. Табиғат сырын терең білмей, оған немқұрайлы қарау үлкен апатқа соқтырады. Бір кездерде табиғатты бағындыруды мақсат тұтып, ормандар аяусыз балтанды, аң-құстар шамадан тыс ауланды, жер жөн-жосықсыз жыртылып, топырақта эрозия пайда болды. Соның салдарынан бүгінгі таңда адам баласына ядролық апаттан гөрі экологиялық апат аса үлкен қауіп төндіріп отыр. Экология деген сөз "тіршілік ету мекені, өмір сүретін орта" туралы ғылым дегенді білдіреді. Алғаш рет 1886 жылы "экология" терминін атақты неміс биологы Эрнест Геккель ғылымға енгізген және "Экология – табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым" деген анықтама берген. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында экология мәселелері тұр. Адам ақыл-ойының нәтижесі алып ракеталар, атом станциялары, зауыттар т.б. ғылыми прогресс жетістіктері өмірімізді байыта, жеңілдеті түсумен қатар қауіп-қатер туғызуда. Осының бәрі экологиялық сананың жеткіліксіздігінен, адамдардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін жете сезінбеуінен. Экологиялық апат – табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдіктің күйреуі. Экологиялық апат кезінде төтенше жағдайлар туып, табиғи экожүйелер мен әлеуметтік жағдайлар күрт өзгереді, жалпы тіршілікке, соның ішінде адамның қалыпты өмір сүруіне қауіпті жағдай төнеді. Экологиялық апатқа ұшыраған аумақтардағы табиғат өзгерістерін бастапқы калпына келтіру мүмкін болмайды. Сондықтан экологиялық апат қайтымсыз құбылыс болып саналады. Экологиялық апаттың таралу деңгейіне қарай: ғаламдық, аймақтық және аумақтық (жергілікті) деп бөлінеді. Ғаламдық экологиялық апат бүкіл биосферадағы табиғи процестерге әсер етіп, барлық адамзатқа қауіп төндіреді. Мысалы, климаттың ғаламдық жылынуы, Әлемдік мұхиттардың ластануы, озон қабатының (озонсфера) жұқаруы, қышқылды жаңбырдың жаууы т.б. Экологиялық апаттың пайда болуына әсер ететін жағдайларға байланысты табиғи және антропогендік (техногендік) болып бөлінеді. Экологиялық апаттар көбіне кенеттен болатын табиғи жағдайлардың әсерлерінен (жерсілкіну, жанартау атқылау, құйынды борандар, су тасқындары т.б.) және ұзақ уақытқа созылған экология дағдарыс зардаптарынан пайда болады. Соңғы кезде адамның іс-әрекеттерінің тікелей немесе жанама әсер етуі де себепші болуда. Табиғи экологиялық апаттардың ертедегі геология замандарда да оқтын-оқтын болып тұрғаны – ертеде теңіздерде тіршілік еткен жануарлардың қаңқа қалдықтарының көптеп табылуы дәлел болады. Мысалы, палеозойдың ордовик кезеңінің соңында екі рет жойқын экологиялық апат болған. Оған әлемдік мұхиттар деңгейінің алғаш күрт төмендеуі және екінші рет оның күрт көтерілуі әсер етіп, бұрынғы тіршілік еткен теңіз жануарларының көптеген түрлері толықтай жойылып кеткені дәлел. Кейде ғылым-технология прогрестің қарқынды дамуының өзі экологиялық апаттарға әкелетіні белгілі. Мысалы, 1945 жылы атом бомбасының қолданылуы, 1986 жылы Чернобыль АЭС-сындағы техногендік апат т.б. 20 ғасырда адам қолымен жасалған экологиялық апатқа Арал теңізінің тартылып қалуы жатады. Қазақстанда қалыптасқан экологиялық апаттар, оның тигізетін зардаптары және қорғану жолдары:

| № | Экологиялық апат түрлері                        | Апаттың зардаптары  | Апаттан қорғану жолдары  |
|---|---|---|--|
| 1 | Ортаның ластануы                                | Адамдардың ауруға ұшырауы   | Ластанудың себептерін табу   |
| 2 | Техногенді апат                                 | Миллиондаған адамдардың қырылуы   | Адамдарға үгіт-насихат жүргізу, ондай объектілерді қаладан алыс жерде орналастыру        |
| 3 | Ресурстардың таусылуы                           | Ел экономикасының құлдырауы   | Тиімді пайдалану   |
| 4 | Топырақ эрозиясы                                | Өнімнің азаюы   | Тыңайтқыштар беру  |
| 5 | Озон қабатының жұқаруы                          | Ультракүлгін сәулелердің зардаптары   | Атмосфералық ауаға зиянды газдарды жібермеу  |
| 6 | Табиғат апаттары (жер сілкінісі, сел және т.б.) | Адамдар шығының көптігі, экономикалық шығындар  | Алдын-ала дайындық жүргізу және олардың болуын алдын-ала хабарлау                        |
| 7 | Сирек және жойылып бара жатқан түрлерді сақтау  | Экологиялық тепе-теңдіктің өзгеруі, өсімдіктердің жойылуы, топырақ эрозиясына ұшырауы | Қызыл кітапқа енгізу, қыркуға, жинауға, аулауға тыйым салу, қорықтар құру, қорын көбейту |
| 8 | Шөлейттену ұшырауы жамылғысының бұзылуы         | Топырақ эрозиясы, өнімнің азаюы, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы                   | Зиянды антропогендік әсерлерді азайту  |

Өсімдік – тіршілік тірегі. Ғаламшардағы өсімдіктер жылына ауа қабатына 400 млн. тонна оттегін бөліп шығарады. Жылына бір адам тыныс алу үшін 173 мың литр оттегін қабылдайтыны анықталған. Жасыл желектер ауаны улы газ бен шаңнан тазартады. Өсімдіктер ауада ауру тудыратын бактерияларды жоятын ерекше зат бөліп шығарады, медицинада алатын орны ұшан-теңіз. Сондықтан өсімдіктің қызметін бірде-бір жетілген механизм атқара алмайды. Жер шарында өсімдіктердің 500 млн. астам түрі бар. Жыл сайын ғылыми-лабораторияларда олардың бірнеше жаңа түрлерін өсіріп шығарады. Өсімдік – жер шарының «өкпесі» деп бекер айтылмаған. Тіршілік атаулыны өсімдіксіз елестетуге болмайды. Жер шарында өсімдіктер жамылғысы біркелкі тарамған. Қазақстанда орман қора 21,8 млн. га жерді алып жатыр. Яғни, республикамыздың барлық жерінің 3,35%-ын құрайды. Біздің еліміздегі ормандар жүйесі негізінен Солтүстік және Шығыс аймақтарда шоғырланған. Ормандардың бірнеше типтері бар. Олар – сексеуіл, қарағай, шырша, самырсын, қайың ормандары, тоғайлар мен бұталар. Орман қоры жер шары бойынша жылдан-жылға азая түсуде. Құрлықтың 62 млн. км<sup>2</sup> жерін өсімдіктер мен орман алып жатыр. Республикамызда ормандар аз және олардың жағдайы маз емес. Оның негізгі себептері – адам факторы, өрт, ауа райының өзгеруі мен айнала қоршаған ортаның ластануы. Орманды қорғау біздің міндетіміз. Орманның адам мен жалпы биосфера үшін маңызы зор. Орман топырақтағы ылғалды сақтай отырып, су балансын тұрақтандырады. Ылғалды жер өсімдік жамылғысы мен жан-жануарлардың көбейе түсуіне ықпал етеді. Орманды алқаптардағы жер асты сулары өзен мен көлдерді қоректендіреді. Орман аң мен құстың мекені, дәрі-дәрмектік өсімдіктер мен жеміс-жидектердің панасы әрі қолайлы тіршілік ортасы болып табылады. Ормандардың егістік алқаптарын қорғауда да рөлі зор. Орманды жерде топырақ, су және жел эрозиясы болмайды. Ал ормансыз жердің топырағы кеуіп, шөлге айналады. Ағаштарды қар тоқтату үшін де отырғызады. Орманның ауаны тазартатын да қасиеті бар. Мысалы 1 га орман бір күнде 220-280 кг көмірқышқыл газын сіңіріп, 180-200 кг оттек бөліп шығарады. Яғни ауаның құрамын толықтырып отырады. Орман сонымен бірге денсаулық сақтау ортасы. Сондықтан курорт пен сауықтыру кешендері т.б. демалыс орындарының тек қана орманды жерде салынуы тектен-тек емес. Қазақстан аумағының 3,2% ғана орманды алқап. Мамандардың пікірінше, еліміз орман қорғау ісі бойынша әлемдік тәжірибеден көп артта қалып қойған. Осы күнге дейін ұлттық орман саясаты қалыптасқан жоқ. Соңғы кездері ағашты заңсыз кесу әрекеті белең алды. Әсіресе еліміздің орман қорының 40%-ын құрайтын сексеуілді отау күшейіп барады. Ал сексеуілдің онсыз да экологиясы нашар, ылғалы аз, топырағы құнарсыз, құмды аймақтарда өсетіні бәрімізге белгілі. Айта кетерлігі, 1992 жылы орман көшеттерін отырғызу ісі 80,7 мың гектар болса, он жылдан соң 2002 жылы бұл көрсеткіш 8,9 мың гектарға дейін қысқарған.

Қазақстанда табиғи жайылымдар басым. Елімізде өсімдіктердің 570 000 түрі өседі. Оның 506 түрі қорғауды қажет етіп отыр. Жойылып бара жатқан түрлерді сақтап қалу мақсатымен 1981 жылы «Қызыл кітап» шығарылды. Оның мақсаты сирек және жойылып бара жатқан түрлерді есепке алып, оларды қамқорлыққа алып, қорықтар ұйымдастыру.

Су тапшылығын көптеген ғалымдар соңғы кездегі атмосферада көмір қышқыл газы мөлшерінің

көбеюіне байланысты температураның көтерілуімен байланыстырады. Осыдан бірін-бірі тудыратын проблемалардың тізбегін жасау қиын емес: энергияның көп бөлінуі (энергетикалық проблемаларды шешу) – парникті эффект – су тапшылығы – азық-түліктің жетіспеуі (өнімнің болмауы). Соңғы 100 жылда температура шамамен 0,6°C-қа көтерілді. Әсіресе 1995-1998 жылдары температура қатты көтерілді. Көмір қышқыл газы, метан және басқа да газдар жылу сәулелерін сіңіріп парникті эффектіні (жылу эффектіні) күшейтуде. Одан да маңызды фактор – тұрмыстық және өнеркәсіптік мақсатта су шығынының артуы. Осының әсерінен Үндістан, Қытай, АҚШ-тың кейбір аудандарында жер асты суларының деңгейі айтарлықтай төмендеді. Кейбір жерлерде суғару жұмыстары үшін жаңбыр суын емес, тереңде орналасқан қазба суларын пайдалануға мәжбүр. Қытайдың ұлы өзендерінің бірі Хуанхэ бұрынғыдай Сары теңізге тек ылғалды жылдары ғана жетеді, АҚШ-тағы ірі Колорадо өзені де Тынық мұхитқа жылдағыдай құя бермейді. Амудария мен Сырдария өзендері де бұрынғыдай Арал теңізіне жете бермейді. Экожүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуына және белгілі бір территориядағы органикалық тіршіліктің барлық формаларының деградацияға ұшырауына алып келетін табиғи және антропогендік процестердің жиынтығы, яғни, адамның қатысуынсыз табиғи экожүйенің орнына қайта келмейтіндей өсімдіктер жамылғысын жоғалтуы шөлейттену деп аталады. Шөлейттену негізінен ылғалы тапшы аудандарда табиғи және көбіне антропогендік факторлардың әсерінен (орман ағаштарын қырку, жайылымдарды үздіксіз пайдалану, суғару жұмыстары кезінде су ресурстарын үнемсіз пайдалану және т.б. ) пайда болады. Шөлейттену әлемнің барлық табиғи аймақтарында жүруде. Қазіргі таңда әлемнің әртүрлі елдеріндегі шөлейттенудің басты себебі – табиғи ресурстарды шаруашылықта пайдалану құрылымының сол ландшафтың табиғи мүмкіншілігіне сәйкес болмауы, халық санының өсуі, антропогенді қысымның артуы, кейбір елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі. БҰҰ-ның 1985 жылғы мәліметтері бойынша, сол кездің өзінде антропогенді шөлейттенудің көлемі 9 млн км-ге жеткен және жыл сайын 7 млн гектар жер пайдаланудан шығып қалуда. Шөлейттену процесі жалпы жер көлемінің Азияда – 19%, Африкада – 23%, Австралияда – 45%, Оңтүстік Америкада – 10%-ын құрайды. Сахара шөлі оңтүстікке қарай жылына орташа 6 км жылдамдықпен жылжуда. Орта Азияның таулы аудандарында, Арал және Балқаш төңірегінде, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның биік зоналы геожүйелерін қоса (Тянь-Шань, Памир-Алтай) шөлейттену процесі қарқынды жүруде. Амудария мен Сырдария өзендерінің суларын ауыл шаруашылығының қажетіне пайдалану Арал теңізінің сусыз жерлерінде сортаң, тақыр жазықтықтардың пайда болуына алып келді. Сондай-ақ Арал төңірегі ландшафтарының деградацияға ұшырауы көлді-батпақты және тоғайлы табиғи кешендердің тұздың жиналуы молая түскен гало-ксерофитті кешендерге алмасуда. Қазақстандағы егістікке пайдаланатын жерлердің де экологиялық жағдайы нашар. Ол республика бойынша 26610,7 мың га жерді алып жатыр. Соңғы жылдары байқалып отырған әлемдік климаттың өзгеруі Қазақстанның шөл, шөлейтті белдемдеріне әсерін тигізіп, ондағы егіс алқаптарының сапасын төмендетіп жіберді. Бұл жерлерде топырақтың құнарсыздануы, бүлінуі және шөлге айналуы прогрессивті түрде жүруде. Оның үстіне топырақты қорғаудың агротехникалық шаралары, қар тоқтату, органикалық және минералды тыңайтқыштар беру, гербицидтер мен пестицидтерді қолданбаудан арам шөптердің қаулап өсуі, шегіртке тәрізді зиянкестердің шексіз көбеюіне жол беріліп, жердің сапасын төмендетті. Мәселен, 1996 жылы егістіктерге 1 млн. т минералдық және 33,2 млн. т органикалық тыңайтқыш берілсе, бұл көрсеткіштер 1998-2001 жылдары 16 мың тоннаға қысқарған. Топырақтану институтының мәліметі бойынша Қазақстанның құнарлы топырағы өзінің қарашірігінің 19-22% жоғалтқан. Мұның өзі болашақта жер ресурстарының сапасы жақсармайтынын аңғартады.

Шабындықтар мен жайылымдарда өсетін шөптесін өсімдіктер мал азығы ретінде пайдаланылады. Өсімдік қорлары халық шаруашылығының түрлі салалары үшін шикізат базасы болғандықтан табиғи өсімдік жамылғысын қорғаудың, әсіресе, құрып бара жатқан өсімдік түрлерін сақтаудың маңызы зор. Биосфера – қоғам байлығы ол қашанда жер бетіндегі тіршіліктің қайнар бұлағы. Қазақ жерінде тәуелсіз мемлекет орнату оңай шаруа емес екіндігін халық сезеді. Мемлекет тәуелсіздігі табиғи ресурстарға тікелей байланысты екенін қазақ елі жақсы біледі. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану ісі мемлекетіміздің дамуының бірінші жағы. Ал биосфера компоненттерін қорғау тәуелсіз мемлекетіміздің дамуының екінші жағы. Осы екі міндетті комплексті түрде шешу нәтижесінде еліміздің бай табиғаты бұрынғыдан да гүлденіп, ол өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы дамыған алдыңғы қатарлы тәуелсіз мемлекетке айналдырып жібереді. Осы кезде жер қойнауынан алуан түрлі қазба байлығы, мұнай, газ өндіріліп, сан мыңдаған кәсіпорындар қайтадан өңдеу үстінде. Биосфера қазынасы сарқылмайтын дүние емес. Оның адам игілігі үшін ұзақ мерзім пайдалану үшін өсіп-өнуі үшін адамның қамқорлығы



ғын керек етеді. Айналаны қоршаған орта тазалығы, орман-тоғай, қазба байлықтар, су байлығы жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі ғалым биологтар назарында тұрған басты мақсаттың бірі. Табиғи ресурстарды рационалды түрде пайдалану, оны қорғау – өте күрделі мәселе. Ол үшін ең алдымен адам мен биосфера арасындағы өзара қатынасты дұрыс шешу, биосфера байлығын ысырапсыз пайдалануға ат салысу, оның байлығын арттыра түсу ісіне қатынасу, күтіп-баптау шараларының дұрыс жолға қойылуы керек етеді. Бір сөзбен айтқанда биосферадағы экологиялық-биологиялық тепе-теңдік бұзылмауға тиіс. Олардың табиғи заңдылықтарын терең білуіміз керек. Бұл міндетті ойдағыдай шешуде табиғи лаборатория-қорықтардың рөлі өте зор. Қорықтарда көп жылдар бойы биосферада өтіп жататын өзгерістерге бақылау жүргізіліп, оның даму заңдылықтары үрдістердің дамуына, келешегіне болжам жасалады (экологиялық мониторинг).

Қазақстан Республикасының қорықтарының алдында, алдағы уақытта өсімдіктердің түрлерін және олардың қайталанбас сұлулығын сақтаудың ғылыми негізін жасау жөніндегі үлкен мақсат пен міндеттер тұр. Бұл мақсат пен міндеттердің өсімдіктер әлемін қорғап, оларды халық шаруашылығына рационалды түрде пайдалану үшін зор маңызы бар. Бұл мақсат пен міндеттердің Қазақстан Республикасы жағдайында да көкейтесті екендігі аян.

1. *Культиасов И.М. Экология растений. М.: изд. Московского ун-та, 1982.*

2. *Бейсенова Ә.С., Шілдебаева, Сауытбаева Г.З. Экология. – Алматы: «Ғылым» 2001.*

3. *Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдаламасының ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.*

4. *Құсайынов А.Қ. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 б. ISBN 5-7667-8284-5.*

5. *Қазақ энциклопедиясы VII-том, Асқаров І.Ж., Байзақов С.Б., Қазақстан орман алқаптары. Табиғат ел байлығы (жиснақ), – Алматы, 1979; Экономика природопользования, Под ред. Хачатурова Т.С., – М., 1991. Романова Э.П.*

6. *Куранова Л.И., Ермаков Ю.Г., Природные ресурсы мира, – М., 1993.*

7. *Бигалиев А.Б. Қазақстан топырақтары және оның экологиясы. – Алматы. 1995.*

8. *Жатқанбаев Ж. Экология және биология негіздері. – Алматы, 2004.*

9. *Горышина Т.К. Экология растений. – М.: Высшая школа, 1979.*

#### **Резюме**

В статье рассматриваются экологические проблемы растений Казахстана, а также охрана растений и растительных сообществ.

#### **Resume**

The article deals with environmental problems plants in Kazakhstan.

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТҰЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ**

**С.Т. Иманбаева** – п.ғ.д., проф., ХФБПА-ның академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлттық тәрбие және өзін өзі тану» кафедрасының меңгерушісі,

**А.Е. Берікханова** – п.ғ.к., «Ұлттық тәрбие және өзін өзі тану» кафедрасының профессоры

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылғы жолдауларында, «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім жүйесімен кіріктіру, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы, білім беру жүйесін жаңашылдық тұрғыда дамыту, жалпы қоғамды ақпараттандыру, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беру стратегиялық бағыттардың біріне айналуы.

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді.

Интеллектуалды тұлғаны, ұлтты қалыптастыру – қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі. Осы бағытта сапалы нәтижелерге қол жеткізу үшін үздіксіз білім берудің түрлі деңгейлерінің (мектепке

дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) ерекшеліктерін ескере отырып, бұл мәселелерге концептуалды тұрғыдан келу үздіксіз білім берудің сапасын арттырады.

Ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту мен қалыптастыру мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің және саяси дамуының тиімді факторы болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде еуропалық экономикалық және әлеуметтік кеңістікпен тығыз байланыс орнайтыны туралы, мемлекеттің экономикалық жүйедегі бәсекеге қабілеттілігі жөнінде сөз қозғауға болады.

XX ғасырдың басында ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің, зиялы қауымның негізін қалады. Зиялы қауым өкілдерінің негізгі миссиясы – бақытты зиялы ұлтты қалыптастыру еді.

М.Жұмабаев ұлттың бақытты болу үшін неге көңіл аудару керек екенін нақты көрсете білген ғалым. Ғалымның айтуынша «Ұлт бақыты – тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», – қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады.

Осыдан бір ғасыр бұрын жазылған тұжырым ХХІ ғасыр қоғамын қалыптастыруда негізгі мұрат болып табылады. «...әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – деп ұлттық тәрбиеге аса мән береді.

Расында да, ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық рух, ұлттық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады. Ұлттық парыз, намыс, сезім, сана, рух т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Ұлттық идея – рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Ұлттық рух – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті. Ұлттық идея – ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі.

Қазіргі таңда Қазақстан саяси тұрақтылық пен жаңа экономикалық даму бағытын ұстанып отырған жағдайда, ұлттық құндылықтардың нығаюына ықпал ететін басты мәселе үздіксіз білім беру жүйесін модернизациялау мен ақпараттандыру, білім беруді жетілдіру, қоғамның рухани құндылығын арттыру маңызды болып табылады.

Әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялардың дамуы барысында білім беруге деген көзқарас тың арнада қалыптасып отыр. Қазіргі білім беру парадигмасына жаңаша қарау мәселесі негізгі орында. Білім беру жүйесі тек педагогикалық категория емес, бұл адами капиталдың дамуына орасан зор ықпал ететін қоғамдық құбылыс ретінде қарастырылады.

Жаһандану жағдайындағы әлемдік қауымдастықтардың қарым-қатынастары жалпы адамзат мәселелерін, оның ішінде білім беру ісін қамти отырып, мамандардың кәсіби біліктілігі мен білімділігін арттыруды, экономиканың дамуына қажетті негізгі бағыт-бағдар сілтейді.

Осымен байланысты әлемдік білім стандарттарына мектеп пен жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің білім сапасын сәйкестендіру мәселесі қазіргі таңда негізгі орында тұр. Себебі барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тетігі болып табылатын жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы ортада қаланады. Сондықтан Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру саласының барлық құрылымын модернизациялау қазіргі қоғамның өркениетті дамуын қамтамасыз ететін басты тетігі болып отыр.

Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан Республикасының Президенті білім беру ісінің ЮНЕСКО-ның негізгі аспектілерін «тәрбиеленетін дара тұлға қазіргі әлемдік кеңістікте өздігінен іс атқара білетін, өмірден өз орнын таба алатын, үйренуге талпынысы зор қабілетке ие болуы тиіс» тұрғысынан қарастыруды нақтылайды.

Интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың әдіснамалық негізін тұлға туралы теориялардың философиялық және психологиялық заңдылықтары, дара тұлғаның жас ерекшелігіне қатысты жүйелі, кешенді және жеке әдістері, ақыл-ойды дамытудың теориялық-практикалық мәселелерін шешуге бағытталған ішкі және сыртқы факторларының бірлігін көрсететін әдістер, үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы, педагогикалық жүйе теориясы, әлеуметтік жүйені өздігінен ұйымдастыру теориясы құрайды.

Адамның ақыл-ой дамуы таныммен тығыз байланысты болғандықтан тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда философиялық және психологиялық таным теориясы, дидактикалық теориялар, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету теориялары ерекше маңызға ие.

Білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының қалыптасуын анықтайтын базалық дефинициялар «интеллект», «тұлғаның интеллектуалды әлеуеті», «интеллектуалды тұлға», «интеллектуалды ұлт» туралы ұғым болып табылады. «Интеллект – ақыл, ақыл-парасат, ес, түсінік, таным – ойлау қызметінің жоғарғы типі. Интеллект: 1) индивидтің ақыл-ой қабілетінің тұрақты құрылымы; 2) белгілі бір проблеманы шешу мен танып-білуге қатысты жалпы қабілет және адамның жаңа өмірлік жағдайларға (міндеттерді шешу барысындағы мінез-құлық сипаттарының жинағы ретінде) бейімділігін көрсететін басқа танымдық үрдістердің негізінде жатқан ой қабілетінің (ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.б.) жиынтығы (жалпылама мәселелерді шешу барысындағы мінез сапасы) тұрғысынан қамтылады [2].

Интеллектуалдық – адамның табиғат берген ой, сана, тану, ақыл, парасат секілді қасиет-қабілеттерін оқу, білім алу, тәжірибе жинақтау арқылы жетілдіруі, оны өзін және қоғамды дамыту үшін және жаңа жағдайларға сай бейімдеп қолдана алу қабілеті. Интеллектуалды тұлға – өмірдің кез келген ағымында пікірлесе алатын, жаңашыл-шығармашылық тұрғыда өзіндік білім алуға дайын, интеллектуалды қабілеті дамыған тұлға.

Интеллектуалды әлеуетті тұлға – адамгершілік және ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа және арнайы мамандандырылған білім көздерін жоғары дәрежеде игеру арқылы пайда болған білім, білік, құзыреттерді өзінің ұлты мен Отанының мүддесіне жарата алатын дара тұлға.

Интеллектуалды ұлт – интеллектуалды тұрғыдан адамгершілік, мәдени қасиеттерді меңгерген өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт.

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік жобасында қамтылған басымды бағыттарды іске асыру мақсатында университет ректоры С.Ж. Пірәлиевтің басшылығымен «Қазақстан Республикасы жоғары мектебі жағдайында ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру» ғылыми мега жобасы дайындалды. Жобаға университеттің белгілі ғалымдары М.Қ. Қойкелдиев, М.Мырзахметұлы, Е.А. Кузнецов, Ж.И. Намазбаева, Ф.Ш. Оразбаева, Н.Н. Хан, С.И. Қалиева т.б. тартылды.

Жоба аясында Қазақстан Республикасында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін анықтай отырып, ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негізгі бағыттары мен шарттарын анықтауды негізгі мақсат етіп қойып отыр.

Университет студенттерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға негізделген «Ұлттық тәрбие», «Әдептану», «Абайтану», «Отантану», «Дінтану», «Өлкетану», «Арттәрбие», «Ақмеология» т.б. пәндері оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді. «Информатика» және «Ағылшын тілі» пәндеріне қосымша кредиттер бөлініп отыр. Бірқатар мамандықтарда пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі.

Ерекше атап өтіп кететін негізгі мәселе 2009 жылы эксперимент тұрғысынан енгізілген «Ұлттық тәрбие» пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан дайындалған барлық педагогикалық мамандықтардың білім бағдарламасына енгізілді [3].

Болашақ маманның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда біз «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік жобада қамтылған бағыттарды бойынша зерттеу жұмыстарын негізгі мақсат етіп қоя отырып, университет ғалымдары «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» тұжырымдамасын дайындады [4]. Тұжырымдамада ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастырудың және қазақстан қоғамының тұрақты дамуына ықпал етуді жетілдірудің басты мүмкіндіктерін қамтиды.

Ұлттың зияткерлігін қалыптастыру мәселесінің теориялық негізін айқындауда халықаралық тәжірибелерде жинақталған іс-әрекеттерді, әсіресе БҰҰ-ның құжаттарында берілген ұстанымдар мен қағидаларды зерделеу арқылы интеллектуалды ұлттың негізгі индикаторлары көрсетілді. Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін қалыптастырып, дамытуда ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тарихи құндылықтарды негізге ала отырып, ХХ ғасырдың басында ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің негізін салған, зиялы қоғамды құруға бар ғұмырларын арнаған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Шоқай т.б. тұлғалардың тарихи болмыстарын бүгінгі ұрпаққа мұрат ете отырып, зиялы қоғамның ұлттық болмысын қалыптастыру көзделді.

М.Жұмабаев тәрбиені жан және тән тәрбиесі деп қарастырса, дана Абайдың ұсынған «жанның тамағы» деген философиялық тұжырымы тұлғаның бойында болатын адами, рухани күш жігерінің қалыптасуына бағыттайды. Абайдың «Толық адамы» туралы тұжырымының негізгі қағидасы болған – арлылық, ақыл, рахым, парасат, әділеттілік пен қайырымдылық қасиеттердің интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Тұлғалардың өмірі зиялы қоғамды құруға бағытталған негізгі күш деп бағалауға болады.

Интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негізі және ұлттың ұлт ретінде сақталуының негізгі көрсеткіші – ұлттық тіл. Еліміз егемендік алғаннан бері ана тіліміз салыстырмалы түрде сұранысқа ие болғанына тоқтала кетуіміз керек. Мемлекеттің алдында бүгінгі таңда ана тілді меңгертумен қатар, үштілділікті меңгерту мәселесі тұр. Үштілділікті қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу арқылы кез келген тұлға әлемдік білім кеңістігіне еркін кіру арқылы, өзінің интеллектуалды әлеуетін жетілдіруге толықтай мүмкіндігі бар екені дау туғызбайды. Ғылыми жоба бойынша тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту барысында студенттерге үштілді меңгерудің ғылыми-педагогикалық негізі, үштілді меңгерген интеллектуалды тұлға тәрбиелеу – ұлт әлеуетін дамытудың кепілі екені бүгінгі күн тұрғысынан қарастырылады.

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасы тұлғаның, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беру басты стратегиялық бағытты қамтып отыр. Жаһандану заманында рухани құндылықтардан материалдық құндылықтардан басым болып тұрған тұсында аталған мәселенің басты стратегиялық бағыт болуы да дау туғызбайды. Яғни, зиялы қоғамды құруда қоғам мүшелерінің бойында рухани құндылығы, ар тазалығы негізгі орын алады. Аталған мәселені шешуде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ректоры С.Ж. Пірәлиевтің басшылығымен енгізілген «Ұлттық тәрбие» пәні негізгі орын алады.

Жоғары оқу орнында студенттерге «Ұлттық тәрбие» пәнінің негізгі мақсаты – студент жастарда ұлттық сананың жоғарғы деңгейін, нәтижелі шығармашылық іс-әрекетке дайындығын, өзінде басқа мәдениеттерді түсіну және құрметтеу сезімі дамыған, әлемде әр түрлі ұлт және сан алуан дінисенімі бар адамдармен өмір сүре білуді енгізетін түйінді құзіреттіліктерді қалыптастыру.

Интеллектуалды ұлт болып қалыптасуда халықтың тұрмыс жағдайы негізгі көрсеткіш болып табылады. Ғылыми жобада экономикалық тұрғыда ұлтымыздың тұрмыс жағдайларына сипаттама және зиялы ұлт болудың индикаторлары қарастырылады. Негізгі индикаторлар – тұлғаның жалпы тұрмыс жағдайы, білім алуға және ғылыммен айналысуға қолжетерлігі, жұмыспен қамтылуы, денсаулығы, еңбек табысы, медицинамен қамтамасыз етілуі т.б.

Жоғары оқу орны жағдайында «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында қарастырылған бағыттардың іске асырылуы – қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, ұлттық және өркениеттік мәдениетті меңгерген, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот – азаматты қалыптастыру болып табылады.

1. Назарбаев Н.Ә. *«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасы.* / Айқап. 2008.

2. *Современный педагогический словарь.* – М., 2008.

3. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім беру бағдарламасы.* – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы. 2012.

4. *«Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту» тұжырымдамасы. /Жоба/.* – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы. 2012. – 36 б.

### **Резюме**

В статье рассматриваются актуальность формирования интеллектуального потенциала личности студента в условиях ВУЗа, обосновывается роль национального воспитания студенческой молодежи как одного из действенных механизмов развития интеллектуальных способностей студентов, раскрывается сущность базовых понятий.

### **Summary**

The article discusses the relevance of intellectual formation potentials individual student in high school, is justified as a national education students as one of the effective mechanisms of the intellectual abilities of the students, the essence of basic concepts.

## БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қ.Е. Ағыбай – Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Елбасының биылғы жылғы Қазақстан халқына жолдауында еліміздегі білім мазмұнын өзгерте отырып жаңа формациядағы мамандар дайындау қажеттілігін атап көрсетті. Болашақ мамандардың дайындайтын жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым саналы әрі жоғары деңгейде болуы бұл заман талабы екендігін басып айтты. Жалпы жоғары оқу орындарының алдына ақпараттар ғасырында бәсекеге төтеп бере алатын жоғары білікті мамандар даярлау міндетін қояды [1]. Қазіргі білім беру кеңістігінде инновация, инновациялық технология, инновациялық үрдістер деген ұғымды қолдану дәстүрге айналуда. Сонымен инновация дегеніміз не? Оның біз қарастырып отырған педагогикалық инновациядан қандай айырмашылығы бар деген сауалға талдау жасап көрейік. «**Инновация** – (лат. тіл. – *novus* – жаңа жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс) – деген ұғымды білдіреді. Қоғамның экономикалық даму барысында өнімнің тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды жасау және оларды меңгерген мамандарды дайындау инновациялық үрдістің мазмұны болып табылады. Педагогикалық инновация мәселесін жан-жақты талқылап зерттеушілердің бірі – Югославияның педагог-ғалымы К.Ангеловский. Оның зерттеулерінде «Иновация – қазіргі тек жаңаны ғана немесе бүгін пайда болған құбылыстарды бейнелемейді. Жаңа-дәстүрлі мен қазіргінің арасында пайда болады» – дейді [2]. Сондықтан да, инновация бұрыннан қалыптасқан тәжірибе мен қазіргінің арасында туындаған жаңа білімдерді айтуға болады.

Республикамыздың білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген мамандарға деген сұраныстардың артуы мен оларды даярлаудағы кәсіптік, әрі ақпараттық білімділігі мен қабілеттігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және қазіргі уақытта болашақ мамандардың кәсіби даярлығын білім стандарттарына, мазмұнына сай жетілдіру көкейкесті мәселе болып отыр. Қазір тек ақпараттық коммуникациялық технологияға байланысты техникалық мамандар ғана даярланып қоймай, қолдану салаларымен ауқымдарына байланысты ақпараттық мәдениеті жоғары мамандарды даярлау, студенттердің кәсіптік-ақпараттық бағыттылығын қалыптастыру мәселесінің ғылыми-педагогикалық негіздерін анықтау арнайы ғылыми зерттеуді қажет ететін мәселеге айналып отыр. Болашақ маман тек қана әлеуметтік өркендеуге әсер етеді, оның жалпы кәсіптік, рухани мәдениеттілік өсу деңгейлері өскелең жастардың және жалпы еңбек етушілердің деңгейімен салыстырғанда өту жылдам қарқынмен өсуде. В.А. Сластениннің айтуы бойынша қоғамға кәсіптік дайындық деңгейіндегі маман ғана емес, кәдімгі шығармашылық деңгейде қалыптасқан жеке тұлға керек [3].

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Жоғары оқу орындарында мамандар дайындау кредиттік оқу жүйесіне негізделген кәсіби мамандар дайындаудың үш сатылы моделін енгізу арқылы жүзеге асырылады, педагогикалық мамандарды үш сатылы модель жағдайында кредиттік оқыту негізінде дайындау оқу үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияны кеңінен пайдалану, оқытудың басқада жаңа мазмұндағы әдіс-тәсілдерді қолдану зерттеудің келесі мазмұнын көрсетеді. ХХІ-ғасыр – техника заманы. Әрбір болашақ маман жоғарғы оқу орнының табалдырығын аттағаннан кейін ақпараттық коммуникацияның барлық түрін меңгеруге тиісті. Ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалана білуге дайындауда студенттерді кәсіби оқытудың теориялық негізін педагогикалық еңбектің технологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайтын жекелік тұлға қызметтік парадигма құрайды. Жоғарғы оқу орны мен мектептің, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен педагогикалық қызметтерді ұштастыру, жаңа ұйымдастыру түрлері оқыту әдістемелерінің пайда болуымен өрнектеледі. Ақпараттық технологияларды болашақ маман жоғарғы оқу табалдырығын аттағаннан бастап курстық және дипломдық жұмыстарды орындау барысында пайдалануға міндетті.

Жоғарғы оқу орындарының оқытушылары болашақ мамандарды дайындау барысында ақпараттық технологиялармен қатар оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін пайдалану, мысалы, іскерлік ойындар, дамыту оқыту, жекелей оқыту, модульдік оқыту деген сияқты жаңа мазмұндағы оқытудың түрлерін өзі пайдаланып қана қоймай білім алушыға оның тәжірибеге қолдану мүмкіндіктерінде үйрету қажет.

Жоғарғы оқу орындарындағы маман дайындаудың тағы бір ерекшелігі ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу. Бірінші курстан бастап білім алушының өз қызығатын тақырыптар таңдап алып, түрлі ғылыми семинарлар, жылсайынғы өтетін студенттік конференцияларда баяндама жасату, пәндік олимпиадаларға қатыстыру сондай-ақ қоғамның саяси өміріне белсене атсалысуға үйрету бұл маманның көптеген ақпарат легін сараптай алуға, одан өзіндік ой қорытуға, дүниетанымының қалыптасуы-

на негіз болады. Ғылымның даму динамикасында инновациялық жаңалықтарды оқу үрдісінің қай саласында да қолдану бұдан бұрынғы ғалымдарды да қызықтырғаны белгілі. Атап айтатын болсақ біріншіден, оқу-тәрбие үрдісіне жаңалықты енгізу жүйесіне басшылық жасау мәселелері Н.В. Горбунов, М.В. Кларин, П.И. Пидкасистый т.б ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Екіншіден, инновациялық білімдерді оқу үрдісіне пайдалана отырып мұғалімдерді даярлау жұмыстарына қатысты М.М. Поташник, Ш.Т. Таубаева, С.Н. Лактионова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрсетілген.

Үшіншіден, педагогикалық технологиялардың түрлері оның әдіснамалық негіздері жөнінде В.П. Беспалько, М.В. Кларин, В.Н. Монахов, И.Я. Лернер, Ж.Қараев т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде жан-жақты зерттеліп көрсетілген. Болашақ мамандарды жаңа технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру бойынша көптеген зерттеулер жүргізілуде. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, оның кәсіби бейімділігін қалыптастыру мәселесі – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Біз өз зерттеуімізде болашақ маманның инновациялық тұлғасын қалыптастырудың мазмұнда қарастырдық. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге талдаулар жасай отырып тұлғаның инновациялық үрдісті меңгеру көрсеткіштерін анықтауға тырыстық (1-кесте).

Кесте 1 – Тұлғаның инновациялық үрдісті меңгеру көрсеткіштері

| №р/с   | Кезеңде        | Психологиялық өлшемі   | Педагогикалық өлшемі  |
|--|----------------|--|---|
| 1<br>1.  | Мотивациялық   | Болашақ мамандығына деген қызығушылығы.<br>Өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы.<br>Құндылық қарым-қатынас.  | Өз мамандығын сүюі.<br>Ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілікті сезінуі.<br>Инновациялық іс-әрекетке ұмтылуы.  |
| 2<br>2.  | Мазмұндылық    | Тандаған кәсіби мамандығын меңгеруі (психологиялық білімдер, өзін-өзі басқару үрдістер)  | Біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін меңгеру.<br>Инновациялық үрдістің әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік негіздерін меңгеруі.   |
| 3<br>3.  | Бейімділік     | Жалпы бейімделуде өзін-өзі басқара алуы.<br>Микроортаға сай қолайлы инновациялық технологияны пайдалану.   | Бейімділікке тән қиыншылықтарды білуі оларды жеңу жолдарын қарастыру.<br>Кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді білуі және пайдалануы.   |
| 4<br>4.  | Танымдылық     | Әлеуметтік кәсіби ортаны меңгеруі.<br>Өзін көрсетуде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалана алуы. Инновациялық технологияларға деген қызығушылық таныту. | Теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана отырып өзін тануы кемшіліктері мен жетістіктерін талдай алуы.   |
| 5<br>5.  | Іс-әрекеттілік | Өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы.<br>Психологиялық білімдерді қарым-қатынаста тиімді жүзеге асыруы.                      | Өз пәнін жете меңгеруі.<br>Педагогикалық үрдісті жоспарлай алуы және жүзеге асыруы.   |
| 6<br>6.  | Технологиялық  | Тұлға бойындағы білім, білік, дағдыларды негізге ала отырып жаңа технологияларды меңгеруі.   | Біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалауы.<br>Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыра алуы.<br>Сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияларды таңдай алуы. |
| 7<br>7.  | Шығармашылық   | Әдіс-тәсілдерді жетілдірудегі ізденістік белсенділіктің болуы.<br>Іс-әрекет мазмұнына жаңа идеяның пайда болуы.  | Ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы.<br>Инновациялық жаңалықтарға қажетінше өзгерістер енгізе алуы.<br>Жаңылықты шығармашылықпен қолдана алуы.   |
| <b>Инновациялық білімді меңгерген болашақ маман.</b> |                |  |   |

Жоғарғыдағы кестеге талдау жасап көретін болсақ бірінші мотивациялық кезеңде болашақ маман танымдық қызығушылықтың алғашқы бейнесі қалыптасады. Білім алуға деген алғашқы ұмтылыстар пайда болады да, өзіне сол мамандыққа деген жауапкершілік қасиеттері қалыптасады. Ал мазмұндылық кезеңде өзі таңдаған мамандыққа қажетті психологиялық білімдерді игере отырып өзін-өзі басқару жалпы педагогикалық үрдістің теориялық негіздері (оқу-тәрбие) меңгереді, алғашқы инновациялық білімдермен танысады. Сондай-ақ бейімділік кезеңде объективтік және субъективтік кедергілермен танысуы оларды ажырата алу мен жеңу барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды үйренеді.

Инновациялық білімдерді игерудегі танымдылық кезеңде инновациялық білімдер арқылы өзін тану ондағы кемшіліктер мен жетістіктерді ажырата алу мүмкіндікке ие болады. Іс-әрекеттілік кезеңі – болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсат міндеттерін анықтай алуы, өзінің пәнін жетік меңгеруі, педагогикалық үрдістің жоспарлауы мен жүзеге асыруы негіз болады. Технологиялық кезең – болашақ маман өз бұрыннан қалыптасқан білім, білік және дағдыларды пайдалана отырып қоғамның сұранысына сәйкес жаңа мазмұндағы білімдерді игеруге тырысады, сондай-ақ біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы мен оқытудағы танымдық үрдісті тиімді ұйымдастыруға қажетті педагогикалық әдіс-тәсілдерді таңдай алуға және қолдануға үйренеді. Шығармашылық кезең – бұл болашақ маманның негізгі бет-бейнесі болып табылады. Бұл кезеңде белсенді іс-әрекеттің нәтижесінде маманда жаңа ой туындайды, ол үшін өзінің мамандығының саласына қажетті ғылыми-зерттеулерге талдау жасауға үйренеді, оларды өзгертеді, жаңа мазмұнда шығармашылықпен қолданады. Бұл болашақ маманның негізгі іс-әрекеті болып табылады. Жоғарғы білім беру саласындағы бүгінгі күнгі алға қойылған мақсаттардың бірі инновациялық жаңалықтарды білім беру жүйесіне пайдалана алатын мамандар дайындау болып табылады.

Болашақ мамандардың инновациялық тұлғасын қалыптастыруда жоғарғыда зерттеулерге сүйене отырып төмендегідей қортындылар жасауға болады:

- кез-келген үрдіске инновациялық өзгерістерді енгізе алуы;
- инновациялық өзгерістердің мәнін, мазмұнын анықтау;
- инновациялық білімдерді пайдалануға қажетті тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай алуы;
- жаңадан тууы мүмкін проблемалар мен жаңа мүмкіндіктерді саралай алуы;
- жеке кәсіби мүмкіндіктерін тани алу мен қолдану мүмкіндіктерін атап өтуге болады.

Осында инновациялық дайындықпен келген болашақ маман оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру мен қатар өзі дайындайтын маманның біліктілігін арттыратыны сөзсіз.

*1. Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту Қазақстан дамуының басты бағыты // Егемен Қазақстан. 2 ақпан, 2012.*

*2. Ангеловский К. Учителя и инновации: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1991. – 158 с.*

*3. Салестенин В.А. Формирование личности учителя советской школе в процессе профессиональной подготовке. – М.: Просвещение, 1996, – 160 с.*

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются основы формирования инновационной личности будущих специалистов.

#### **Resume**

In given article bases of formation the innovative person of the future experts are considered

## **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА**

### **ҰЛТ ТАҒДЫРЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ**

**С-Х. Ғаббасов** – м.ғ.д., пед.ғ.д., проф., жазушы, фантаст, драматург, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, Халықаралық М.Нострадамус атындағы проскопиялық академиясының академигі

Тәуелсіздік құдіретімен алғаш рет ашылған - **білім конгресі** - ұрпақ тәрбиесі мен білім беру түйінін шешуде, жалпылама сөз бен жаттанды ұғымдарды тыйып, жаңаша түсініктерге жол ашқаны жөн. Үш жүз жылғы бодандықпен – **«зомбыланған рухымызды»** - тіктеп, әлем халқын адастырып отырған - **«Европацентризм методологиясының»** - жалғандығын ашатын мезгіл жетті. Оның тікелей ықпалымен, бүкіл адамзат қауымы азып отыр. Олай болса, бірден **«Европацентризмнің»** ең негізгі кемшіліктеріне тоқталмақпын.

**Біріншісі**, адамда бар үш жүйенің – **Тән – Жан – Рух** – үндестіктерін әдейі үндестірмеу арқылы, бүкіл өркенниетімізді, тек **тән тәрбиесіне** байлап, **жан мен рухтың** тәрбиесі түгіл, тіпті оның өзінің не екенін ұғындырмауға тырысты. Бүгінгі шәкірт түгіл, ұстаздардың өздері - **Жан мен Рух** – дегеніміз не десе, нақты жауап бере алмайды. Ендеше айтыңыздар шы, **жаны мен рухы тәрбиесіз** адамнан не күтуге болады?..

**Екіншісі**, Джон Локк, Песталецц, Макаренкодан бастап, - **«баланың миы дүниеге келгенде ақ қаздай аппақ болып туады»** - деп жалған айтумен қоса, тіпті Джон Локк - **«идея врожденная»** - деген Рене Декартқа қарсы шықты. Сонда қалай? Ойланыңыздар шы? Бала ана құрсағында – **«бір клеткадан мынау адамдық формаға дейін жетіліп, жүрек, бауыр, зат алмасу қызыметтері қарқынды жүріп жатқанда, мидың еш қимылсыз болуы»** - **«ақ қағаздай аппақ күйі»** - тууы мүмкін емес қой. Ендеше, Рене Декарттың **«идея врожденная»** деуінің астарында телегей теңіз сыр жатқанына сенбеске болмайды. Джон Локктың **«жалған үкімін»** пайдаланған **«Европацентризм»** бүгінге дейін бізді алдап келді. Осыншама қасиетсіздіктің салдарынан адамзат қауымы - **«ана құрсағындағы тәрбиені»** - білмегендіктен, ұрпағымыз **Жан мен Рух тәрбиесінен** мүлдем қағаберіс қалып отыр. Себебі, **жан мен рух тәрбиесі де, және ол екеуінің үндесуі де**, тек **«ана құрсағында»** ғана жүретіні ғылыми дәлелденген құбылыс! Ендеше, ұрпақ тәрбиесіндегі, осыншама апаттың үлескері де, **«европацентризм методологиясы»** болып табылады.

**Үшіншісі**, бүгінгі біздер пайдаланып жүрген педагогикада, **«европацентризмнің»** қалыптастыруымен - дүниеге жаңа келген баланы **«тұлға»** деп түсіндіреді. Бұл да өрескел өтірік. Бұған сену мүмкін бе? Қараңыздар шы? Халқымыздың данышпаны ұлы Абайдың тұлғаға жету жолын, кеменгер жазушымыз М.О. Әуезов төрт томдық эпопея етіп жазуы, тіпті де бекер болмаса керек. Кешегі Ахмет Байтұрсынов, Барлыбек Сырттанов, Мұстапа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Әлихан Бөкейхановтардың азаматтық жолдары мен тұлға болып қалыптасу кезеңдерін өздеріңіз де жақсы білесіздер?!.. Ендеше, туасалған баланы тұлға деу **«европацентризмге»** не үшін керек болды екен. Өйткені, **«европацентризм методологиясы»** әуелбастан-ақ **«империялизмнің ілімі»** болып қалыптасқандықтан, олар үшін адамзат ұрпағының дұрыс жолмен тәрбиеленуі еш қажеттілікке баланбады. Мінеки, **«европацентризмнің»** басқа қателіктерін айтпай-ақ, ең өрескелінің өзі апат екені ешкімге құпия емес. Ендеше, мынау мәртебелі форум, **«жарамсыз методологиядан»** құтылып, табиғат **«бос кеңістікті»** сүймейтінін ескеріп, бұл мәселе тез арада шешілуі тиіс.

Сонымен, бүгінгі Педагогика мен Психологияның ғылыми – **Методологиясы-Жүйесі-Негіздері** – жоқ екеніне, сындарлы түрде қарайтын мезгіл жетті. Егер Аристотель мен Фарабидің ғылыми классификациясына құлақ ассақ; - **«...Кез келген Пәннің негіздері, оның ішінен шықпаса, ол ғылыми Пән болып дамай алмайды,»** - деп үзілді-кесілді үкім айтады. Ендеше, айтып жүрген Педагогиканың негіздері – **оқыту-білім беру-тәрбиелеу** – деген ұғымдардың сырттан келіп тұрғаны айдан анық. Өйткені, бала тәрбиесіндегі - **«түйсіктік ақыл мен түйсіктік тәрбиенің»** - **80%-ы ана құрсағында** қалыптасатындықтан, іште жатқан жан-иесіне – **«оқыту, білім беру»** - тіпті де мүмкін емес екендігі, ғалым түгіл қарапайым адамға да түсінікті. Осындай сорақылықты анықтағаннан кейін, не істеуіміз керек? Әрине, сөзсіз тіршілік заңына сүйене отырып, ұрпақ тәрбиесінің дұрыс жолын табу қажет...

Олай болса, тәуелсіздікпен бірге келседе, көшірмеліктің көлеңкесінде қалған, - **«Адам тәрбиесінің**



**жаңа ілімін»** - осы конгресте талқылауға ұсынамын. Оның бұрын-соңды айтылмаған екі сатылы - **Методологиясы** – «**биологиялық индивид (түр) және «сананы жетілдіру»** - болса, осы екі сатыдан шығатын екі жүйе – «**Жүрек тәрбиесі**» мен «**Ақыл тәрбиесі**» - деп жүйеленсе, пәннің ішінен шығатын – «**Жеті түрлі Негіздерінің**» - тек әрқайсысының өзіне тән тәрбие тәсілдері ұсынылады. Мұндағы екі сатылы – **Методология-Жүйелер-Негіздер** – ойдан алынбаған, тіршіліктің тұрақты заңдылығынан шыққан табиғаттың өз үлгісі. Осы методологиямен адамзат ғасырлар бойы ажырап қалған - **Жан мен Рух тәрбиелерін** – іске қосып, келешек ұрпақ мүлдем басқа деңгейде, құпия ілімдерде айтылатын - **6-шы Рассаның** - кеңістігіне шығады. Адамзат қауымы - **бүгінгі өзегі өрт өзімшілдік пен құлдыққа тән құмарлық атаулыдан** - құтылып, нағыз адамдықтың арманы - **имандылық пен ізгіліктің** – жолына түседі.

Бұл «адам тәрбиесінің жаңа ілімінде» айтылатын жаңалық өте көп. Соның ішінде, тәрбиенің іргетасы болып саналатын, - «**түйсіктік ақыл мен түйсіктік тәрбиенің 80%**» – тек ана құрсағында ғана жетілетіні анықталды. Сонымен қоса, санаға бағынбайтын - «**Жанның 12-арнасы: – түйсік-ұят-сүю-зерде-табиғи қабылет-мінез-жігер және ішкі бес сезім (көкірек көзі, телепатия, дәм, ішкі сезіну, иіс)**» – бұлар да тек ана құрсағында ашылады. Міне бүгінге дейін, адамзат қауымы - «**ана құрсағындағы тәрбиені**» - білмегендіктен, нағыз құдіретті қасиеттер ашылмай, азғындаудың ауыр азаптарын тартуда?! Адамдағы – «**Жан тәрбиесі мен Рух тәрбиесінің**» - үндеспеуінен, ұрпақ жетер - «**6-шы және 7-ші Рассаның**» - барлық сипаттары тоқырап тұр. Жоғарыдағы айтылған тәрбиенің технологиясы мен механизмдері, менің монографияларымда – «**Ізгілік әліппесі**», – Алматы, 1991; «**Халық педагогикасының негіздері**», – Алматы, 1995; «**Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері**», Алматы, 2005; «**Педагогика мен психология негіздері**», – Алматы, 2008; – толық түрде, егжей-тегжей жазылған. Кезінде бұл ілімге сеніп, дүниеге ұрпақ әкелген ата-аналардың алғыстары көп. Мысалы, 1992 жылы өмірге келген алғашқы «**үш баланың**» туған сәтінен бастап, қадағалауға мүмкіншілік болды. Оған дәрігерлік мамандығымның тигізген көмегі мол. Әсіресе, таңданбауға болмайтын, мынау бір оқиғаны айтқан жөн сияқты. **Екінші күні емізуге әкелген бала, жан-жаққа жүргірген көздерін эзер ұстап, алғысқа толы сезіммен күлімсірей анасына қарағанда, бүкіл денем шымырлап кеткені әлі есімде.** Басқа балалар - шу боп жылап келсе, бұлар да қың деген дыбыс болмайды. Мұны, тіпті жанындағы басқа аналар да өздері байқап, жиі-жиі әңгімелеп жүрді. **Кейін үшеуіде он бір жылдықты, он төртінде «алтын белгіге» бітіріп, грантпен университеттерін үздік аяқтады.** Бұл жағдайды айтып тұрған себебім, - «адам тәрбиесінің жаңа ілімі» - тек теория жүзінде емес, оның іс-тәжірибеден өткендігі де шындық.

Педагогика мен психологияның - **жаңа методологиясындағы ішкі негіздері** – тіршіліктің **биологиялық заңдылығына ғана** бағынған, адамның **физиологиялық кезеңдерінен** шығады. Бұл кезеңдер табиғат шебердің өзі қалыптастырған тұрақтылық екенін түсіну шарт! Оны бұрмалауға болмайды. Ендеше, адамдағы өзгермейтін **физиологиялық жеті кезеңнен, тәрбиенің, немесе, педагогика мен психологияның жеті түрлі негіздері** қалыптасады.

**I. Халық педагогикасының бірінші негізі, немесе, «Отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы».**

**II. Халық педа-ның екінші негізі, немесе, «Ана құрсағындағы тәрбие».**

**III. Халық педагогикасының үшінші негізі, немесе, «Нәресте кезеңі».**

**IV. Халық педагогикасының төртінші негізі, немесе, «Балбөбек кезеңі».**

**V. Халық педагогикасының бесінші негізі, немесе, «Сәбилік кезеңі».**

**VI. Халық педагогикасының алтыншы негізі, немесе, «Балиғат кезеңі».**

**VII. Халық педагогикасының жетінші негізі, немесе, «Кәмлеттік кезеңі».**

Мінеки бүгінгі адамзат қауымының пайдаланып отырған Педагогикасы мен Психологиясында, осынау жоғарыда аталған негіздер жоқ. Бұл негіздердің ерекше ескеретін қасиеті сол, әр негіздің басталуы мен аяқталуы бар **уақыт кесіндісінен** тұрумен қоса, тек өздеріне ғана тән **тәрбие тәсілдері** бар. Мәселен, **уақыт кесіндісіне** мысал келтірсек, ана құрсағындағы кезең - **9-ай, тоғыз күннен тұрса** - оның өзіне тән **тәрбие тәсілін** Ана - **мінәжаты мен тілегін көз алдына келтіру** - арқылы жүргізеді. Осы тектес барлық кезеңдердің де, тәрбие тәсілдерінің өздеріне тән ерекшеліктерін ескеру ауадай қажет. **Адам тәрбиесінің жаңа іліміндегі,** ерекше бөліп айтпаса болмайтын тағыда бір жаңалығы, әр негіздер мен физиологиялық кезеңдердің **этнопедагогикалық сипаттары** беріледі.

### Резюме

- Если народная педагогика – это учение об исследовании и воспитании внутреннего мира человека, то Этнопедагогика – приспосабливается к ведению воспитания тела через материальные и этнографические вещи (национальная одежда, еда, имущество дома и т.д.)

- В таком случае, народная педагогика и этнографическая педагогика подобно двум сторонам медали для воспитания человека.

- Стоит разъяснить, что нынешнее представление об отдельном понятии народной педагогики и этнопедагогике ошибочно.

- Некоторые напрасно говорят, что Этнопедагогика происходит от слова ЭТНОС.

- Сам Волков Г.Н., внедривший впервые в круг этнопедагогике, пишет в своей монографии – "Этнопедагогика" – М., 1972 г., что использовал это понятие от слова " этнографические вещи".

### Resume

- If nation pedagogy – is a study of research and education of man's inner world, the Ethnopedagogy - adapts to the body education through the material and ethnographic things (traditional clothes, food, property, home, etc.)

- In this case, traditional pedagogy and ethnographic pedagogy are like two sides of the coin for the education of the person.

- We should clearly understand that the current idea of the separate concepts of folk pedagogy and ethnopedagogy is wrong.

- Some people say in vain that Ethnopedagogy derives from ETHNOS.

- G.N. Volkov, who introduced first term of pedagogy, writes in his monograph - "Ethnopedagogy" – M., 1972. that he used this concept from the word "ethnographic things."

## ЖЕКЕ ТҰЛҒА – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАДА ШЫНДАЛАДЫ

**Р.Ж. Оразалинова, Г.М. Сраилова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің кәсіби шет тілдері коммуникациясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушылары*

Қазіргі уақыт талабы – оқытушылардан жаңа әдісті, шығармашылық ізденісті талап етеді. Әрбір оқытушының негізгі міндеті – студентке терең де, тиянақты білім беру. Сабақты тартымды және қызықты өткізу. 1999 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникативтік желілерге шығу» делінген [1]. Осыған орай қазіргі кезеңде оқу бағдарламасы қайта өңделіп, жетілдіріліп, жоғарғы оқу орындарының талабына сәйкес жаңа мазмұндағы деңгейлік оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар шыға бастады. Сонымен қатар оқу үдерісінде де, оқытудың жаңа әдістері мен инновациялық технологияларды сабақтарда кеңінен қолдану қажеттілігі туындады. Оқытудың сапасын көтеру міндеті – барлық ұстаздар қауымын жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға итермеледі.

Қазіргі кезде оқытушының алдында тұрған үлкен мақсаттардың бірі – жеке тұлға тәрбиелеу, оның қабілетін ашып, дарынын дамыту. Жеке тұлғаны тәрбиелеу деген – өз ойы бар, интеллектуалды дамыған, рухани бай тұлғаны тәрбиелеу деген сөз. Заман талабына сай білім беру де, оқытушының ізденісін талап етеді. Оқытушы – озық ой мен шынайы тәжірбиенің иесі. Ол студенттерге сапалы білім беріп, тәрбиелеп, ой-өрісін дамытып, жеке тұлғаға шығармашылық орта туғызады. Студенттің өздігінен ізденісі мен ойды қабылдауы – үлгілі сабақ бола бермейді. Сондықтан оқытушы көп ізденіп, ойланып, толғанып, сабақ беруге дұрыс дайындықпен келген абзал. Егер сабақта шығармашылықтың нәтижесі көрініс берсе ғана, оқыту барысы тиімді болары анық. Озат ұстаз студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жаңа түрлерін іздей отырып, өзі шығармашылықты тұлға болып дамиды. Студенттерге сапалы білім беретін оқытушы сабақта оқу үрдісінің озық тәжірбиелері мен түрлі педагогикалық әдістерін пайдаланып, жаңа педагогикалық технологияның соңғы нәтижелерін дамытуға, студенттің шығармашылық жұмысына жол ашуға, өзінің ғылыми таным әдістерін саралай отырып, диалектикалық ойлауын шыңдауға жағдай туғызуы қажет. Сондай-ақ, шығармашыл оқытушы іскерлігіне: оқу-тәрбие үрдісін студенттің диагностикалық зерттеу нәтижесінің негізінде құруы, жоспарды икемдей білуі, студенттерді шығармашылық әрекетке ынта-

ландыруы, оларға ақыл-кеңес беруі, көмекші ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануы жатады. Ал оқытудың шығармашылық әдісі: студенттің бұрын байқалмаған, іске асыра алмаған мүмкіндігін ашу, оның өз бетінше жұмыс істеуге деген құлшынысын құрметтеу, оқу жоспарын құруда студенттің жеке бас ерекшеліктерін ескеру, үлгерімі төмен студенттердің әлеуметтік мүмкіндіктерін ескеру, студенттердің бос уақытта айналысатын істерін оқу-тәрбие үрдісімен ұштастыра білуі болып табылады.

Сапалы білім берудегі оқытушының шығармашылық әрекетінің алғы шарттары теориялық зерттеу барысында анықталған. Олар – позитивті «Мен» концепциясының болуы, қалыпты көңіл-күйінің болуы, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген, ой икемділігі мен өзін-өзі басқаруы. «Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы» деп В.Сухомлинский айтқандай [2], жаңаша ойлайтын және жаңа қоғамға лайық білім сапасына, заман талабына сай халықаралық стандарт бойынша жұмыс жүргізетін шығармашыл оқытушы жұмысына құрылған модуль арқылы жүзеге асыруына болады. Демек, оқытушы білім мазмұнын байыту үшін түрлі стратегияларды қолдана білуі қажет. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай [3], қазіргі кезеңде оқыту процесінде түрлі инновациялық әдістер және технологияларды пайдалану – кеңінен қолданысқа еніп, жеке тұлғаның жан-жақты білім алуына толық жағдай жасалып отыр. Көп жылдық тәжірибесі бар, практик оқытушы ретінде сабақта әлемдік сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегияларын қолданамын. Бұл бағдарламаның стратегиялары оқытушының алдына мынандай міндеттерді қояды:

1. Сабақта ашық өзара қатынастарды қамтамасыз ету, яғни студенттерге сұрақ қойып, оған жауап іздеп, білім алуда жауапты, өз-ара іс-әрекет жасауға ынталандыратын коммуникативті модельдерді қолдану.

2. Оқыту жүйесінде сын тұрғысынан ойлауды және өз бетімен білім алуға көмектесетін кестені қолдану, яғни қызығушылықты ояту (сұрақтар қою), мағынаны ажырата білу (жауаптар іздеу, мәселені зерттеу), ой-толғаныс (ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талдау).

3. Сын тұрғысынан ойлау қабілетін және өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту үшін барлық тиімді тәсілдерді қолдану (мәтінді оқу және оны түсіндіру, жазбаша бірлесіп жұмыс жасау, пікірталас тудыру).

4. Ойлап-толғанатын практик болу, яғни оқыту тәсілдерін үйренуді жалғастыру, зерттеулер жүргізу, мәселені анықтап және оны шешуге арналған жаңа стратегияларды тұжырымдау.

Сабақ барысында осы мақсаттарды алға қоя отырып, студенттің өз бетімен білім алуына, білімді игеруі үшін интернет жүйесінен өзіне қажетті ақпараттарды іздеп, оларды дұрыс қабылдап, ой елегінен өткізе және өмірмен байланыстыра отырып, өзіндік жұмыстарды орындау үшін қажетті дағдыларды қолдануды үйретуге болады. Студенттің өзіндік жұмысының нәтижелі болуы – оқытушы мен студенттің бір-біріне деген жауапкершіліктерінің тең болуында, яғни сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы студенттің алдына үлкен міндеттер қояды. Олар – өз ойын жазбаша да, ауызша да жеткізе алу; проблемалық сұрақтар қоя білу және оларға жауап іздеу; әр түрлі мәселелерге өз пікірін айтып, оны дәлелдей білу; өз бетімен ақпараттарды іздеп, оларды ой елегінен өткізіп, сынап білу; зерттеп, шолу жасап, талдай білу; болжау; жобалау; құру; түйіндеу; түсіндіру; салыстыру; баға беру; ұсыныс жасау тағы басқалар. Міне, осы жұмыстар оқытушының басшылығымен дұрыс ұйымдастырылған жағдайда студенттердің ойлау, қабылдау және жеткізу шеберліктері шындалып, шығармашылық жұмыстарды орындауда өз бетімен ізденіп, өздігінен ой қорытуға, батылдыққа және өмірде дұрыс іс-әрекет жасауға үйретеді. Ал оқытушы шығармашылық жұмысты орындауда студенттің еңбегін дұрыс бағалауы керек, яғни оқытушы студенттің ізденісін, өздігінен ой қорытып шығарған тұжырымын, ұсынысын, дүниетанымын, батылдығын бағалай отырып, студент бойына адамгершілік, дербестік, өзіне деген сенімділік және мақтаныш сезімін дамытуы керек. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы студенттің өз ісіне деген саналы түрдегі жауапкершілігін арттырады, ол өз бетінше білім алуға ұмтылады, топпен бірлесіп жұмыс істегенде әдептілікті сақтап, батыл сөйлеуге және топқа өз үлесін қосуға тырысады. Бұл бағдарлама студентті еркіндікке, ой-қиялының дамуына, батылдыққа, ізденіске жетелейді. Ізденіске негізделген стратегия арқылы студент білімнің қайнар көзін өзі тауып, білімді меңгеру үшін қажетті дағдыларды өз бетімен қолдануды үйренеді.

Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғам ақпараттық болғандықтан, мұндағы білімнің рөлі күннен-күнге артып келеді. Алайда ғаламторды қолданғанда студенттердің алдында бірқатар қиындықтар туындайды. Интернет арқылы берілетін ақпараттардың бәрі тегін беріле бермейді, көптеген кітапханалық

ресурстар мен каталогтар, энциклопедиялар оқырмандардан жазылуды талап етеді. Сондай-ақ сайттар ғаламтордағы адресстерін ауыстыруы, кейбір беттеріне немесе тарауларына кіруге тыйым салулары мүмкін. Сондықтан оқытушы студенттерге ақпараттық ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдарын көрсетіп, үйретуі керек. Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс істегенде студенттер зерттеушілер ретінде жұмыс істейді, яғни олар материалдарды тауып, оларды сыни тұрғыдан талдауға үйренеді. Шет тіліндегі мәтіндермен жұмыс істегенде студенттер негізгі ойды түсінбей қалмауы үшін мәдени бағытталған принципті ұстану қажет. Өйткені сол материал тек болып жатқан оқиғаны ғана баяндап қоймайды, сонымен қатар ол белгілі бір мәдени құндылықтар мен саяси бағыттар жүйесі көрсетілуі мүмкін. Сондықтан оқытушы студентке мәтінді дұрыс қабылдау үшін сол мәтіндегі дүниетанымның ұлттық-мәдени ерекшеліктерін есепке алуды үйретуі керек. Бұл ерекшеліктер тек ақпарат ағымның құрылымында ғана емес, оның мазмұнында да көрінеді. Соған орай студент ақпараттың аққарасын ажыратып, қажетті ақпаратты сыни көзқараспен қарап, талдап, эсселер, шығармалар, мақалалар жазу арқылы сыни ойлау, жалпы ойлау қабілеттері шыңдалып, оқуға құштарлықтары арта түсетінін тәжірбие дәлелдеп отыр.

Қазіргі заманда білім берудің маңызды міндеті – жан-жақты білім беру ғана емес, сонымен қатар студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Танымдық қызығушылықты қалыптастыру үшін оқу үдерісінде студенттерді нәтижелі іс-әрекетке бастап, қызықтыра білу. Бұл оқытушыдан талғампаздылықпен, жауапкершілікпен іздену қажеттілігін тудырады. Оқытушының міндеті – оқу-тәрбие жұмыстарында студенттердің әрбір іс-әрекетін, дербес жұмыс рөлін арттыратын шығармашылық ортаны қалыптастыру. Шет тілін үйретуші маман ретінде тілдік құзыреттің болуы өте маңызды екенін айтқым келеді. Студент ең алғаш сыни көзқараспен қарағанда, оқытушының тілді еркін қолдана алмайтынына көзі жетсе, оның тілге деген қызығушылығы кемиді. Кез-келген тілді үйретуде басты міндет – сол тілге деген қызығушылығын арттыру. Сондықтан оқытушы сол тілге қатысты грамматика, әдебиет, стилистика салаларында маман болуы және осы салалардан ізденістерінің болуы өте маңызды деп ойлаймын. Тіл үйретуде студенттердің сыни және талдау тұрғысынан ойлаудың дағдыларын қалыптастырумен қатар, іс-әрекет, қимылдар арқылы үйрету, сөйтіп таным ортасын құрастыру, тұлғаның өзіндік дамуы мен дербестікті қалыптастыру, өмірмен байланыстыру болып табылады. Тілді әрекет арқылы үйретуде белсенді оқыту әдістемесі көп септігін тигізеді, яғни студент оқытушының бергендерін алатын және оны қайталайтын кісі емес. Ол бұл үйренгендерін қай жерде, қалай қолдана алатынын қарастырады, әрі неге үйренгенін біледі және өзінің ізденістеріне мүмкіндік алады. Белсенді оқыту әдістемесі әрекет арқылы және әрекетпен үйренуге негізделеді: адам бірінші кезекте өз қолымен жасағанды есте сақтап, игереді. Конфуцийдің мынандай сөзі бар: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» [4, 7-8].

Белсенді оқыту әдістемесінде қолданылатын тәсілдерді атап өтсек: ой қозғау тәсілі, яғни бір тақырып бойынша студенттер өз ойларын ортаға салады, ал негізгі тақырып артынан түсіндіріледі немесе оқытушы бір тақырыпты әңгіме етіп бастайды да, студенттер оны аяқтайды; суретпен жұмыс істеу тәсілі, яғни тақырыпты суретпен бейнелейді, суретке қатысты сұрақ қою немесе сипаттау әдістемелерін қолдануларына болады; салыстыру тәсілі, яғни тақырыпта көтерілген мәселені бұрынғы және қазіргі жағдаймен салыстыра отырып, жақсы және жаман жақтарын айтуға болады. Белсенді оқытуда студент тек ізденіс әрекетімен ғана емес, зерттеу әрекетімен де дағдылануы қажет. Зерттеу жұмыстарына: жобалау, аннотациялау, әдебиет көздерін құрастыру, реферат, мақала, кейс-стади жазу, сауалнамалар, тестер, жоспар мен бағдарламалар әзірлеу, портфолио құрастыру, диспуттар, презентациялар ұйымдастыру тағы басқалар. Осы жұмыстарды ұйымдастыруда оқытушы жоғарыда аталған тиімді әдістемелерді дұрыс қолдана отырып, өзінің біліктілігін жетілдіріп отыруы өте маңызды.

Бұл ғасыр – ақпараттар ғасыры. Заман талабы бұрынғы конструктивті білім жүйесін қолдануға жол бермейді. Өйткені студенттер өз бетімен тіл үйренуге қатысты көптеген ақпараттарды ғаламтор көзінен, көптеген деңгейлік оқулықтар мен әдебиеттерден ала алады. Сондықтан бүгінгі таңда кәсіби педагог – білім берудің ұлттық моделін меңгеріп, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа инновациялық, педагогикалық технологияларды терең игеріп, кеңінен қолдануға қабілетті болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу үшін сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісін үнемі жетілдіріп, заман талабына сай жаңа технологияларды меңгеру, ұтымды әдіс-тәсілдерді және ақпараттық технологияны пайдаланып, әрбір оқытушы өзінің әрбір шәкіртің бәсекеге қабілетті, өмірде өзін дамытуға бейім, құзырлы азамат етіп тәрбиелесе, Тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз ұрпақтарының алар асулары мен шығар биіктері ұшан-теңіз болмақ.

1. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар.* – Астана, 2000.
2. *Мухамадиева Н.Қ., Үстемір Н.Ә. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі»* – Алматы, 2002.
3. *Аймауытов Ж. Психология* – Алматы: Рауан, 1995.
4. *Әлімов А. «Оқытудың интербелсенді әдістемесі» Семинар-тренинг материалдары.*

#### **Резюме**

В данной статье речь идет об освоение новых технологий в процессе обучения, о систематизации качества воспитательной работы и учебного процесса, о применение инновационных технологий в процессе обучения. В процессе достижения данных задач педагог развивая у ученика личностные качества, находясь все время в поисках новых методов обучения и воспитания, сам формируется как креативная личность.

#### **Summary**

This article considers how to achieve a quality education of international level, the development of new technologies in the learning process, the use of innovative technologies in the learning process are the main challenges facing the teacher. In pursuing these objectives, the teacher in developing student's personal qualities, while all the time looking for new methods of training and education, itself formed as a creative person.

### **THE RULES OF THE FORMATION OF PROGRAM MATERIALS IN THE ORGANIZATION AND CARRIED OUT OF PHYSICAL TRAINING IN GENERAL INDUATION SCHOOLS**

**Yousif B. Babanli** – *(The doctorant of the Institute of Education Problems)*

*The pro-rector on the work with students and youth  
of the Azerbaijan State Academy of Physical Culture,*

**Dilgam G. Gouliyev** – *The doctor of phylosohy on pedagogics prof.*

*The pro-rector of the Azerbaijan State Academy of Physical Culture*

Bologna process is the process in field of nowadays globalize education occurred in the European Council. The beginning of the process is due to the Bologna declaration accepted in June 19, 1999, at the meeting of the Ministry of Education held by 29 European countries. The main purpose of the Bologna declaration is to provide application of the knowledge given to the students of European educational institutions as well as to increase the competition of the European education in the world level.

Not affecting its national values and enriching with these values having got the deserved place in a world scale Azerbaijan in 2005 joined Bologna process and has taken the appropriate responsibilities.

- сохраняя приверженность общечеловеческим ценностям, жить в условиях дружбы, мира и безопасности с другими народами и в этих целях осуществлять взаимовыгодное сотрудничество.

Конституция имеет содержание, которая имеет возможность реализовать желания народа:

- В Азербайджанской Республике единственным источником государственной власти является народ Азербайджана.
- Свободно и независимо определять свою судьбу и учреждать свою форму правления является суверенным правом Азербайджана.
- Народ Азербайджана осуществляет свое суверенное право непосредственно путем всенародного голосования-референдума и посредством своих представителей, избранных на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права путем свободного, тайного и личного голосования.

– Народ Азербайджана един.

– Единство народа Азербайджана составляет основу Азербайджанского государства. Азербайджанская Республика является общей и неделимой родиной всех граждан Азербайджанской Республики.

Никакая часть народа Азербайджана, никакая социальная группа или организация, никакое лицо не может присвоить полномочие по осуществлению власти.

- Присвоение власти является тягчайшим преступлением против народа.
- Азербайджанское государство – демократическая, правовая, светская, унитарная республика.
- В Азербайджанской Республике государственная власть ограничивается во внутренних вопросах только правом, во внешних вопросах – только положениями, вытекающими из международных договоров, стороной которых является Азербайджанская Республика.

– Государственная власть в Азербайджанской Республике организуется на основе принципа разделения властей:

- законодательную власть осуществляет Милли Меджлис Азербайджанской Республики;
- исполнительная власть принадлежит Президенту Азербайджанской Республики;
- судебную власть осуществляют суды Азербайджанской Республики.
- в соответствии с положениями настоящей Конституции законодательная, исполнительная и судебная власти взаимодействуют в независимости в рамках своих полномочий.

– главой Азербайджанского государства является Президент Азербайджанской Республики. Он представляет Азербайджанское государство внутри страны и во внешних отношениях.

– Президент Азербайджанской Республики:

- а) воплощает единство народа;
  - б) обеспечивает преемственность Азербайджанской государственности;
  - в) президент Азербайджанской Республики является гарантом независимости и территориальной целостности Азербайджанского государства, соблюдения международных договоров, стороной которых является Азербайджанская Республика;
  - г) президент Азербайджанской Республики является гарантом независимости судебной власти;
- Азербайджанская Республика строит свои отношения с другими государствами на основе принципов, предусмотренных в общепризнанных международно-правовых нормах.
  - Территория Азербайджанской Республики едина, неприкосновенна и неделима.
  - Территория Азербайджанской Республики неотчуждаема. Азербайджанская Республика никому, ни в какой части и ни в каком виде не передает свою территорию.
  - Обеспечение прав и свобод человека и гражданина – высшая цель государства.
  - В Азербайджанской Республике собственность неприкосновенна и охраняется государством.



- Собственность может быть государственной, частной и муниципальной.
- Собственность не может быть использована для ущемления прав и свобод человека и гражданина, интересов общества и государства, достоинства личности.
- Без ущерба для прав и интересов каких-либо физических и юридических лиц природные ресурсы принадлежат Азербайджанской Республике.
- В Азербайджанской Республике развитие экономики, основанной на различных видах собственности, служит повышению благосостояния народа.
- Азербайджанское государство заботится о повышении благосостояния народа и каждого гражданина, его социальной защите и достойного уровня жизни: оказывает содействие развитию культуры, образования, здравоохранения, науки, искусства, охраняет природу, историческое, материальное и духовное наследие народа.
- Семья, как основная ячейка общества находится под особой опекой государства. Забота о детях и их воспитание являются долгом родителей. Государство осуществляет контроль за выполнением этого долга.
- В Азербайджанской Республике религия отделена от государства. Все вероисповедания равны перед законом.
- Запрещается распространение и пропаганда религий, унижающих достоинство личности и противоречащих принципам человечества.
- Государственная система образования носит светский характер.
- Каждый с момента рождения обладает неприкосновенными, не нарушаемыми и неотчуждаемыми правами и свободами. Права и свободы охватывают также ответственность и обязанности каждого перед обществом и другими лицами.
- Все равны перед законом и судом. Мужчины и женщины обладают равными правами и свободами.
- Государство гарантирует равенство прав и свобод каждого – независимо от расы, национальности, религии, языка, пола, происхождения, а также имущественного, служебного положения, убеждения и принадлежности.
- Каждый может в установленном законом порядке, свободно используя свои возможности, способности и имущество, самостоятельно или совместно с другими заниматься предпринимательской деятельностью или не запрещенным законом другим экономической деятельностью.

С целью непосредственного проведения в жизнь статей, отраженных в Конституции с1995-года было принято более пяти тысяч законов, а также решений, распоряжений и указов, действующие в силе. Большинство из них создают возможности проведения в жизнь намерений народа и главы государства.

Из приведенных примеров ясно, что идеология Гейдара Алиева, гарантирующая прогресс многонациональному Азербайджанскому народу и Азербайджанской Республике, находящейся на пути развития современной независимой, суверенной, рыночной экономики, совершенно реально и полностью соответствует интересам общества.

Раскроем политическую сущность идеологии, которая верно установлена с научной точки зрения и отражает в себе принципы гуманизма.

Во внутренней политике:

Для гарантии достойной жизни каждому и в целом всего народа мобилизовать все возможности, ресурсы и рационально использовать; внимания, силы и интеллектуальные потенциалы всех направить для достижения этой цели. Конкретно:

- активизировать фактор человека, создать широкие возможности для человеческой деятельности;
- в рамках закона помочь гражданам в трудоустройстве соответственно знаниям и способностям, профессии и интересам;
- направить государственный бюджет и большую часть материальных благ направить на решение социальных проблем;
- развивать экономику с усиленными темпами с целью гарантирования достойной жизни. Создать изобилие материальных благ и гарантировать право использования этих благ;

2. Наряду с сохранением и развитием исторически-формированной и свойственной культуры каждой нации и этнической группы, составляющая определенную часть Азербайджанского народа, гарантировать развитие общей культуры – Азербайджанской культуры, созданную всеобщей интеграцией.

3. Испытывать ко всем одинаковое здоровое отношение с целью сохранения и развитие единства, монолитность Азербайджанского народа, не ставя различия между нациями и этническими группами.

4. С целью гарантии единства, целостности территории Азербайджанской Республики вовремя принимать предупредительные меры случаям сепаратизма и факторам его возникновения.

5. Испытывать заботливое отношение исторически-формированным духовным богатством и приводить в жизнь мероприятия, способствующие развитию культуры.

6. Обращать особое внимание вопросам формирования, воспитания выбора и правильного размещения в областях деятельности национальных кадров с высоким уровнем интеллекта. Подходить ко всем с одинаковым требованием. Трудолюбивых граждан поощрять материально и морально.

7. Правильно использовать все возможности, помогающие в оздоровлении всех семей, а также ради счастливой жизни семей проводить в жизнь программы государственного социального направления.

8. Обновление, обогащение, усовершенствование систем образования, обучения, воспитания, развития и просвещения, направленные на поднятие интеллектуального развития людей.

Во внешней политике:

– Со всеми государствами на земном шаре поддерживать взаимное уважение, доверие, двустороннее и многостороннее сотрудничество; объявить желание жить в условиях мира и безопасности и в этом направлении вести последовательную системную работу:

– Достоинно представиться во влиятельных международных объединениях. В том числе Организации Объединенных Наций (ООН), Европейском Совете и Европейском Союзе, Организации Исламской Конференции и т.д.

– Создавать отношения с мировыми государствами на основе международных юридических норм, а также принимая во внимание особые интересы Азербайджана, внутреннюю политику государства соблюдать государственные требования страны.

– Внешняя политика Азербайджана строится, как логическое продолжение внутренней политики, служит общей цели – гарантии мирного и достаточного проживания Азербайджанского народа.

1. Конституция Азербайджанской Республики, – Баку, 2002.

2. Гейдар Алиев и президент Азербайджана, – Баку, 2003.

3. Гейдар Алиев и Азербайджан, – Баку, 2008.

4. Путь Гейдар Алиева: Азербайджан на новой стадии развития, – Баку, 2007.

5. Шемсизаде Х. Азербайджанство, – Баку, 2006.

6. Гаралов З.И. Передовая идеология и нравственная система, сформированная Общенациональным лидером Гейдар Алиевым. – Научные труды Института Проблем Образования, – Баку, 2012, №2, – с. 104-110.

7. Кулиев Ф. Национальная гордость – подталкивающая сила национальной гордости. – Баку, 2009.

### **Түйін**

Мақалада Ұлттың көшбасшысы Гейдар Алиев құрып берген идеологиялық жүйе туралы жазылған. Автор идеологиялық жүйенің негізі болып табылатын бірнеше іргелі ұстанымдарды ашады.

### **Резюме**

В статье исследуются идеологическая система, созданная Общенациональным лидером Гейдар Алиевым. Автор раскрывает несколько фундаментальных принципов, которые стоят в основе идеологической системы.

### **Resume**

In article is analysed the Azerbaijani national ideology, formed by our national lider Heydar Aliyev from the theoretical and pedagogical point of view, also defined the some addition theoretical and pedagogical principles. Also, for the first time explained the matter of principles of earning the belief of nation, faith and confidence of between nations, social justice and social equality, showed role and importance of these principles in educational system of schools. Azerbaijani national ideology education is reflects the unit, indivisible order of the Azerbaijan Republic and its education system, also rejects ethnic pretension. Teachers-probationers and researchers can derive advantage from this article.

## **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**С.Мырзаханова – КазМемҚызПУ, “Дефектология”**

Қазақстан Республикасы Конституциясында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы тиістігі жазылса да, өкінішке қарай, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе күйінен түспей тұр [1].

«Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция аясында инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық жоспарын жасау, сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін қоғамдық институттардың тәжірибесін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды үздіксіз оқытудың тұжырымдамасын жасау көзделді [2].

«Бәріне бірдей мүмкіндік» принципін ұстанатын инклюзивтік білім берудің енгізіле бастағанына көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбіне «Сапалы білім – барлығы үшін» түсінігімен бірге қолданылады. Яғни жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне-көп арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Шындығында олар оқшауланған, қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады. Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады. Инклюзивті білім берудің халықаралық және қазақстандық тәжірибесі қоғам, отбасы, мемлекет ерте ме, кеш пе барлық балалар сапалы білім алу үшін бірдей жағдай жасауға міндеттенетінін көрсетіп берді. Бүгін инклюзивті білім беру әдісі енгізілген жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі дайындық жүйесінің педагогтары өз тәжірибелерімен бөліседі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады [3]. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. 2004 жылы зерттеу жүргізілген кезде, орта мектеп педагогтарының 80 пайызы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49 пайызы ғана қолдамаған. Яғни педагогтардың басым көпшілігі мұндай балаларды мектепке қабылдауға дайын болды. Ал ата-аналардың 79 пайызы түсінбей, «неге менің баламның қасында мүгедек бала отыруы керек?» деп наразылық білдірсе, қазір олардың көпшілігі бұл идеяны қолдайды [3].

Біз зерттеуімізге негіз етіп алып отырған мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының білім мен тәрбие беру, тұлғаның әлеуметтендіру мәселесі Қазақстан ғалымдары Ғ.Ә. Абаева [4], К.Бектаева [5], К.К. Омирбекова [6], Г.С. Оразаева [7], Л.Р. Мунинова [7], З.А. Мовкебаева [8], Г.С. Абельдинова [9], Б.С. Халыкова [10], Камалбекова А.А. [11] т.б. еңбектерінде негізгі орын алады.

Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда мектептің тәрбие жүйесі негізгі орын алады. Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда тәрбие жүйесі тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік ықпалдасу негізінде қалыптасады, яғни тәрбиеші, тәрбиеленуші және әлеуметтік орта. Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда тәрбиеші педагогикалық дайындығы мен шеберлігі, білімі, эрудициясы, саяси, адами, рухани, эстетикалық бейнесі десек, ал тәрбиеленуші жағынан білім, білік, дағды, сенімі, құзырлығы т.б. әр тұлғаның жекелей сапасын қамтиды.

Оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда олардың жеке бас және жас ерекшелігіне байланысты тұлғаның тәрбиелілігін білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, табиғатқа, еңбекке, өзіне деген қатынасы оның іс-әрекеті, мінез-құлқы, қарым-қатынасы арқылы айқындалады.

Мектеп оқушыларының адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда пән сабақтарының негізгі талаптары:

- пән сабақтарының мектептегі және сыныптағы жүргізілетін тәрбие жүйесімен өзара байланыста жүргізілуі, пән аралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық, оқушылардың іс-тәжірибесі;
- пән сабақтарының алдына қойған мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;

– сабақтың құрылымында тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, сабақ мазмұны оқушылардың рухани-адамгершілік іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен оқушылардың адамгершілік іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;

– пән сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік сезіміне ықпал ететін мазмұнның қамтылуы;

– сабақ үстінде оқушылардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, сабақтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуы керек;

– сабақтың құрылымы, қамтылатын мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда рухани-адамгершілік бағыттарына баса көңіл аударылуы керек.

Рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастыру барысында төмендегі іс-әрекеттер атқарылуы керек:

– қоғамдағы жаңа әлеуметтік экономикалық және мектептегі әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін ескере отырып рухани-адамгершілік тәрбие берудің жалпымектептік бағдарламасын жасау;

– пән сабақтарында, әсіресе зерттеу нысанына алынып отырған тарих пәніне кіріктіріле отырып жүргізу;

– сабақтан тыс уақыттаға аймақтану материалдары арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға негізделген факультатив курс бағдарламасы мен әдістемесін дайындау;

– мектептен тыс жүргізілетін саяхат сабақтарын, экскурсияларды, т.б. іс-шараларды ұйымдастыруға байланысты әдістемелік ұсыныстар дайындау;

– оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлерін анықтау;

– мақсатты нақты айқындауға байланысты тәрбие беруге байланысты формалар мен әдістерді таңдау және практикаға ендіру;

– зерттеудің аралық және қорытынды нәтижелелерін айқындауға байланысты бақылау срездерін жүргізу;

– жинақталған мәліметтерді талдау, салыстыру;

– негізделген және нақтыланған әдістемелік ұсыныстарды іс-тәжірибеге енгізу.

Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың құрамды бөлігі – сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар болып табылады. Оқушылардың пән сабақтарында меңгерген білімдерін, үлгі-өнегелерін сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарда пайдалану қоғамдық еңбекпен айналысуға, ой-өрістерінің кеңеюіне үлкен ықпалын тигізе отырып, адамгершілік құндылықтары қалыптасқан тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда құндылықтарына негізделген тәрбиелік іс-шаралар тұлғаның бойындағы ұлттық сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын азамат тәрбиелеуге мүмкіндік зор екені анықталды.

Қазіргі таңда рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын анықтау үшін ұлттық құндылықтарды бүкіл-адамзаттық құндылықтармен ұштастыру негізгі көкейкесті мәселе болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбие бүгінгі күн тұрғысынан қарастыратын болсақ, адамгершілік мәселесін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара сабақтастыра, кіріктіре отырып, қарастыруды қажет етеді.

Тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің мазмұнын ғылыми-педагогикалық тұрғыда саралағанда төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар туындады:

– Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда философия, педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарының тұлға, тәрбие, тәрбие жүйесі, құндылық, рухани-адамгершілік құндылықтар ұғымдарына берген тұжырымдарын негізге ала отырып, зерттеуіміздің тұжырымдамалық негіздері айқындалды.

Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда тұлғаның бойындағы адамгершілік және еріктік қасиеттері неғұрлым айшықты көрінген сайын, оның өмірлік бағдарлары жалпыадамзаттық құндылықтармен сәйкес келетіні, тұлғаның бойында құндылықтардың орнығуы мен дамуы оң ықпалымен әсер ететіні дәлелденді.

Табиғат пен мәдениеттің арақатынасы – адамның табиғатқа қатысты, табиғатпен байланысты, табиғи ортаны игеру әдісі. Тұлғаның қалыптасуын әлеуметтік ғылым тұрғысынан қарастыратын болсақ “адам-қоғам-табиғат” өзара бірлікте қарастыра отырып, табиғат пен мәдениеттің арақатынасы – адамның табиғатқа қатысты, табиғатпен байланысты, табиғи ортаны игеру әдісі жан-жақты сараланып берілді.

Философия ғылымындағыдай педагогикада да тәрбие жүйесінің негізі – тұлға. “Адам-қоғам-таби-

ғат” қарым-қатынасы негізінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда бүгінгі күн тұрғысынан руханилық ұғымының мән-мағынасы ашылып берілді. Руханилық – бұл сыртқы болмыс универсумын тұлғаның ішкі ғаламына этикалық негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында адамның өзіне сәйкестігі мен оның еркіндігін жүзеге асыра білуі (Крымский С.Б.). Рухани дамыған тұлғаның көрсеткіштері, сапалық белгілері: басқаларға жанашырлық білдіру, өзге адамға жақсылық тілеу, адамдарға көмек көрсету, айналадағы өмірді жақсартуға ұмтылу, оны жүзешге асыру, өмір туралы мәселелер жөнінде толғану, өмірдің мәнін іздеу, өзін-өзі дамыту, жетілу арқылы бүкіл дүниені жетілдіру (Майғаранова Ш.).

Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда олардың жас ерекшелігін, қызығушылығын, ынтасын ескере отырып оқу тәрбие жүйесін ескере отырып жүргізгенде нақты нәтижелерге жетеміз.

Зерттеу барысында төмендегідей ұсыныстар туындады:

Бірінші, кемтар балаларға арналған орталықтар әр қалада, әр аудан орталықтарында ашылуы қажет. Себебі, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасына ықпал етеді.

Екінші, кемтар балалардың денсаулығын негізге ала отырып, дистанциондық оқыту жүйесін енгізу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Үшінші, кемтар балаларға арнап типтік оқу бағдарламаларына сәйкес электронды оқулықтарды шығару және тегін түрде оқушыларға тарату қолға алынса.

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан. 1995. – 47 б.*

2. *«Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция.«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау».*

3. *Абаева Ф.Ә. Әлеуметтік педагогика. – Алматы: ҚазМемҚызПУ. 2011.*

4. *Бектаева К. Арнайы педагогика негіздері. Оқу құралы. – Алматы.*

5. *Омирбекова К.К., Балкибекова В.С. Состояние фонетической стороны речи детей-казахов с общим недоразвитием речи. Вопросы теории и практики психологии и педагогики. – Алматы: АГУ им. Абая, 1999. – С. 6-58.*

6. *Муминова Л.Р., Оразаева Г.С. К вопросу о сотрудничестве логопеда и родителей в процессе применения казахских народных игр // Вестник КазНПУ им. Абая, – Серия Специальная педагогика. 2007. №1(10). – С. 52-56.*

7. *Мовкебаева З.А. Комплексная программа психомоторного развития дошкольников с недоразвитием речи в процессе подготовки их к школьному обучению // Білім-Образование, №4(34). 2007. – С. 85-88.*

8. *Абельдинова Г.С. Комплексный подход при коррекционной работе детьми с нарушениями письменной речи // Вестник КазНПУ им. Абая, – Сер. Специальная педагогика. – 2007. №1(10). – С. 65-70.*

9. *Халыкова Б.С. Организационно-технологические основы обучения детей дошкольного возраста с ограниченными возможностями в условиях реабилитационного центра // Автореф. дисс. к.п.н. – Алматы, 2003. – 30 с.*

10. *Камалбекова А.А. Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамдағы орны.*

11. *№13 орта мектебі (арнаулы сыныптарымен) педагог-дефектолог. Қазақстан мектебі. 2005. – 56-58 б.*

### **Резюме**

В статье рассматриваются пути формирования духовно-нравственного воспитания учащихся в инклюзивных школах.

### **Summary**

The article discusses ways the formation of spiritual and moral education of students in inclusive schools.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ

Б.Үсен – 2-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан, жеке тұлғаның “дамуы” мен “қалыптасуы” ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады.

Психологтар «құндылық» ұғымымен қоғамдағы әлеуметтік тарихи мағыналарды және шындықтың белгілі құбылыстарының жеке адамдарға қатысты жеке мәнін сипаттайды. Құндылық психологиялық феномен ретінде әртүрлі психологиялық компоненттерді белгілі жүйеге байланыстырады. Құндылықты психологиялық табиғатын қажеттіліктер, қызығушылықтар, мотивтер және жеке тұлғаның бағыттылығы аралығындағы байланыс пен қатынас тұрғысында қарастырған жөн [1].

Тәуелсіз Қазақстандық қоғамда құндылықты бағыттар қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдері, яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін, әдеттерін, туған ел табиғатын құрметтеп білу- жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен бірге, әрбір адам үшін жоғары құндылық – бұл өмір, тіршілікке болған қамқорлық, гуманистік қатынастар негізі – әр адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік сапаларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, туған-туысқанды, отбасы, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадірлеуді меңгерту.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды түсіне танудың негізі қоғамға бағытталған идеялардың, сезімдердің, ұғымдардың қалыптасуына; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды байланыстыра білуге; қоғамға және басқа адамдарға болған қатынастарға орай құқы мен міндеттерін зерттеп тануға; азамат құқы мен міндеттерінің бірлігін түсінуге; азаматтық мінез-құлық пен сезімдерді; пікір жүргізу еркіндігінің дамуы мен көңіл-күй ортақтығын сезінуге және т.б. тәрбиелейді.

Құндылық – ол адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, сөйлеу мәдениеті, қызығушылығы, еңбек сүйгіштігі, қоршаған қоғамдық ортада алатын орны болып табылады. Қай заманда да адам баласы үшін құнды да бағалы, мәнді де маңызды дүниелер болған. Оның заттың немесе рухани бейнелі екендігі адамның ішкі қажеттілігіне, түсінігіне қатысты болмақ. Құндылықтың адамзат үшін маңыздылығы мен қажеттілігіне бойлау үшін жан-жақты мәнін ашқан жөн.

Педагогикадағы құндылық тақырыбын зерттеген отандық ғалымдар: Г.Қ. Нұрғалиева, М.Ж. Жадрин, К.Ж. Қожахметова, А.Р. Құл-Мұхамед, Р.Төлеубекова, А.Е. Манкеш, Ш.М. Майғанарова, Б.Құдышева, С.Қ. Қалиев, А.К. Каплиева, Ж.Ж. Нұржанова, Д.Д. Байдалиев Н.Қ. Байжанова, Н.У. Сериков, А.М. Текесбаева, Б.К. Шаушекова т.б. ғылыми еңбектерінде тұжырымдап зерделеді.

К.Х. Қожахметованың пайымдауынша, құндылық – адам іс-әрекетіне яғни, мәдениетіне түрткі болатын – қажеттілік пен мүдделілік. Құндылықтар өмір сүру қажеттілігіне орай: жалпыадамзаттық, әлеуметтік, рухани, этникалық болып бөлінетінін көрсете келе, ұлттық құндылықтарының дамуын жалпыадамзаттық құндылықтар – қоғам құндылықтары – этникалық құндылықтар аспектілерінде қарастырған. Бұлайша қарастыру оқушылардың құндылықты өзгертуге басымдылық беру ерекшелігін төмендегіше анықтаған:

*біріншіден*, әр ұрпақтың тарихи кезеңдерде өз орны бар, алайда, өмір қажеттілігіне айналған кейбір “өтпелі” құндылықтары да болады;

*екіншіден*, бұл толығымен белгілі - бір құнды және мінез-құлық стандарты немесе қаласаңыз, белгілі бір жас топтарына шын ықыласымен енген күні жеке адамның жадында ұмытылмастай сақталған, белгілі өмір талабына сай, белгілі әлеуметтік үлгі.

*үшіншіден*, құндылық қаншалықты адамдардың белгілі халықтың мәдени ойын бейнелейтін жинақты мінез-құлық, іс-әрекет қалыбы мен мақсаты туралы ойының қорытынды көрінісі, әрине, әр ұрпақтың өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын мойындауы мен ана тілінде сөйлеуі, отбасы тәрбиесі үрдісінде қалыптасады да жанына жақын құндылық бағдарын таңдайды және өмірінде жүзеге асыруға тырысады, – деп тұжырымдайды [2]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, зертеу жұмысымызда ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда әсіресе екінші және үшінші ерекшеліктерді басшылыққа алу қажет деп есептейміз. Адам өмірінің мәні жоғары құндылық жүйесін түзеді:

1. Тәжірибеден, ақыл-санадан тыс құндылық. Оған жаратушы ием туралы әлем дүниесіндегі абсолютті ұстанымдар, моральді абсолют жүйесі енеді. Бұл құндылықтар адамды өлім туралы ойлауға, оған мән беруге әкеледі. Олар идеологиялық жүйені біріктіреді, құрайды, қоғамды біріктіреді, адамның тіршілігіне әсері бар.

2. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар: саяси мұраттар, мемлекет мәдениеті, мемлекет тарихы, мемлекеттік шекара; дәстүрлер, аймақ т.б. қасиеттері бар адамды тапқандай болады. Бұдан шығатын түйін

автор адам өмірінің мәнін бір жағынан тұлғаның тылсым дүниемен қатынасы, ойлауы, тіршілік көзі болса, екінші жағынан мемлекет деңгейіндегі құндылықтар өлшемі болып табылатынын ескерткен.

Д.А. Леонтьев атап өткендей, құндылық бағдардың жеке иерархиясы жақсы шекараланған «блок-тардың» бірізділігін көрсетеді. Ол әртүрлі негіздер бойынша блоктарға біріктірілген және өзінше полярлық құндылықтар жүйесін білдіретін құндылықтарды топтастыруды келтіреді [3]. Атап айтқанда, терминалды құндылықтардың ішінде бір-біріне мыналар қарама-қарсы қойылады:

1. Нақтылы өмірлік құндылықтар (денсаулық, жұмыс, достар, отбасы өмірі) – абстрактілі құндылықтар (таным, даму, еркіндік, шығармашылық).

2. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары (қызықты жұмыс, табысты өмір, шығармашылық, белсенді өмір) – жеке өмір құндылықтары (денсаулық, махаббат, достардың болуы, ойын-сауық, отбасы өмірі).

3. Жеке құндылықтар (денсаулық, шығармашылық, еркіндік, белсенді өмір, ойын-сауық, өзіне деген сенімділік, материалды ауқатты өмір) – өзара тұлғалық қарым-қатынастар құндылықтар (достардың болуы, бақытты отбасы өмірі, басқалардың бақыты).

4. Белсенді құндылықтар (еркіндік, белсенді өмір, табысты өмір, қызықты жұмыс) – пассивті құндылықтар (табиғат пен өнердің әсемдігі, өзіне деген сенімділік, таным, өмірлік даналық).

Негізгі құндылықтардың ішінен Д.А. Леонтьев мыналарды атап көрсетеді:

1. Этикалық құндылықтар (адалдық, жегіспеушіліктерге төзбеушілік) – өзара тұлғалық қарым-қатынастар құндылықтары (тәрбиелік, өмірге қуанушылық, қайырымдылық) – кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары (жауапкершілік, істердегі тиімділік, тұрақты ерік, орындаушылық).

2. Дара құндылықтар (биік сұраныстар, тәуелсіздік, тұрақты ерік) – конформды құндылықтар (орындаушылық, өзін-өзі бақылау, жауапкершілік) – альтуристік құндылықтар (шыдамдылық, қайырымдылық, көзқарастардың кеңдігі).

3. Өзін-өзі бекіту құндылықтары (биік сұраныстар, тәуелсіздік, төзбеушілік, батылдық, тұрақты ерік) – басқаларды қабылдау құндылықтары (шыдамдылық, қайырымдылық, көзқарастардың кеңдігі).

4. Интеллектуалды құндылықтар (білімділік, ақыл-парасаттылық, өзін-өзі бақылау) – дүниені тікелей-эмоционалды сезіну құндылықтары (өмірге қуанушылық, адалдық, қайырымдылық).

Я.Гудечек құндылықтар жүйесін іштей қабылдау дәрежелеріне сәйкес қазіргі кездегі қоғамдағы тұлғаның оған деген қарым-қатынасының бес негізгі типтерін анықтайды:

- белсенді қарым-қатынас (құндылықтар жүйесін интернализациялаудың жоғарғы дәрежесін білдіру);
- конформдық қарым-қатынас (құндылықтар жүйесімен интернализациялаусыз және ұқсастырусыз, сырттай, бейімделуді көрсету арқылы келісу);
- енжарлық (парықсыздық, құндылықтар жүйесіне деген қызығушылықтың болмауы);
- келіспеушілік (сын, құндылықтар жүйесін кінәлаушылық және оны теріс бағалау, оны өзгертуге деген ұмтылыс);
- белсенді қарсы тұрушылық (құндылықтар жүйесін сырттай және іштей жоққа шығару) [4].

К.А. Абульханова-Славская, В.Г. Алексеева және басқа да авторлар құндылықтар жүйесінің осындай типологиясын ұсынды. К.А. Абульханова-Славская сынақ мәліметтерінің негізінде тұлғаның үш типін анықтады:

- қоғамдық нормалар мен құндылықтарды өзінің жеке еркіндігін шектейтін ретінде сипаттайтын және олардан босануға ұмтылатын, «адамгершілік-құндылық жолдармен» істеуге ниеті жоқ тип;
- қоғамдағы құндылықтар жүйесіне деген теріс қарым-қатынасы бар және адамгершілік міндеттерді жүзеге асыруға жауапкершілікті өзіне алатын тип;
- әлеуметтік нормаларды құндылықтар деп тануды жоққа шығармайтын, бірақ оларды конформистік жолмен танитын, құндылық бағыты және іштей түпкілікті адамгершілігі жоқ тип [5].

Сөйтіп, оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудың мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерден, олардың әрқайсысын айғақтайтын бірнеше көрсеткіштер, өлшемдер мен деңгейлерден тұратын, сонымен қатар, өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы тұтас құрылым ретінде сипаттаймыз.

Оқу-тәрбие үдерісі барысында мұғалім-оқушының белсенді өзара әрекеттестігінің нәтижесінде жүйелі түрде ұлттық құндылықтар, рухани және материалдық мәдениет элементтері меңгеріледі. Тұлғаның қалыптасу үдерісі қоршаған ортаның ықпалына тікелей байланысты, өйткені тұлға қоршаған шынайы болмыспен сан алуан қатынастарға түседі. Айналадағы күрделі дүниенің ықпалына жеке тұлғалар, отбасылар, этникалық топтар ғана емес, дәстүрлі тәрбие де түседі.

Бастауыш сынып оқушыларының баға беру қабілеттерін дамыту қоғамдық пайдалы еңбекті орындау, қызықтау, серуен, үзілісте, жұмыс барысында және де күнделікті өлкетану іс-әрекетін ұйымдас-

тыруда жүзеге асып отырады. Ол үшін балаларды мұғалім серуенге шығарып, табиғи материалдардан тыс заттарды табуды ұсынады. Балалар өздері үшін жаңа заттарды тауып, қоршаған ортада кездесетін табиғи материалдарға бағаларын береді. Мұндай жұмыстарды бастауыш сынып оқушылары үлкен қызығушылықпен орындау үшін оларға дұрыс бағыт берілуі тиіс.

Оқушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыру үшін оқытудың дамыта, эвристикалық, шығармашылық, проблемалық жағдаят туғызу сияқты тиімді деп саналған әдіс-тәсілдері іріктеліп алынды.

*Эвристикалық әдіс* – оқушылардың берілген тапсырма бойынша ой қорытындысын жинақтауға септігін тигізеді.

*Шығармашылық әдіс* – оқушыларға берілген тапсырма бойынша оны орындаудың тиімді жолдарын пайдаланып, жаңа нәтиже алуға ықпал етеді.

*Проблемалық жағдаят* – оқушыларды қойылған проблеманы шешу арқылы жаңа нәтиже алуға итермелейді.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыру үшін қолданылатын технологияларға тоқталатын болсақ, олар төмендегідей:

*Кіріктіру технологиялары* – әр түрлі пәндердегі білім мен біліктерді, әр түрлі әрекеттерді оқу тақырыптары, оқу проблемалары деңгейінде кіріктіруге мүмкіндік беретін дидактикалық жүйе. Оқыту үдерісінде кіріктіру ұғымын екі мағынада қарастыруға болады. Бірінші оқушының ұлттық құндылық тұрғысынан қоршаған дүние жөнінде тұтас түсінік қалыптастыру. Мұндай кіріктірудің нәтижесінде бала ерте жастан қоршаған дүниенің барлық элементтері бірімен бірі өзара байланыста, тұтастықта деп түсінеді. Екінші пәндік білімдерді жақындастырудың жалпы негізін табу. Дәстүрлі пәндерді кіріктіруде бала қоршаған дүние туралы оның ішінде ұлттық құндылық туралы жаңа мағлұматтар алады, оны толықтырып, кеңейтеді.

*Ойын арқылы оқыту технологиясы* – балама нұсқаларды таңдап алу негізінде қойылған міндеттерді шешу біліктерін ұлттық құндылық тұрғысынан қалыптастыратын әр түрлі ойындарды қолданудың жүйесі: жобалау ойындары, жеке тренинг, практикалық тапсырмаларды (есептерді) шешу т.б.

*Тренингтік технологиялар* – типтік есептерді (тапсырмаларды) шешу алгоритмдерін оқу барысындағы білім алушылардың әрекеттерінің жүйесі.

Дамыта оқытудың бір жолы – *деңгейлеп оқыту технологиясы*. Деңгейлеп оқыту-оқылатын ақпараттың азаюы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұғалім араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Қорыта келгенде, бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыру тұлғаның табиғи жаратылысы мен арнайы ұйымдастырылған оқыту үдерісінің негізінде тұлғаның ұлттық санасын, сезімін, мінез-құлқын дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі, жоспарлы жүргізілетін жұмыстың нәтижесі болып табылады.

1. *Психологиялық-педагогикалық сөздік*, – Алматы, 2011.

2. *Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу*. – Алматы: Мектеп, 1982.

3. *Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность*. – М., 1977. – 304 с.

4. *Гудечек Я.*

5. *Абульханова-Славская К.А., Брушлинский А.В. Философско-психологическая концепция С.Л. Рубинштейна: К 100-летию со дня рождения*. – М.: Наука, 1989. – 248 с. 213, *Брушлинский А.В. Субъект: мышление, учение, воображение. Избр. Психол. Труды*. – М.-Воронеж. 1996. – 388 с.

### Резюме

В статье рассматривается национальная ценность школьников начальных классов как педагогическая проблема и решение проблем, пути и методы решения. В статье дано конкретные примеры национальных ценностей и мнения зарубежных и отечественных ученых.

### Summary

The national value of pupils of primary forms is considered as pedagogical problem and solution of the problem, ways and methods of solution. Concrete examples and opinions of foreign and native scientists about national values are given in the article.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**



**КЕРІМОВ ЛАЗАР КЕРІМҰЛЫ**  
**(1941-2011)**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-і педагогика және психология факультеті, жалпы педагогика және психология кафедрасы ұсынған*

**Редакция алқасы:**

**Жетекші редактор** С.Ж. Пірәлиев

**Ғылыми редактор** С.М. Кеңесбаев

**Жауапты редактор** Т.М. Баймолдаев

**Редакция алқасының мүшелері:** Г.С. Саудабаева, Б.А. Қиясова, А.М. Усенова, Ф.А. Абдримова

**«ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ – МҰҒАЛІМНІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ»**

*ХАҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Керімов Лазар Керімұлын есте қалдыру мақсатында және білім беруді дамыту мәселелеріне байланысты ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференция материалдары*  
*23 қараша 2012 жыл, Алматы*

Конференцияның пленарлық мәжілісі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Достық даңғылы 13, Бас ғимарат – 2 қабат, 225 конференц залында өтті.

1) Пленарлық мәжілісті университеттің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Пірәлиев Серік Жайлауұлына ашып, кіріспе сөз сөйледі.

2) Пленарлық баяндамашыларға сөз берілді:

- «Қазақстандық педагогика ғылымының ғалымы» – п.ғ.д., профессор Л.К. Керімов туралы – п.ғ.д., профессор Баймолдаев Т.М.

- «Жастарды әлеуметтік ортаға бейімдеудегі этнотарихи білімнің ролі» – т.ғ.д., профессор Берлібаев Б.Т.

- «Современные реалии педагогической науки в формировании интеллектуального потенциала будущих учителей» – п.ғ.д., профессор А.Н. Көшербаева.

- «Научно-практические основы развития национальной модели образования» – д.п.н. Мұхамеджанов Б.Қ., МКТУ имени К.А. Ясауи.

- «Жастардың ұлттық келбетін қалыптастыруда патриоттық тәрбиенің орны» – п.ғ.д., доцент Тәжібаева С.Ғ.

- «Білім беру жүйесінде саулықты сақтау мәселелері» – п.ғ.д., Сангилбаев О.С.

Ғалым профессор Л.К. Керімұлының атындағы дәрісхананың ашылу салтанаты Төле би 31, 2-қабат, 25-дәрісханасында өтті.

«Функционалдық сауаттылықты дамыту – мұғалімнің интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негізі» атты ғылыми-практикалық конференцияның секциялар отырысы өткізілді

**1-секция. Болашақ мұғалімдерді дайындауда білім беру сапасын көтеру, интеллектуалдық материалдық және ақпараттық көздерді пайдаланудың тиімділігін арттыру**

Модератор – Баймолдаев Т.М. п.ғ.д., профессор

Хатшы – Қиясова Б.А., п.ғ.к., доцент

17 мақала оқылды

**2-секция. Қоғамның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы мұғалімнің орны**

Модератор – Берікімбаев К.М.п.ғ.д., профессор

Хатшы – Усенова А.М. оқытушы

22 мақала оқылды

**3-секция. Талапты жастарды кәсіби білімге және ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен айналысуға ынталандыру**

Модератор – Асылханова М.А., п.ғ.к., профессор

Хатшы – Конофеева З.С., доцент

10 мақала оқылды

**4-секция. Болашақ мұғалімдердің әлеуетті мүмкіндіктерін ашу және кәсіби шеберлігін арттыру жолдары**

Модератор – Сангилбаев О.С., п.ғ.д., профессор

Хатшы – Джаксынқаева Ж.Т., оқытушы

12 мақала оқылды

**5-секция. Болашақ мұғалімдерді даярлауда тиімді бағыттардың мүмкіндіктері**

Модератор – Саудабаева Г.С., п.ғ.д., доцент

Хатшы – Абдримова Ф.А., аға оқытушы

10 мақала оқылды

**«ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ – МҰҒАЛІМНІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ»**

*ХАҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Керімов Лазар Керімұлын есте қалдыру мақсатында және білім беруді дамыту мәселелеріне байланысты ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференция жоғарғы деңгейде өткізілді. Конференция материалдары негізінде және келіп түскен ұсыныстар ескертіліп қаулы қабылданды.*

**Информация о событиях в жизни кафедры общей педагогики и психологии психолого-педагогического факультета КазНПУ имени Абая**

На кафедре общей педагогики и психологии 30 ноября 2012 г. состоялась республиканская студенческая научная конференция на тему «Этнопсихология XXI века» по гранту Министерства образования и науки Республики Казахстан по проблеме «Особенности этнического самосознания как фактор профессиональной успешности в условиях высшей школы». На пленарном заседании студенческой конференции выступили с приветствием: зав. каф. общей педагогики и психологии, доктор педагогических наук, профессор Баймолдаев Т.М.; профессор Асылханова М.А., ученые: Тажибаева С.Г., Абишева Ж.А., Акпарова Ж.М. и др. На конференции участвовали 67 студентов из разных городов нашей Республики:

– Евразийский Государственный университет имени Л.Н. Гумилева:

Кенесбай Н.Е. Көне түркі жазбаларындағы табиғат атауларының этнопсихологиялық сипаттамасы.

Рахматуллаева А.Т. Қазақша адам аттарындағы этнопсихоллингвистикалық көріністері.

– Из Карагандинского университета «Болашақ» всего заявки подали 9 студентов, на конференцию приехали и выступили следующие докладчики:

**Шакириянова М.Р.** Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың этностық мәдени сәйкестілігін қалыптастыру.

**Өрікбаева А.Ө., Жанат Н.** Қазақтың ұлттық ойындары.

**Зинал Е.** Қайран қазақ қыздары.

**Шалтаева. Р.Ж., Абдрахман.Т.Е.** Оқушыларға қазақ салт-дәстүрлері арқылы тәрбие берудің рөлі.

**Өрікбаева А.Ө.** Халқымыздың болашағы – текті ұрпақ.

**Кокенова Г.М.** Халықтық педагогика негізінде оқушылардың эстетикалық талғамы арттырудың ерекшеліктері.

**Аскарова А.Б.** Ұлттық мінез-құлық мәдениеті адамгершілік тәрбиесінің айнасы.

**Ермағанбет А.** Ұлттық дәстүрлі мәдениеттің этномәдени білім үрдісіндегі орны.

**Есембекова Қ.Ж.** Отбасындағы ұлттық тәрбие.

– Из **Жетысуйского государственного университета имени И. Жансугурова** участвовал и 11 докладчиков, но наиболее интересными были выступления студентов:

**Бейсетов А.А.** Талдықорған қаласындағы этнос аралық қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері.

**Аманжолулы Г.** Жасөспірімдер арасында әлімжеттіктің алдын-алу жолдары.

Из КазНУ имени аль-Фараби из трех докладов на высоком уровне сообщение сдала студентка 3 курса, факультета «Юриспруденция» Абишева Асем, по теме «Заң психологиясының отбасылық және этникалық мәселесі».

Активное участие приняли студенты Казахского Государственного Женского педагогического университета:

**Манабаева С.Е.** Оқыту технологиясымен инновациялық білім беру жүйесі.

**Әбітаева Г.Б.** Жеке тұлғаны қалыптастырудағы халықтың халықтық педагогиканың рөлі.

Сложно было студентам КазНПУ имени Абая, так как с одной стороны они были вынуждены демонстрировать гостеприимство, с другой стороны очень много было докладчиков с актуальными, творческими, интересными проблемами, с которыми им хотелось поделиться, так например смелые и инновационные были выступления: Абу Айдана, Темирхан Бахытжан, Уалиев У., Кадирбаева Мадина, Турдиева Гузяля, Нургалиева Баян, Алмуратова А., Мурат Назым и др. Особо хочется отметить актуальность проблем, содержательный вклад в исследовательское направление студентов внесли научные руководители в лице: док.псих.наук, профессор Сангилбаев О.С., профессор Асылханова М.А., Абишева Ж.А., Тажибаева С.Г., Куаналиева М.К. и др. Реальную помощь в успешной организации студенческой научной конференции оказали: декан психолого-педагогического факультета, доктор пед. наук, профессор Кенесбаев С.М.; зав. кафедрами Баймолдаев Т.М., Бекмагамбетова Р.К.

Организатор конференции к.п.н., доцент

Абишев Ж.А.